

**«ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ:  
ҰЛТТЫҚ ТАРИХ УАҚЫТЫ  
(ҰЛЫ ДАЛА ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ)»  
АТТЫ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ  
ЖИНАҒЫ**

**«СЕМЬ ГРАНЕЙ ВЕЛИКОЙ  
СТЕПИ: ВРЕМЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ  
ИСТОРИИ»  
(«ЦЕННОСТИ НАРОДОВ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ»)**

**THE SCIENTIFIC AND PRACTICAL  
CONFERENCE DEVOTED TO THE  
«SEVEN FACETS OF THE GREAT  
STEPPE: NATIONAL HISTORY TIME  
(THE VALUES OF THE GREAT STEPPE PEOPLES)»**

Алматы-2019

**ӘӘЖ 80/81 (038)**

**КБЖ 81.2-4**

**Т 49**

**«ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТИ ҚЫРЫ: ҰЛТТЫҚ ТАРИХ УАҚЫ-  
ТЫ (ҰЛЫ ДАЛА ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ)»  
АТТЫ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ  
ЖИНАҒЫ**

**THE SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE  
DEVOTED TO THE «SEVEN FACETS OF THE GREAT  
STEPPE: NATIONAL HISTORY TIME (THE VALUES OF THE  
GREAT STEPPE PEOPLES)»**

**«СЕМЬ ГРАНЕЙ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ: ВРЕМЯ НАЦИОНАЛЬ-  
НОЙ ИСТОРИИ» («ЦЕННОСТИ НАРОДОВ ВЕЛИКОЙ  
СТЕПИ»)**

**Т 49** -Алматы: «Ел-шежіре» ҚҚ., 2019. - 168 бет.

**ISBN 978-601-7558-**

аннотация

**ӘӘЖ 80/81 (038)**

**КБЖ 81.2-4**

**ISBN 978-601-7558-**

© «Ел-шежіре» ҚҚ., 2019

**Ж.О.Артыкбаев,**  
*тарих ғылымдарының докторы, профессор*

## **ҰЛЫ ДАЛА ЖӘНЕ ЕЖЕЛГІ ЗАМАННЫҢ КӨШІ-ҚОНДАРЫ**

Белгілі американдық тарихшысы Самуюэл Крэмэрдін Қос өзен алқабында адамзат баласын тарихындағы мемлекеттіліктің алғаш пайда болуы туралы айта келіп «Тарих- Шумерден басталады» деген қанатты сөзі бар. Ғылыми әдебиетте бұл мемлекеттің негізін қалауға шығыс аймақтардан келіп, халқы сирек Қосөзен алқабының жергілікті тұрғындарын бағындырған қоныс аударушылар әсер еткен делінеді. С.П. Толстовтың айтуынша, шумерліктер Еуразияның далалық халықтарының арасынан шыққан: «...Төменгі Қосөзеннің сумерлік өркениетін құраушылар өз тілдерінде жырақта қалған шығыс байланыстарының белгілерін лексикада да, морфологияда да сақтаған, және ол белгілер алтай тілдерімен, соның ішінде түркілермен нақты байланысады...» (9, 79 б.). Дәл солар Қосөзенге ежелгі металлургия мен жазу өнерінің құпияларын алып келді деген болжам бар.

Шумерлердің Қосөзенге келуімен Месопотамияда мемлекеттілік өмір басталды. Оның негізгі экономикалық күші биліктің жеңі жер иеленушіліктің билеуші әулеттің қолына жиналуымен байланысты болды. Біздің уақытымызға шейін сақталған толып жатқан сына жазулар табличкалары мемлекеттің экономикасында храмдар (ғибадатхана) маңайына топталған шаруашылықтардың күшті болғанын көрсетеді. Патша мемлекеттегі жоғарғы абыздың да міндетін атқарды. Б.з.б. IV соңы мен III мыңжылдықтың басында Қосөзен тер-

риториясында шумерліктер құрған Урук, Киш, Ур т.б. сияқты протомемлекеттер белгілі болды. Бұл көрші мемлекеттердің аймақтағы саяси үстемдік үшін күресу кезеңі болатын. Алғашқы шумерлік басшылардың әскерінің құрамына ауыр қаруланған жаяу әскер мен қарапайым және шабақсыз доңғалығы бар арбалар кірді.

Б.з.б. III мыңжылдықтың аяғында Шумер территориясында бақташы (негізінен қой бағатын) семиттік тайпалар пайда болды, олар шумер мәдениетінің жетістіктері мен игерілген жерлерді белсенді қолданды. Осылайша, тек әлеуметтік өмір ғана емес, сонымен бірге этникалық құрам да күрделене бастайды. Халықтың үш бөлігінің қарым-қатынасы байқалады: шумерге дейінгі, шумерлер және шығыс семиттер (аккадтар). Ақыр соңында семиттер бұл күресте жеңіске жетті.

Б.з.б. II мыңжылдықтың басында /б.з.б. XIX-XVIII ғасырлар жапсарында/ Қосөзенге жаңа мигранттардың толқыны келе бастайды. Солтүстік-шығыс шекаралық аймақтардан Орталық Азиядан шыққан әскери топ касситтер келді. Қосөзеннің оңтүстігі мен батысынан семит малшыларының жаңа толқыны пайда болды (аморейлер). Бұл қарсылықтар аймақтың алдымен біраз уақыттарға әлсіреуіне, кейін күшеюіне әкелді. Осы уақыттарда Бабыл /Вавилон/ ежелгі әкімшілік, саяси орталығы мен ерте әлемнің өзіндік мегаполисі ретінде ерекшелене бастады. Хаммурапидің билігі тұсында (б.з.б. 1792-1750 жж.) Месопатамияда туыстыққа негізделген ескі қауымдық жүйе біржолата бұзылып, күшті әкімшілік, саяси, территориялық тәртібі бар мемлекет пайда болды.

Мемлекеттің орталықтануы биліктің вассалды-иерархиялық пирамиданың институттары арқылы орнықты. Қорытындысында, алғашқы орынға жақсы дайындалған мемлекеттің басқару жүйесі туралы заң алғашқы орынға шықты (Хаммурапи заңдары). Осылайша, шығыстағы алғашқы мемлекеттердің құрылуының жалпылама сипаттары пайда болды: көшпелілер өзінің мемлекет туралы түсініктері мен

әкімшілік саяси жүйесін әкелді, ал отырықшы халықтар осы мемлекеттік байлық көзіне айналған өзінің шаруашылық механизмін қалыптастырды, ал рухани күрес пен қарсы тұру құдайлар пантеонының, жазу өнерінің, ұлы храмдардың және т.б. құндылықтардың пайда болуына әкелді.

Оңтүстік-батыс аймақтарға бағытталған қозғалыстарының барысында Қаратау алқабының бақташы тайпалары Мысыр жұртына дейін жетті. Мысырда Шумердегі сияқты алғашқы мемлекеттер храм шаруашылық қауымдастығы түрінде пайда болды. Алғашқы қауым-мемлекеттер Ніл өзенінің солтүстік жағасында өмірге келді, ал осы аймақтардағы қауымдастықтардың күресі нәтижесінде ежелгі саяси құрылым пайда болды. Жоғарғы Мысыр мал шаруашылығы арқасында осы күресте алдыңғы орындарда көрінді. Перғауындар бірте – бірте сакралды (қасиетті) деген атаққа ие болып, «Күннің баласы» деп атала бастады. Оларға тағзым етудің ерекше ритуалы қалыптасты, жерлеудің культтік дәстүрі пайда болды /Ежелгі Мысырдың ұлы символына айналған үлкен пирамидалар/.

Мысырда Ежелгі патшалықтың заманында әкімшіліктің бір орталықтанған және дамыған жүйесі құрылып, ол ежелгі мысырлық қоғамдық құрылымның ерекше белгілерінің қалыптасуында айтарлықтай қызмет жасады. Мысыр мемлекетінің алғашқы іргетасын қандай халықтардың қалағаны, олардың қай жақтан келгені және қалай аталғаны белгісіз. «Алғашқы қоныстанушылардың қайдан және қашан келгені белгісіз, бұл зерттелмеген сұрақ; мүмкін олар кавказдық тайпалардың арасынан шыққан шығар, бұл жерде мәдениет солтүстіктен оңтүстікке қарай өзен бойымен келді,- деп жазады неміс тарихшысы О. Егер, - Өздерінің мұрагерлік салты қалыптасқан төрелері мен мен құлдары бар жекелеген қауымдар, көп санды округтер осы жердің түпкілікті жергілікті халқын бағындыру салдарынан пайда болды» (3, 9 б.).

Б.з.б. XVIII-XVII ғасырлар тоғысында Мысыр территориясы Орталық Азиядан шыққан гиксос тайпалар әрекет аренасы болды. Гиксостардың алғашқы пайда болуы б.з.б. 2100 жылдармен мерзімделеді, олар 500 жыл бойы Мысырда билік құрды. Дүркін-дүркін олар дала көшпелілерінің жаңа толқындарымен толығып және күшейіп отырды. Гиксостар Мысырды соғысқа арналған екі аяқты арбалармен таныстырды /касситтердің Бабылды бағындырғаны сияқты/. Жылқылар осы уақытқа дейін мысырлықтарға белгілі еді, бірақ екі аяқты арбаларды Солтүстік Африкаға алғаш әкелген осы гиксостар болатын.

Гиксостардың билік етуі алғашқы кезеңдегі бірталай жаугершілік пен кері кетуге қарамастан Мысырдың Шығыстағы ұлы империяға айналуына түрткі болды. Жергілікті тұрғындардың жаңа жаугершілік алдындағы үрейі жайлы ежелгі пергаменттердегі жазулардан көре аламыз. «Абыз Нефертити Ежелгі патшалықтың басшысы Снофрудың сұрағына жауап береді: «Мен өз көргенімді айтамын... Ніл Мысырдың құрғақ жеріне айналар... Азиаттық көшпелілер, шығыста басқа да жаулар пайда болады. Азиаттар Мысырды бекіністің болмауы себепті басып алады. Олар өз малдары үшін су талап етеді».

Тутмос III билік еткен кезеңінде /б.з.б. XV ғасыр басында/ мысырлық әскерлер Азияға 17 рет жорық жасады. Сирия мен Палестинаны бағындырып, оңтүстік жерлерін кеңейтті. Олардың үлкен әскерінің негізін гиксостардан қалған екі аяқты әскери арбалар құрады. Тутмос III жылнамаларында оның Сирияға жасаған жорығы суреттеледі: «Әркімге өзінің жорықта тұратын орыны көрсетілді, аттар бір бірінің соңынан жүрді, ал ұлы мәртебелі Тутмос III Тау құдай сияқты өзінің әскерінің басы болып, қарулармен безендірілген алтын арбада отырды...».

Кейіннен де Мысыр әрқашан өзге династиялардың қол астында болды: б.з.б. X ғасырда Ливиялық әулет /жалдама-

лы әскерлерден шыққан/, кейін VI ғасырларда /б.з.б.525- тен б.з.б. 404-ке дейін/ Ахаменидтік әулет билік құрды, одан соң Мысыр грек провинциясының біріне айналып, эллин мәдениетінің орталығы болды.

Б.з.б. II мыңжылдықтың басында Батыс Азия территориясында Шығыстың ежелгі тарихындағы үлкен орын алатын жаңа мемлекеттер пайда бола бастады. Әңгіме хеттер, ассириялықтар, митанийліктер т.б. жайында және олар құрған мемлекеттер туралы болмақ.

1839 жылы Шарль Тексье Богазкөй маңынан, Алаша күйік ауылының тұсынан хеттердің ескі құрылыстары мен иероглиф жазбаларын тапқанынан ғана ғылымда өзгерістер басталды. Богазкөй қонысының маңындағы төбелер ірі қаланың орыны, ал қала маңындағы жақпар тас (Язылыкая-Жазулықия) суреттерге толы болып шықты. Қиядағы жақпар тастың орта шенінде қазақ жеріндегі Сырлытам ескерткіштері сияқты үлкен көштің суреті бар. Екі жақтан келген адамдар тастың ортасына қарай бір-бірімен кездесіп, мәре-сәре болып жатыр. Ескі қаланың ортаңғы бөлігінде ғасырлар соққысына шыдап келген Нысан- тас бетінде иероглиф жазбалар көрінеді. Алаша-күйік осы қаланың қақпасы екені анықталды, ол жерден екі жағында орасан зор арыстан мүсіні орнатылған қала қақпасы табылды.

Қазба жұмыстарының кезінде Алаша-күйіктегі қақпаның арғы жағынан толып жатқан қала құрылыстарының орыны мен сынған мүсіндер шықты. Осыған байланысты А.Г.Сейс 1879-1780 жылдары Анадолы жерінен табылған көне дәуірдің жәдігерліктерін алғашқы рет Хетт өркениетімен байланыстырып, Месопотамиядан солтүстікке қарайғы орналасқан бүкіл Кіші Азия таулы өлкесі ерекше зерттеле бастады. Мысыр перғауындары Эхнатон мен оның әкесі Аменхотеп III-нің б.з.б. 1370-1348 жылдардағы хат-хабарларының ішінде Хетта патшасынан келген құттықтаулар мен дипломатиялық трактаттар табылды. Кейінірек Богазкөй жерінде 1906 жылы

Гуго Виклер хетта патшаларының мұрағаты саяси және тарихи мазмұндағы мәтіндер, шумер-аккад-хетт сөздігі, жылқы өсіру жайындағы 15 мыңнан астам сына жазулы тақтайшаларға жазылған шығармалар т.б. табылып жарияланды.

Хетта тарихының үш кезеңі болды деп есептеледі: бұл б.з.д. көне 1650-1500, орта-1500-1400, жаңа-1400-1200 жылдар.

Біріншіден, дәстүрлі жылқы өсіруге бағытталған мал шаруашылығы хеттерге мықты әскер құруына түрткі болды және соның арқасында Шығыс Жерорта теңізінің аумағында билік құрып Мысыр шекарасына дейін барды, ал XIV ғасырда Эгей теңізінің шекарасына шейін жетті. Хет патшысы Хатта-Сали Вавилон басшысына хат жіберіп, жылқылар жайлы да ұмытпайды: «менің ағамның елінде сабанға қарағанда жылқылар көп». Хеттік мәдениеттің белгілі ескерткіштерінің бірі «Жылқы бағу жөніндегі трактат». Бұл шығарманы миттанийлік Кикулли /б.з.б. XIV ғасыр/ жазған. Ол сол кезеңде патша сарайында жылқыға жауап беретін бас ат бегі (сейіс, ақташы) болған (5, 138 б).

Екіншіден, хеттер қола құю саласында атақты болды. Батыс Азиядағы темір өндіру хеттерден бастау алады, яғни, хеттер Батыс Азиядағы ежелгі металлургияның негізін қалаушылар десек жарасымды (2, Т.1. 122 б.).

Шығыс өркениетінің алғашқы ірі ошақтарының пайда болуын Еуразиялық құрылық ортасындағы тарихи үдерістермен байланыстырған жөн. Ең алғашқы түрткіні жылқышы тайпалар мекендеген далалық аймақтар жасады. Біздің көзқарасымыз бойынша, бұл мәселе үндіеуропалықтардың атақонысы далалық аймақ емес пе екен деген сұрақпен байланысты.

Үндіеуропалықтардың ата қоныс- ежелгі мекенін іздеуде М.Гимбутас және оның шәкірттері шынайылығы жағынан көш ілгері. Олар ежелгі мекенді шығыс бағытта, Қара теңіздің солтүстік жағалауынан іздеу керек дейді. Бұл аймақ ерте-

дегі жылқышылардың көнежарма (қорғанды/ археологиялық мәдениетінің тарау аймағымен сәйкес келеді. Осы болжам үндіеуропалықтардың аталарының отырықшы-егінші емес, керісінше, бақташылықпен, яғни мал шаруашылығымен айналысқанын көрсетеді. Джерри Бентли М.Гимбутас ұсынысын қолдай отырып: «Үндіеуропа халықтарының ең ертеректегі көшіп-қонуы қиын қоғамдық кезеңдерде, күрделі жағдайда болды, олар сол себепті Еуразияның көптеген аймақтарында жылқыны қолға үйретуге қатысты және оны көлік ретінде пайдалану тәжірибесін таратты»» деп жалпылама айқындама берген (8, с.182). М. Гимбутас болжамы Солтүстік Қара теңіз және Еділ жағалауының энеолиты бойынша материалдармен дәлелденеді. Енді осы сенімді болжамды тек шығыс аймақтардың материалдары, соның ішінде Қазақстан бойынша, толықтыру керек.

Солтүстік Қазақстан аймағында энеолит ескерткіштерінің шоғырының ашылуы осы аймақтағы /одан да тыс жерлерді қоса алғанда/ тарихи-мәдени үдеріске деген жалпы көзқарасты өзгертті. Б.з.б. IV-III мыңжылдықтарға жататын Ботай және басқа да ескерткіштердің ашылуына байланысты. Үндіеуропалық халықтардың энеолит және ерте қола дәуірлерінде Оңтүстік-Шығыс Еуропа мен Анатолияға қоныстануы даланың жауынгер тайпаларының экспансиясы түрінде жүрді. Бұл жылжу және қоныстану перманентті түрде болды деуге негіз бар. Өз отанынан батысқа және оңтүстікке жылжыған үндіеуропалықтар алғашқы кезеңінде шумерлердің қалдықтарын және басқа да елдерді ығыстырып шығарды. Қолайлы және ең маңызды плацдармдарды /маргинальдық аймақтарда/ алған үндіеуропалықтар б.з.б. III мыңжылдықта өздері де отырықшы региондарға басып кіре бастады. Алдыңғы Азияда ерте үндіеуропалықтардың ішінен басымдары миттанилер, хеттер және т.б. болды. Батысқа кеш қозғалған халықтардың арасынан – гот, кельт, балтық және славян топтарын атауға болады, иран және үндіарийлер– шығысқа

беттеді. Үндіеуропалықтардың ежелгі ата қонысы деп Еуразияның сиыр тіліндей ғана далалық аймағын атауға олардың арасындағы жануарлары мен үй өсімдерінің ортақ атаулары сақталған лексика, одан басқа қола металлургиясына және доңғалықты көлікті пайдалануға байланысты терминдер мүмкіндік береді.

Үндіеуропа тайпаларының ата қонысы туралы көптеген зерттеу еңбектер бар. Солардың ішінде «150 жылдам аса уақытта созылған үндіеуропалықтардың ата қонысын іздеген зерттеулер жұрт мойындаған дәлелді концепцияға әлі әкелген жоқ... Дегенмен, ол ата қоныстың табылғанына да дау болмаса керек... күмәнденудің қажеті не, оны барлық жер бетінен іздеді ғой?! Солтүстік полюстен бастап Оңтүстікке, Атлант мұхитынан бастап Тынық мұхитқа дейін. Хронологиялық жағынан да олардың диапазоны тым ретсіз орналас-тырылған – б.з.б. 100000 жылдан бастап- б.з.б. 1600 ж. дейін» Дж.П.Мэллори пікірін ескеру керек (7, 60 б.).

Жалпы үндіеуропалық прототілде кілтті сөздердің бірі жылқыны білдіретін ұқсас сөздер /реку/. Пеку /пегий, пегас/ ұғымының бір тармағы жалпыславяндық ақпараты мол «лошадь» сөзі, семантикалық жағынан ежелгі заманнан бері дала халықтарының ішінде кең тараған далалық «алаша ат» /алаша ат, алашық, алаша, аламан/ сөзінен шыққаны қызықты.

Үндіеуропалық халықтардың орналасуы, Еуропаның және Орталық Азияның барлық жаңа аумақтарын қамтыған, көп кезенді және біртіндеп жүрген үдеріс болды. Шамасы, ең белсенді қоныс аударулар б.з.б. IV соңы – III мыңжылдықтың басын қамтыды, осыдан кейін Ұлы далада бірталай уақыт тыныштық және тұрақтылық орнады. Әлеуметтік тұрғыда бұл тайпалар мен тайпа одақтары сияқты адамдар кооперацияларының нығаюына әкелді. Тайпалар тек қана туыстықпен ғана емес, сонымен бірге территориялық жақындықпен, генеологиялық ортақ түзіліммен, біркелкі шаруашылықпен, диалект және мәдени-тұрмыстық ерекшеліктермен басы бі-

ріккен бірнеше рулық қауымдардан құралады. Онымен бірге күрделі этноәлеуметтік құрылымға негізделген потестарлы биліктің күшейетіні де заңды. Қазақстан аумағында мемлекеттіліктің ерте кезеңде (б.з.б. III мыңжылдықтарда/ пайда болуы туралы қазақ шежірісінде де тұспалдар бар. Шежіре Ұлы даланың мемлекет құру кезеңіне қадам басқан шағы, яғни «ел болу, жұрт болу» туралы баяндайды. Қазақ тарихының ең көне қайнар көзі болып табылатын бұл аңыз тек түркі-моңғол халықтары ғана үшін емес, сонымен бірге үндіеуропалықтардың атасын анықтау үшін де маңызды деректер бар. *«Алаш» ұранына қосылмағанды әкең де болса ұрып жық»,*-деген қанатты сөз мемлекет болудың қағидасы. «Алаш» мемлекеттілік ұраны, мемлекет мүддесіне үшін өзіңнің туған әкең де болса аяма деген мағынада. Бұл тақырыпқа біз әлі де бірнеше рет оралатын боламыз.

### **Әдебиеттер:**

1. Артықбаев Ж.О. Тарих философиясынан лекциялар. Алматы, 2019.
2. Васильев Л.С. История Востока. В 2-х т. - М., 1998.
3. Егер О. Древний мир//Всемирная история. - Т.1. - СПб., 1903.
4. Зайберт В.Ф. Энеолит Урало-Иртышского междуречья. - Петропавловск, 1993.
5. История древнего Востока. /Под ред. В.И. Кузищина. 2-е изд. - М., 1988.
6. Кузьмина Е.Е. Откуда пришли индоарии? (Материальная культура племен андроновской общности и происхождение индоиранцев). - М., 1994.
7. Мэллори Дж.П. Индоевропейские прародины // ВДИ, 1997, - С.31-60.
8. Структуры истории//Время мира. Алманах. Вып.2. Новосибирск, 2001.
9. Толстов С.П. Основные вопросы древней истории Средней Азии //ВДИ, 1938, № 1. - С.176-203.

**Әліпхан Мақсат,**

*М.Әуезов атындағы*

*ОҚМУ Гуманитарлық ғылыми-зерттеу институтының*

*жетекші ғылыми қызметкері,*

*филология ғылымдарының кандидаты, доцент*

## **АБАЙДЫҢ АДАМГЕРШІЛІК ІЛІМІНІҢ ӨЗЕГІ**

Әр нәрсенің өзегіне дейін әуелі оның сыртқы көрінісі, құбылысы (явление) көзге бұрын ілігеді. Ғылыми ізденістің мәні де сол құбылыстан өзегіне қарай дендей алуда. Болмыстың мәні мен өзегі сыртында ғана жарқырап тұрмайды, керісінше көз жетпес, оңайлықпен ой да жетпес түкпірінде «тығылып», жасырынып жатады. Тіпті кейбіреулер мәселенің құбылысын да бар болмыс ретінде білмей, танымай жүреді. Мекемтас ағамыз өзінің ұзақ жылғы ізерлі ізденісі [1] арқылы Абайдағы адамгершілік танымның аты мен затын айқындады. Мұхтар Әуезов «Абай адамгершілікті, моральдық философияны барлық жайдан жоғары қояды» [2. 179] деп, адамгершілік танымның Абай үшін айрықша орны мен сипатын айқындап берсе де, оны арнайы ізденіс нысаны етіп ілгерілей зерттеп кетпеді. Әрине мұның заман мен жағдай, саясат пен идеология және уақыт пен өмір өлшеулілігіне қатысты өзіндік себептері бар. Әйтсе де Абайдың өмірі мен шығармашылығына байланысты мәселенің басым бөлігі М.Әуезовтің тереңдей зерттеп я төбесін көрсетіп кеткен ойларынан бастау алып дамып жататыны анық. Мекемтас ағамыздың өз іргелі зерттеуін «Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары» деп атауы да тегін емес. Бүгінде біз де өз ізденісімізді көбіне осы екі ғалымның ойларынан азық алып, қуат тауып дамытып келеміз.

Бұл мақалада Абайдағы адамгершілік танымның толық

адамнан бастау алып, иманигүлмен шектелетін өзіндік жүйесі жайлы сөз етпекпіз. Мұны білу аса маңызды. Әл-Фараби «Бақыт жолын сілтеу» атты трактатында ақыл-парасат, білу мен әрекет, теория мен практикаға қатысты мынадай ой айтты: «Адамның білуіне тиісті барлық нәрселерді ол жақсы ақыл-парасат арқылы біледі деймін мен. Ақыл-парасаттың екі түрі болады: бірінші түріне тән қасиет тек білу ғана, бірақ әрекет бұған тән емес... Екіншісінің қасиеті білу және әрекет ету болып табылады... Білім мен әрекет тән болған [түрі] – ақырына дейін жеткізіліп аяқтаушы әрекет. Егер бұл нәрселерді білудің қасында әрекет болмаса, онда ол білімде негіз жоқ, қасиет жоқ» [3. 33]. Яғни жақсы-жаман, пайдалы-пайдасыз нәрселерді білудің соңынан жаманынан қашып, асылына асық болатын әрекет жалғаспаса, біліп танудың да құны болмайды. Және біліп алған игілікті де ізгілікті білімді, ақиқатты әртүрлі себеппен өмірлі ете алмау адамның адамшылығына зор сын болады. Мұндай жағдай өмірде біршама жиі ұшырайды: көбіміз орынды, дұрыс, ақиқат жайды жап-жақсы білеміз, бірақ оны орындауға келгенде осалдық, жігерсіздік танытамыз. Әл-Фараби мұндай адамдарды – құл адамдар деп атайды: «Ақыл-естің тілегенін [жасауға] парасаты мен батылдығы жететін есті адамдар болады. Мұндай [адамдарды] біз әдетте, өзінің лайығынша, ерікті адам деп атаймыз... ал тек ақыл-есі ғана жетіп, батылы бармайтындарды жаратылысынан құл адамдар дейміз» [3. 29]. Әйтпесе адамгершілік пен әдептіліктің, жақсылық пен жамандықтың қадір-қасиеті мен олардың нендей нәрсе екенін әркім де біледі, бірақ «ақымақ көп, ақылды аз» дегендей қауымда адамдық пен тазалық қасиетін сақтап, баянды етіп жүретіндер көп емес. Пенделік пен келтелік болмысын танытып, әйтеуір бір тұстан мүлт кетіп жатушылық – адамзат баласының қашанғы қалыпты жағдайы. Шындап келгенде, Абайдың барша туындылары адамзат баласын түрлі-түрлі қателіктен сақтандырып, адамшылық қасиетті жоғалтпауға, сөйтіп адамгершілікті дәріп-

теуге арналады. Мысалы, ақынның «Әсемпаз болма әрнеге» атты өлеңіндегі мына бір екі-ақ жолда төрт түрлі кесек әрекет айтылған және бұл екі тармақтың түйіні – болуы мүмкін қателіктен алдын-ала сақтандыру болады:

Пайданы көрсең, бас ұрып,  
Мақтанды іздеп, қайғы алма [4. 162].

Мұндағы бірінші әрекет – адам баласының пенделікпен, келтелікпен «пайданы көріп» оңай олжаға тап болып тұратын жағдайы. Негізі, обал-сауапты біліп, қиянаттан қашық, жақсылыққа жақын болып жүретін адам еңбексіз келген пайдаға қызықпайды, құнықпайды. Екінші әрекет – еңбексіз табылған осындай пайдаға «құдай беріп қалды ғой» деп «бас ұра» құнығып кетушілік. Үшінші әрекет – оңай, жеңіл жолмен келіп жатқан пайдаға ие бола түсіп мақтан мен мастыққа салыну, судың да сұрауы боларын болжап білмеу. Ал «қайғы алу» - төртінші әрекет әрі алдыңғы айтылған әнтек әрекеттердің қайғылы, қауіпті нәтижесі, яғни қылмысы ашылып әшкереленушілік. Өкінішке орай, мұндай жайсыз жағдай – тұрмыс пен шаруашылық, түрлі кәсіп пен қызмет саласындағы адамдарда жиі бола беретін үйреншікті, қалыпты көрініс. Бұрынғы-соңғы данышпандардың адам баласын соншалық ардақтай, дәріптей жүріп, арасында ақиқатын айтып адамды - айуанға да теңестіріп қоятыны тегін емес. Себебі адам жаратылысы мен болмысында адамшылықтың да, айуандықтың да бастаулары бар.

Мекемтас Мырзахметұлы ағамыз талай жылдар ізденіп жүріп ғылыми айналымға ендірген Абайдың толық адам ілімі – ақын дүниетанымының өзегі болып табылады. Ал ақындағы жалпы адамгершілік танымының тұрғысынан қарағанда бұл толық адам ілімі – Абайдағы аталы танымның, яғни адамгершілік танымның сыртқы қаңқасы, жалпы көрінген құбылысы дер едік. Себебі Абайдың айтуы бойынша, адам баласының толықтығы мен түгелдігі жаратылысы жағынан да, болмысы тұрғысынан да – адамдағы ақыл, қайрат, жүректің бірдей бар болған бірлігінен танылады:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,  
 Сонда толық боласың елден бөлек.  
 Жеке-жеке біреуі жарытпайды,  
 Жол да жоқ жарыместі «жақсы» демек.  
 ...Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,  
 Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек [4. 95].

Шынында да адамның өзіндік жаратылысы мен болмысы аталған үшеуінің бірлігінсіз мүмкін болмайды, яғни адам - жаратылыс ретінде түгел, толық, бүтін болмыс болмайды. «Ақылға сәуле қонбаса, хайуанша жүріп күнелтпек... Малда да бар жан мен тән, ақыл, сезім болмаса» [4. 227] дегендей, ақыл-ойы, санасы жоқ адам – айуан болады. Құр тәнімен күнелткен ақылсыз адамның – айуан екенін Шәкәрім ақын да айтқан. Адам жаратылысының тән мен ақыл және оларға қозғалыс, тіршілік беретін жаннан тұратынын ежелгі ойшыл даналардың бәрі де бір ауыздан түйіндеп кеткен. Адам жаратылысының толықтығын танытатын Абайдағы үш қасиет осы тән, ақыл, жанды ойға оралтады. Әр кезде айтылғанына қарамай бұлар ортақ ақиқатты танытады. Ежелгі даналар мен Абай айтқан бүтіндік пен толықтықты құрайтын үш құрамдас бөлік аздап өзгешелеу аталғанымен, олар - мәні бір нәрселер: тән – қайрат, жан – жүрек, ақыл – ақыл. Тән мен қайраттың бір болатыны – екеуінің бірінсіз екіншісі болмайтын бірліктегі құбылыстар екендігінде. Адам мен айуанда бірдей бола беретін тән мен денеде - қимыл-қозғалыс, күш-қуат, қайрат болады. Яғни қимыл-қозғалыс, күш-қуат, қайраттың шығар көзі, бастауы – тән, дене. Осы материалдық тәніміздің болуы арқылы ғана біз періште емес, ет пен сүйектен жаралған дүनियाуи жаратылыс боламыз. Періште нұрдан, шайтан оттан жаралған делінеді, оларда тән жоқ. Алла да - тәнсіз рухи болмыс. Мұны Абай отыз сегізінші қарасөзінде былайша танытады: «бір ғана құдірет пендеде болған қуат; құдірет - ғылым, ақылдан басқа болатұғын еді, алла тағалада болған құдірет – ғылым һәм рақымет» [5. 141].

Ақынның осы тұжырымында Алла тағала мен адам арасындағы айырмашылық танылған, яғни Алла жоғарыда жазғанымыздай, тәнсіз рухи болмыс, Оның құдіреті мен рақыметі бір ғана рухи болмысынан бастау алады. Өйткені Алла тағала – бір жақты рухи болмыс. Ал адам баласы екі жақты қоспа болмыс, қимыл-қозғалыс, күш-қуат, қайрат – адамның тәнінен шығатын сипаттар болса, ақылы мен ғылымы – біз анықтап білмейтін рухани болмысының жемісі мен нәтижесі. Ал үшінші құрамдас бөлік жан, жүрек болмаса, тіршілік те, тану да болмас еді: «Жә, сен бұл ақылға қайдан ие болдың? Әрине, қайдан келсе де, жан деген нәрсе келді де, сонан соң ие болдың» [5. 123]. Абайдағы Сократ атынан айтылған бұл түйін - діни наным ғана емес, ғылыми таным, асыл ақиқат. Бүгінге дейін жанның нақты не зат екенін айқындаған ешкім болмаса да, ақылмен бірге қимыл-қозғалыс пен тіршіліктің де жан арқылы жүзеге асатынын бұрынғы-соңғы даналардың бәрі де айтқан.

Сөйтіп ақылымыз біздерді айуаннан артық, биік етіп адам атты асыл болмысқа айналдырса, тәніміз (қайрат) бізді періште, шайтаннан бөлекшелеп дүниелік, материалдық жаратылыс етеді. Адамзат баласын дүнияуилік етіп, жан-жануармен жақындастыратын – осы тәніміз бен одан шығатын күш-қайратымыз. Ал жан мен жүрексіз қозғалыс пен тіршілік болмайтынын қайталап айтамыз. Тіпті табиғат, әлемді зерттеумен айналысқан бұрынғы философтар жұлдыз, планеталар секілді аспан денелерін қозғалысқа келтіретін Жаратушы құдіретін – Әлемдік жан деп біледі. Қозғалыс пен тіршіліктен бөлек адамдағы танып білу әрекеті де жан қуаттары арқылы жүзеге асады. Адам баласы Абай жазғандай, жаратылысы жағынан осылайша ақыл, қайрат (тән), жүректің (жанның) бірлігі арқылы толық, түгел болмыс болады. Біз осы тұжырымды әсіресе мән беріп, бекіте тиянақтап айтамыз. Яғни Абайдың толық адам танымы М.Мырзахметұлы ағамыз айқындап тұжырымдағандай, адамгершілік ілімі болумен бірге

адам жаратылысының бір бүтін болмыс болған толықтығы мен түгелдігін де танытады. Ал Абайдағы толық адамның – М.Мырзахметұлы ағамыз зерттеп айқындағанындай ең әуелі адамгершілік ілімі екені талассыз ақиқат.

Толық адам танымының - адамгершілік ілімі екені ақынның отыз сегізінші қарасөзіндегі мына ойынан айқын танылады: «Құдай тағаланың жолы деген жол ниһаятсыз (өлшеусіз) болады. Оның ниһаятына ешкім жетпейді. Бірақ сол жолға жүруді өзіне шарт қылып кім қадам басты, ол таза мұсылман, толық адам делінеді... Не түрлі болса да, я дүниеңнен, я ақылыңнан, я малыңнан ғадаләт, шапағат секілді біреулерге жақсылық тигізбек мақсатың болса, ол жол – құданың жолы» [5. 151]. Адам баласы кемелділік шыңы – Алла жолы – толық адамға ақыл, қайрат, жүректің бірлігі және көмегі, жәрдемімен ғана бет ала алады. Біз әдейі «жете алады» емес, «бет ала алады» деп отырмыз. Себебі Абай айтқандай, «Құдай тағаланың жолы деген жол ниһаятсыз (өлшеусіз) болады. Оның ниһаятына ешкім жетпейді», адамның адамшылығы «сол жолға жүруді өзіне шарт қылып қадам басуда» екен. Абайдың Шығысқа қатынасы мен адамгершілік ілімін Мекемтас Мырзахметұлы ағамыз айқындап танытып, нәтижесінде толымды, жемісті зерттеу жасаған. Ал біздің мақсатымыз жоғарыда жазғанымыздай, ақындағы адамгершілік ілімнің өзегіне қарай жол тартқан желісі мен жүйесін нақтылай ойға оралтып, оны абыройымызды арттырып адам болуда пайдалана білсек деген ниет. Әдетте адамдар көбіне Абай атаған үш қасиеттің екеуімен ғана өмір сүріп, кәсіп етіп жүреді:

Қайрат пен ақыл жол табар,

Қашқанға да қуғанға [4. 162].

Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,

Әуре етеді ішіне қулық сақтап.

Өзіңе сен, өзінді алып шығар

Еңбегің (қайратың) мен ақылың екі жақтап [4. 214].

Шынында да адам кейіпіндегі жаратылыс - ақылы жоқта әлі адам емес. Жан құмары, жан қуаттарымен «ақылға сәуле

қондырып» білмекке ұмтылмаған пенде баласы «хайуанша жүріп күнелтпек» [4. 227] дейді Абай. Ал адамзат баласы «дүние мен ахиретке не пайдалы, не залалды» мен жақсы, жаманды ақылымен танып біліп жүріп өмір сүреді. «Бес дұшпаннан қашық болып, бес асыл іске асық болу» да ақыл арқылы жүзеге асады. Яғни адам баласы Абай айтқандай, қай кезде де «ақыл-мизан, өлшеу қылып» [4. 42] өмір сүруге тиіс. Қайрат пен оның бастауы дене, тәнсіз де адами тіршілік болмайды. Тіпті жоғарыда жазғанымыздай, біздер ақылымызбен бірге тәніміздің болуымен де періште я шайтан болып кетпей, адам болғанбыз. Жаратылысымыз жағынан айуанға жақын біздердің ақылымызбен танып білуіміз ең әуелі тәндегі бес сезім мүшесі (хауаси хамса заһири) арқылы басталады. Ал бұлар – танып білу ғана емес, адам болудың да алғышарты. Абайдың отыз сегізінші қарасөзінде «Махаббат – әуел адамның адамдығы, ғақыл, ғылым деген нәрселербірлән. Мұның табылмақтығына себептер – әуелі һауас сәлим һәм тән саулық» [5. 136] деп, тәннің саулығы мен содан бастау алар сыртқы, ішкі сезім мүшелерін (көру, есту, иіс, дәм, дене сезінулері мен түйсік, қабылдау, ес, қиялдау, ойлау) айрықша атауы тегін емес. Орта ғасыр ақындары мен сопылар тәнді – нәпсінің, жамандықтың бастауы санаса да, Аристотель адам денесі мен тәнін – алғашқы игілік деп білген. Ал әл-Фараби нәпсісі жоқ адамды – ауру деп санаған. Шынында да ұйқысы қашқан, тамаққа деген тәбеті жоғалған, көбеюге қабілетсіз адамды қалайша сау деп білуге болады. Ішсем-жесем, ұйықтасам, көбейсем деп ұмтылу – адам тәнінің табиғи орынды қалауы ғана. Абай жазғандай, бұрынғы даналар да түйіндегендей, «өлшеуін білмек – бір үлкен керек іс. Ойланбақ жақсы, іске тіпті салынып кеткен кісі ойын байлай алмай, қияли болып та кеткені болады. Ішпек, жемек, кимек, күлмек, көңіл көтермек, құшпақ, сүймек, мал жимақ, мансап іздемек, айлалы болмақ, алданбастық – бұл нәрселердің де өлшеуі бар. Өлшеуін асырса, боғы шығады» [5. 162]. Осылай өлшеуін

асырғанда ғана тәннің ішсем-жесем, ұйықтасам, көбейсем деген ұмтылуы игілікті нәрсе болудан қалады да, жаман, жексұрын нәпсіге айналады. Әйтпесе тән Абай айтқандай, жанның қонақ үйі және тәннен шығар қайратсыз «дүниеде еш нәрсе кәмелетке жетпейді» [5. 112].

Сөйтіп адамзат баласы надандық, білімсіздік, арсыздық, әділетсіздік, жалқаулық, еріншектік, қайғы-мұң, жоқшылық, тәжірибесіздік секілді сан түрлі жаманшылық пен кемшіліктен қашып құтыламын десе де, барлық, байлық, қуаныш, білім-ғылым, адамдық, абырой, бақыт сияқты жақсылық атаулының соңынан қуып, оларды иелемін десе де, бұл жолда оларға Абай жазғандай, «қайраты пен ақылы жол тауып» жәрдемдеседі. Қарапайым қызметші, шаруа, жұмысшыдан бастап әкім, министр, Елбасына дейін – бәрі де «еңбегі (қайраты) мен ақылын пайдаланып жұмсаумен кәсіп етеді, өмір сүреді. Қоғам мен мемлекетіміздегі әртүрлі әлеуметтік, туыстық топ өкілдері мен кәсіп, мамандық иелері білім-ғылым, дағды-қабілет, ақыл-ойы мен күш-қуат, қайратын пайдалана жүріп, кәсіптік, азаматтық, адамдық парыз-міндетін ілгерілі-кейінді, жақсылы-жаманды қалыпта атқарумен болады. Ақыл, білім, ғылымы мен күш-қуат, қайраты арқылы еліне игілікті қызмет етіп, абыройлы өмір сүріп жүргендер де баршылық. Әйтсе де адамдар арасындағы қарым-қатынас пен халық, ел қызметінде жүрген үлкенді-кішілі мансап иелерінің тірлігінде тазалық пен адалдық, әділдік пен обал-сауапты білушілік сақтала бермейді. Білім, ғылымның игілігі мен жақсылығы мол, ақылдың да асыл қасиет екені ақиқат. Бірақ өкінішке орай, адам баласы білім, ғылымымен бірге тіпті асыл ақылын да жеке мүддесі мен өресіз қарау ісіне пайдаланып жүретіні бар. Абайдың ғылым атынан «жақсының, жаманның – екеуінің де сүйенгені сен, екеуінің де іздегенін тауып беріп жүрсің, соның жаман» [5. 113] деп, ақыл жайлы сыншыл ойын білдіруі осыдан. Толық адам – Абай армандаған асыл адам. Ал өмір тіршілігі мен қызметі саласында

ақылы мен қайратын ғана пайдаланумен шектеліп, жүректен шығар ар-ұят, әділет-рахымы мен қанағат-ынсабын назардан тыс қалдырып жүретіндерді Абай «жеке-жеке біреуі жарытпайды, жол да жоқ жарыместі «жақсы» демек» деумен жарым адам санайтындай көрінеді. Сөйтіп Абайдың ойынша, адамдардың басым бөлігі тұтынумен тіршілік ететін бұл екі қасиет, яғни ақыл мен қайрат иесін шын мәнінде толық адам ете алмайды.

Қоғам мен мемлекеттегі адамдар білім, ғылымы мен ақылының аздығынан гөрі жүректен шығар ар-ұят, әділет-рахым, қанағат-ынсабының кемдігі мен жоқтығынан көбірек зардап шегеді. Абайдағы толық адам ілімі де осы жүректен шығар қасиеттерге көбірек иек артады:

Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ,  
Тулап, қайнап бір жүрек қылады әлек [4. 95].  
Қайрат пен ақыл жол табар,  
Қашқанға да қуғанға.  
Әділет, шапқат кімде бар,  
Сол жарасар туғанға.  
Бастапқы екеу соңғысыз  
Біте қалса қазаққа,  
Алдың – жалын, артың – мұз,  
Барар едің қай жаққа [4. 162]?

Ашу мен күлкінің астарынан біз қайратты ұққандай боламыз, сонда ақын армандаған толық адам болуда жүректің жауапкершілігі мен үлесі әсіресе мол екені байқалады. Кейінгі өлең де қайрат пен ақылға жүректен шығар қасиеттер (әділет, шапқат) қосылғанда ғана адам болмысы мен өмірі абзал әрі абыройлы боларын танытқан. Ақынның «әділет, шапқат кімде бар, сол жарасар туғанға» деуінен адам болмысының жүректен шығар қасиеттерсіз толық (адамгершілікті) болмайтынын ұғамыз және адам боп туған қай жанға да ақыл мен қайратын жүректен шығар әділет, шапқатымен ұштастыру жарасымды, абзал болмақ дегенді айтады. Мұнсыз тірлік

«алды – жалын, арты – мұз» болып тұйыққа тірелмек, иесі де абыройсыз болмақ. «Пайданы көрсе, бас ұрып, мақтанды іздеп қайғы алатын» адам да – айла мен амалға иек артқан ақылы мен қайратына сеніп, жүректегі ар-ұяты мен қанағатынсабын жоғалтқан осындай бейбақ жан. Ал «ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстаған» толық адамның қаншалық қасиетті жан екені мен адамшылық қалыптың көбіне жүрекпен тиянақталып, бекітілетіні ақын айтқан мына ойдан әсіресе айқын танылады: «Осы үшеуің (ақыл, қайрат, жүрек) бір кісінде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топырағы көзге сүртерлік қасиетті адам сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы» [5. 114].

Сөйтіп Абай армандаған толық адам – «ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстаумен» қалыптасса да, адам болу мен абзал адамгершілік, толық адам - «тән саулық» (қайрат) пен «һауас сәлимнен» басталып, ақыл арқылы жетіле келіп, жүректен шығар қасиеттер арқылы тиянақталып беки түседі. Абайдағы адамгершілік танымның бастапқы көрінген құбылысы - «ақыл, қайрат, жүректі» қамтыған толық адам ілімі болса, оның өзегі мен мәні – «асықтық та – жүрек ісі» дегендей, жүректен шығар махаббат пен сүю және осы сүюмен танылатын иманигүл ілімі.

Махаббатпен жаратқан адамзатты,  
 Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті.  
 Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,  
 Және хақ жолы осы деп әділетті.  
 Осы үш сүю болады имани гүл,  
 Иманның асылы үш деп тахкиқ (анық, айқын, рас) біл.  
 Ойлан дағы, үшеуін таратып бақ,  
 Басты байла жолына, малың түгіл [4. 247].

Абайдың отыз сегізінші қарасөзінің басында «Ықылас бірлән оқып, ұғып алыңыздар, аның үшін махаббатың тола-

ды. Махаббат – әуел адамның адамдығы, ғақыл, ғылым деген нәрселербірлән» [5. 136] деп айтуында терең сыр бар. Бұл – Абайдың бұрынғы-соңғы даналық тарихында адамшылықты сүюмен сабақтастыратын таныммен таныстығын танытады әрі өзі де төл ізденісімен «адамшылықтың алды – махаббат, гаделет сезім» [5. 164] екенін тануға жеткен. Сөйтіп Абайдағы адамгершілік танымның биік шыңы (М.Мырзахметұлы) мен өзегі – сүю, яғни Алла, адамзат және әділетті сүю, үш сүю, имани гүл. Адамшылық та, ақиқат та осы.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мырзахметов М. Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары. Алматы: Ғылым. 1982. – 296 б.
2. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. XX том. Алматы: Жазушы. 1985. – 496 б.
3. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. Алматы: Ғылым. 1975. – 455 б.
4. Абай. Шығармалар жинағы. I том. Алматы: Жазушы. 1986. – 304 б.
5. Абай. Шығармалар жинағы. II том. Алматы: Жазушы. 1986. – 200 б.

З.Муминова

*ТФЗИ-ның кіші ғылыми қызметкері*

## ТҮРКІ – ИСЛАМ СОПЫЛЫҚ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ «ХАДИҚАТ АЛ- АРИФИН»

Түйіндеме

«Хадиқат ал-Арифин» Исхақ бин Исмаил атаның еңбегі. Бұл еңбек он бес бөлімнен тұрады. Еңбекте сопылық дүниетанымы: рух, амал, шайхтық, мурид, зікір, сема, қызмет, ерік, тасаввуф, махабат, мағфират, және мақамдар қамтылған. Еңбек арап, парсы, көне түркі тілдерінде XIV ғасырдың соңғы ширегінде жазылған. Бұл қолжазба өзінің мазмұндық жағынан да, Ясауи мәдениетін тану тұрғысынан да өте өзекті шығарма.

Тірек сөздер: Хадиқат ал-Арифин, Исхақ бин Исмаил ата, Ясауи, тасаввуф, зікір.

Özet

«Hadikatül-Arifin» İshak bin İsmail atanın eseri. Bu eser on beş bölümden oluşmaktadır. Eserde tasavvuf dünyası görüşü: ruh, emel, şeyhlik, mürid, zikir, sema, etkinlik, aşk, mağfiret ve makamlar ele alınmaktadır. Eser Arab, Fars ve Türk dillerinde XIV. yüzyıl sonunda yazılmıştır. Bu eser içerik ve Yesevilik düşüncesi açısından da çok önemli bir eserdir.

Anahtar kelimeler: Hadikat al-Arifin, İshak bin İsmail ata, Yesevi, tasavvuf, zikir.

Аннотация

Произведение «Хадикат аль-Арифин» принадлежит Исхаку бин Исмаил ата. Он состоит из пятнадцати частей. В нас-

тоящем труде рассматривается суфийское мировоззрение и он охватывает такие понятия как душа, благодеяние, шейхство, мюридство, зикр, сема, служение, воля, суфизм, любовь, прощение и макамы. Он написан в конце XIV века на арабском, персидском и старотюркском языках. Настоящая рукопись является актуальным произведением из-за своего содержания, а также с точки зрения понимания культуры Яссави.

Ключевые слова: Хадикат аль-Арифин, Исхак бин Исмаил ата, Яссави, тасаввуф, зикр.

### Abstract

The work “Hadiqat al-Arifin” belongs to Ishaq bin Ismail Ata. It consists of fifteen parts. The present work deals with the Sufi worldview and covers such concepts as soul, benevolence, sheikhood, Muridism, dhikr, sema, worship, will, Sufism, love, farewell and makams. It was written at the end of the XIV century in Arabic, Persian and old Turkic languages. This manuscript is an actual work because of its content, as well as from the point of view of understanding the culture of Yassavi.

Key words: Hadiqat al-Arifin, Ishaq bin Ismail Ata, Yassawi, tasawwuf, dhikr.

Түркі халықтарының ұстазы атанған Қожа Ахмет Ясауидің артында қалдырған өшпес мұралары мен оған қатысты рухани жәдігерлердің еліміздің өткен тарихы мен дүниетанымын танып-білудегі маңызы ерекше. Оның қазақ топырағында қалыптастырған өшпес ұстанымдары арқылы ұлттық болмысымыз айқындалды. Бұл туралы Елбасшысы Н.Ә.Назарбаев Түркістан қаласында ел зиялыларымен басқосуында «Қожа Ахмет Ясауидің хикметтерін қарап отырсаң, ең алдымен, елге бірлік, одан кейін еңбеккерлік керек деген және бір адамның төңірегіне топтассаң, сонда ғана халық боласың, жұрт сыйлайды деген. Бұл қағидалар біздің ұлттық идеологиямызға айналуы керек. Дініміз мұсылман, біздің өз жолымыз бар, өз жолымызға түсу үшін біз осы Қожа Ахмет

Ясауидің іліміне табан тіреуіміз керек» деп, Әзірет Сұлтан мұраларының әлеуетіне әділ бағасын берді [3, 16.].

Иасауийа силсиласы мен мұрасының ең көрнекті іздерінің бірі Исхақ бин Исмаил ата артына «Хадиқат Ал-арифин» атты еңбек қалдырған. «Хадиқат Ал-арифин» сопылық мән-дегі шығарма. Шығармада Аят пен хадистер арабша берілген. Кейбір бөлімдерінде қысқа, кей бөлімдерінде ұзақ өрілген тақырыппен байланысты арабша және парсыша түсіндірмелер келтірілген. Бұл еңбек он бес бөлімнен тұрады. Дәстүрлі түрде Аллаға мадақ айтудан (тахмид) және пайғамбарға салауатпен басталған сөйлемдер арабша баяндалады. Бірінші бетте шығарманың қанша бөлімнен екендігі, бұл бөлімдерде нелер жайлы айтылғандығы, еңбектің жазылу себебі мен қалай жазылғандығы егжей-тегжейлі түсіндірілген. Шығарманың кіріспе бөлігіндегі мәліметтерден түсінікті болғандай, бұл рисала (трактат) Исмаил атаның бағзыда өмір сүрген бұрынғы сопылардың және шайхылардың басынан кешірген маңызды оқиғаларды жинақтауынан құралған. Алла берген шабыттың (илхам) арқасында бұрынғы шайхылардың, құтыттардың, әулиелердің пәрмені және рұқсатының (ижазат) себебінен дүниеге келген. Хз. Пайғамбарға, оның отбасына, сахабаларына, дін ғұламаларына дұға еткен соң, Исмаил кожа еңбектің бөлімдері жайында дерек бере кетеді. Олар туралы жеке-жеке сипаттағаннан кейін, әр бөлімде аттары аталған пайғамбарлардың есімдері, халифалардың аттары, сопылар (мутасавуфлар), мазхаб имамдары және дін ғұламаларын туындының жадынамасында (с.а.с.) ескеріп, шығармада Исмаил атаға қатысты аңыздарға айтарлықтай орын беріп, Ахмет Ясауи мен Исмаил ата есімдерін мәтінде дін ғұламалары ретінде қайта-қайта айрықша мәнде сипаттауға көңіл бөледі.

Бөлімдер рет ретімен, рух, амал, шайх, мүрид, зікір, сема, қызмет, ерік (ирада, сопылық (гасаууф), махаббат, мағрифат, құлшылық, нафиле амал, мақамдар, мейрам түндері жайында айтылған. Яғни «Хадиқат Ал-арифин» жоғарыдағы он бес

бөлімнен тұрады. Кей бөлімдерде фасыл деген тақырып қойылып, басқа оқиғалар жайы да қозғалады. Бөлімдердің мазмұны қарастырылған кезде бұларды да назарға алады. Бірінші бөлім: Бірінші бөлімде рухтар жайында баяндалады. 2b мен 13b парақтары арасында, аяттар мен хадистер аясында рухтардың жаратылысы хақында мәліметтер берілген. Бұл бөлімде он жеті аят және оны сегіз хадис келтірілген. Айрықша үш арабша, екі парсыша өлең жолдары орналасқан. Бөлім адамның жаратылуын түсіндіретін бір аятпен басталады. Есімдері аталған және олар туралы деректер кездесетін пайғамбарлар мен киелі тұлғалар төмендегілер: Шайх Қайсари, Баязид Бистами, Жунайд Бағдади, Ғабдуллаһ ибн Аббас, Әбу Дарда, Хасан бин Сафуан, Әбу Мансұр Матуриди, Әнәс бин Мәлік, әл-Әнбази, Асхаб-и Кәһф. Бұл есімдермен қатар Хз. Мұса, Хз. Нұх және Хз. Дәуіт (ғ.с.) өмірлерінен сыр шертетін де қиссаларға кең орын берілген.

«Хадиқат Ал-арифинде» айтылғандай, Исмаил ата Рамазан айында дүниеге келген. Күндізгі уақытта мүлдем анасының сүтін ембеген. Тек кешке ауыз ашатын мезет келген кезде ғана емген. Таңертеңгілік те сүттен татып алмаған. Отыз күн бойы осылай жалғасқан. Соңғы күні күндіз сүт ішкен. Бұл жағдай анасының назарын аударып, ол осы күннің айт мерекесі екендігін түйсінген. Анасы айналасындағы адамдарды маңына шақырып, олар да бұл оқиғаға куә болған. Исмаил атада осымен қатар басқа да біраз кереметтер көріне бастаған. Мәтінде бұлардың барлығы Исхақ қожа тарапынан жеткізілген. Исмаил атаның бұдан басқа да бірнеше кереметтері болғандығын және бұлардың ұзаққа созылғандығын андатқаннан кейін парсыша бір сөйлеммен бұл оқиғаның қысқаша кейіпте ғана айтылғандығын мәлім еткен. Қолжазбада оның дүниеге келгендігі жайлы былай келтірілген:

«Хазірет пәктер сұлтаны Исмаил ата (р.а.а.) дүниеге келерден бұрын қасиетті Рамазан айы болатын. Анасы (емізу үшін М.З.) көкірегін Исмаил атаның аузына тосты, сөйтсе,

қараңғылық пердесіне жамылмағанша емуден бас тартты. Қараңғылық пердесі жабылып, ауыз ашар уақыты болған кезде, сәресі уақыты болғанға дейін анасын еметін еді. Одан кейін ораза ұстаушылармен бірдей, солар секілді ораза ұстайтын еді. Отыз күн тамам болды. Алла тағаланың бұйрығымен аспанда бір бөлек қаралық пайда болып, нұрлы жаңа туған айдың жүзінде перде болды. Жұрт ымырт кірген кезде көкке қарап, таң қалып күмәнде болды. Сол кезде пәк, зағип мүмін болған Исмаил атаны апарды. Сөйтсе еме бастады. Сонда анасы қасиетті Рамазан айының бітіп, айт күнінің бас-талғанын білді. «Менің бұл ұлы перзентім Рамазан айында дүниеге келді. Күндіз сүт ембейтін. Бүгін сүт емді. Сол себептен айтамын», - деді. Халық оның сөзіне сүйенді. Көп уақыт өтпей-ақ халайық жан-жақтан келіп, айды көргендіктерін білдірді. Алла тағала былай дейді: «*Уа лә тактуму алшаһадата уа ман йактумһа фаһуа әсімун қалбуһ*» [Бақара сүресі, 283-аят]. Яғни, «Күзәлікті (көргендеріңді) жасырмаңдар. Кім оны жасырса жүрегі күнәһар болады.» Бұл кереметтерден хабардар еткеннен кейін тағы да рухтардың жаратылысы төңірегіне ойысады.

Пайғамбар (а.с.) былай дейді: «*Инна Алләһа халақа ал-аруаха қабла ал-ажсәд арба'атаһ әләф санатин*» яғни, мағынасы: «Алла тағала рухты тәннен төрт мың жыл бұрын жаратты». Осыдан, барлық жаратылыс алғашында рух болғандығы мәлім болды. Адамзат аталмыштың рухтарының бастамасы пәк араби Мұхаммед (с.а.с.) болатын. «Алла тағала жаратқандарының ішінде ең алғашқысы менің нұрым болатын». Тағы да пайғамбар (а.с.)нан мына бір риуаят келген: «Алла тағала жаратқандарының ең алғашқысы менің рухым болатын». Және Исхақ қожа (қ.а.с.) былай дейді: «Мұхаммед расул Аллаһ шежіресінің жемісі жаратылыс болатын». Алла тағала былай дейді: «Еегер сен болмасаң, көкті жаратпас ем». Тағы бір риуаятта «жаратылысты» деп келеді. Алғашқы жаратылыс ол (Мұхаммед (с.а.с.) болған. Оның үшін жаратылған.

Барлығы ағашқа ұқсайды, ал пайғамбар ағаштың жемісіне ұқсайды. Ақиқатшылар сол ағаштың тұқымына ұқсас. Исхақ қожа (а.с.) былай деп айтады: «Бұл болмысты жаратудағы мақсат Мұхаммед (с.а.с.)ның нұры болатын».

Яғни Исхақ қожаның шығармасына сүйенсек, жаратылыс сипаты мына кейіпте өрбиді: Алла тағала, алдымен, Мұхаммед (с.а.с.) нұрын, одан әнбиялардың рухтарын, әнбиялардың рухтарынан әулиелердің рухтарын, әулиелердің рухтарынан мүминдердің рухтарын жаратқан. Исхақ қожа да осы төрт ұнсырды біріктіріп, одан заттық (денелер) әлемді жасағандығын келтірген. Бұлардың бәрі де Хз. Пайғамбардың құрметі үшін жаратылған. «Сен болмасаң, бұл әлемді (фәлекті, болмысты) жаратпас едім» деген хадис осы тақырыпқа дәлел ретінде алынған.

«Хадиқат Ал-арифин» бойынша, мүридтің рухы шайхының рухынан; талаптары, тілектері шайхтан тиген сыбаға. Сопы кішіпейіл болуы қажет. Жунейд Бағдадиға сәйкес, өзін иттерден жоғары санаған адаммен сұхбат құруға болмайды. Сынық көңілдің белгісі, көздің жасын төгіп, Құдайға мойынсұнады. Адамға біресе күлетін және біресе жылайтын екі ерекше қасиет берілген. Күлу, бұзықтық (тентектік) белгісі; жылау болса кішіпейілділік белгісі. Қазақ мақал-мәтелдерінде «қалжың – қаннастан, эзіл - эзезілден» дегендегі ой орынсыз күлкінің мастыққа апаратындығын білдіреді. «Хадиқат Ал-арифин» қолжазбасында Алла тағаланың өзінен қорыққан құлдарын, қайғылы жүректерді сүйетіндігі баян етіледі. Аллаға жақын болуды қалаған құлдың пақырлықты таңдаудан басқа лажы жоқ. Пақырлық көңілдің сынықтығы, жүректегі қайғы-мұң, Жаратқан иеге мойынсұну. Алла Асхаб-и Кәхфтің итіне жәннатты лайық көрді. Ол иттің жеткен дәрежесіне қол жеткізудің өзі үлкен еңбекті, үлкен талпынысты, дүниеден баз кешуді қажет етеді. Әйтпесе дін ғұламаларына, ұлықтарына туысқан болу рухани еркіндікке кепіл бола алмайды. Хз. Нұхтың ұлы мен пайғамбардың ұлымын десе де азаптан

құтыла алмаған. «Ұлы менің әулетім» деген Хз. Нұхқа Алла: «Салих амал жасамағандығы үшін ол сенің әулетіңнен емес» деп бұйырды. Тек қана бұрынғы дәуірлерде жасаған ғұламалар қандай жолмен жүрсе, сол жолмен жүргендер ғана Нұх пайғамбардың әулетінен саналады. Әулие мен әнбиялар жүрген жолдан табан аудармай, олардың жасаған істеріне амал етпеген кісіден қиямет күні Алла теріс айналады.

Адамдардың жаратылыс мақсаты туралы мәселені түсіндіретін 51/56 аяты дәлел ретінде көрсетіледі және бұл аят ашықталған кезде ішіп-жеу тақырыбына ойысады. Мәтінге сәйкес, үш мерзімде адам нәпсісіне ұнайтын нәрселерді беру ләзім болады. Біріншісі, бір үйге қонақ болған кезде, екіншісі, бір кісі сенің үйіңе мейман болып түстенген кезде, үшіншісі болса, таңсәриден кеш қоюланғанға дейінгі аралықта ораза тұтқан мезетте. Бұл үш кезден басқа уақытта тоя тамақ жеу харам ретінде есептеледі. Бұдан шүкір, даңқ, рахаттану, қайғы тақырыптарына ауысады. Алланың қайғылы жүректерді сүюі, көңілі сынық ғаріптердің жанында болатындығы хадистерде де айтылған. Алла рахат құшағын аңсаған құлдарын сүймейді. Тағат-ғибадат халінде бір сәт ұйқыға берілген Хз. Дәуіт пайғамбарды жазалап, Хз. Мұса пайғамбарға да Алла тағаланың берген нығметтері үшін үздіксіз шүкіршілік етуге бұйырған.

Тасавуфта дүниеге құштарлыққа орын жоқ. Адамның шама-шарқы келгенше, Алланы зікір етуі және Оған шүкір етуі қажет. Еңбекте аты айтылған Хз. Мұсаның басынан өткен бір хикая арқылы бұл жағдай ең көркем кейіпте баяндалады. Хз. Мұса мен Алла тағаланың арасында сұхбат болады. Хз. Мұса Оның берген нығметтеріне шүкіршілік ету үшін тура жолға салуын сұрайды. Сол кезде Алла тағаладан әуез келеді: «Пәлен қираған жерге бар. Ол қираған жерде менің бір досым бар. Ол жәрдем берсін, - деді. Мұса (а.с.) ол қираған жерге барды. Ол жерде бір өзі келе жатыр еді. Көзі көрмейтін, қолы ұстамайтын, аяғы баспайтын, әрдайым «Ал-хамду лиллāh

’алā жамӯ’и ну’амā’иһи» яғни, «Маған берген барлық нығметі үшін Аллаға шүкір», - деп айтып жатқан бір адамды көрді. Мұса (а.с.): Ассаламу алайкум әй, Уали Алла, - деді. Ол: Уа алайкум ассалам әй, Калим Алла, - деді. Хазірет Мұса: Менің Калим екенімді қайдан білдің? - деп сұрады. Сонда Уали: Сені маған жіберген Зат білдірді, - деді. Мұса (а.с.): Әй, Уали Алла, «Маған берген барлық нығметі үшін Аллаға шүкір», - деп айтасың. Бұл дененде тіліңнен басқасы жоқ. Ендеше қай нығметі үшін шүкірлік қыласың? - деді. Ол Заһид: Әй, Мұса, неге шүкірлік етпейін, көңілімде Алла тағаланың марифаты бар, тілімде Алла тағаланың зікірі бар. Осы екі нығметтен ұлы қандай нығмет бар? Егер мұны да бермесе, не істер едім? - деді. Мұса (а.с.): Әй, Заһид, сенің жағдайыңның мұндай болғанына қанша жыл болды? - деді. Заһид: Бірнеше жыл болды, - деді. Мұса (а.с.): Ешбір үмітің бар ма? - деді. Заһид: Нәпсім бір тамшы сүт қалайды, - деді. Мұса (а.с.) тез барып бір кесе сүт алып келді. Қараса, ол жан беріпті. Мұса (а.с.) таң қалды.

Әй, Алла, Сен оны, Менің досым саған серік болсын, - деп едің. Ол сондай риязат ішінде бір тамшы сүт тілеуімен оны дүниеден оздырдың, - деді. Сонда: Әй Мұса, ал- мауту жисрун йӯсилу ал-хабӯба илā ал-хабӯб яғни, өлім досын досына жеткізетін бір көпір, - деген дауыс келді. Одан кейін Алла тағала аспанға: Әй, аспан! Перделерді көтер! - деп бұйырды. Сол кезде хазірет Мұсаға (а.с.), риязат және мужаһадамен дүниеден өткен Уали Алланың ұжмақ ішінде орнын көруі үкім болды. Ол бір биік көшік ішінде тұр. Басында тәж, белінде алтын белдік. Хор, қасырлар, әр түрлі нығметтер. Мұса (а.с.) мұны көріп шүкір қылды. Әй, Мұса, бұл дүниедегі бейнет оған қандай зиян қылды? - деген үкім келді. Мұса (а.с.) былай дейді: «Бір тілмен Алла тағалаға шүкір қылып және тасбих айтып, осындай дәрежеге жететін болса, сенің болмысың таза, пәк, барлық дене мүшелерің орнында бола тұрып, әрекетінді қыл, рухың дененде тұрған кезінде Алла тағала нені

бұйырса бойұсынып, сен де сол дәрежеге жет».

Дүние діни-сопылық әдебиетте өткінші бір әлем және бір тұрақ ретінде көрсетіледі. Дүние барлық жамандықтар және күнәлар өтетін жер ретінде де сынға ұшырайды. Қожа Ис-хақ та бұл дәстүрге сәйкес, еңбегінде дүниені қатты сынға алады. Авторға сәйкес, екі әлем болады, біреуі үлкен әлем және екіншісі кіші әлем. Шарифатқа сәйкес, кіші әлем дүние, үлкен әлем болса, ақирет, бірақ хақиқатқа сәйкес үлкен әлем ғашық, кіші әлем болса дүние. Басқа бір рауаяттарға сәйкес, үлкен әлем Алланы, кіші әлем ақиқетті тілейді. Тарифатта болса, үлкен әлем көңіл әлемі, кіші әлем нәпсі әлемі. Барлығынан шығатын ортақ қорытынды дүниенің кіші әлем екендігі. Үлкен әлем мен кіші әлем тақырыбы Қожа Ахмет Ясауиге қатысты басқа шығармаларда да аталады. Шайхылар, нәпсінің қалауларының және жаман істердің тәрк етілуін, жасаған күнәларының себебінен қайғылы халге түсуін және еңіреп жылап риязат тартуын, бұларды жасағаннан кейін дәруіштер сұхбатынан табылмауын, шайхылардың әмір еткен жолдан кетпеуін хош көреді.

«Иншалла» сөзінің дәрежесі Хз. Дәуіт пайғамбардың ба-сынан өткен бір аңызбен қатысты түсіндіріледі. Алла бір шексіз болмыс, бір патша. Хз. Дәуіт пайғамбар Аллаға: «Әр патшалардың қазыналары бар. Сенің қазынаң не?» деп сұ-рақ қойған кезде Алла тағала «Менің қазынам иншалла» деп жауап қайтарады. Бұл қазынаның бағасы Ғаршыдан да жо-ғары, періштелерден де көркем, жәннаттан да әдемі, тілегі мағрифат, сема зікірі иман, айы махаббат, күні шауық, бұлты ақыл, жаңбыры рахмет, күндізі қызмет, түні зікір, ағашы ық-тият (сақ болу), жемісі мағрифат, төрт қақпалы, төрт бұрыш-ты бір қазына. Яғни бұл қазына мүминдердің жүрегі. Бұл оқиға «Мират ул-қулуб» кітабында да ұшырасады.

Екінші бөлім: Екінші бөлім, амалдар хақында баяндала-ды. Отыз бір аят пен он алты хадис кездеседі. Бұл бөлімде ат-тары аталған пайғамбарлар мен қасиетті тұлғалар мыналар:

Қағб әл-Ахбар, Малик-и Динар, Яхия Мерви, Абдуллах әл-Әнсари, Жүнейд Бағдади, Шерифуддин Самарқанди, Баязид Бистами, Шайх Әбу әл-Вахид Самарқанди, Әнәс бин Мәлік, Хз. Қызыр, Хз. Мұса, Хз. Дәуіт, Хз. Аюб, Хз. Иса, Хз. Али, Хз. Омар және Шамда өмір сүретін Абдулла атты кісілер.

Қожа Исхаққа келтіргендей, Алланың және пайғамбарларының әмірлеріне ұйымаған, тыйым салғандарынан сақтанбаған біреулер күнәға және нәпсінің тіліне ермеуді дұрыс көрсе, қажы, зекет, ораза, намаз сияқты барлық парыздарды толығымен орындаса да, Алла оларды қабыл етпейді және ол кісінің барлық өмірі босқа кеткендей болады. Ғашықтардың намазы бүкіл болмысын нәпсіден тыю (тәрк-и вужуд). Риякерлердің намазы басқалар тарапынан көрілгендіктен, қабыл болмайды. Малын Алла жолында жұмсағандарға Алла хәзір-нәзір сипатында болады, оның несібесінен әрбір түйірден жеті масақ шығарып, әрбір масақтан жеті жүз түйір дән береді, яғни бір дәннің орнына жеті жүз дән береді. Адамдардың намазы бес уақыттан тұрады. Ғашықтардың намазы болса, әрқашан болады.

Шариғат-тариқатты салыстыру осы бөлімде де алдымыздан шығады. Шариғатта бір дәретпен бес уақыт намаз оқылған кезде тариқатта бір уақыт намазды он рет ғұсыл дәретімен оқылады. Автор бұл жерде көңілдің тазалығына барынша зор назар аударып отыр. Шариғаттың шарты көйлек-жейдені, киімді таза ұстау болса, тариқаттың шарты рухты, жүректі таза ұстау. Шариғаттың тазалығы қол мен аяқты жуу болса, тариқаттың тазалығы іш тазалығы, жаннан кешу. Көйлекті тазалау шариғат, көңілді қараңғылық бұлтынан арылту тариқат. Шариғат үшін есік, тариқат үшін үй болады. Есіксіз үйдің болмайтындығы сияқты шариғатсыз да тариқат болмайды.

Алланың разылығын тілеген және Оның сүйген құлдарының қызметінен табылған кісіге қақпалар айқара ашылады. Бұл жерде көлеңке мен ағаштың хикаясы келтіріледі. Кө-

леңке жылдар бойы басын жерге қоюмен, еш ұзармауымен риязат халін басынан өткереді. Өлшемі, тұлғасы болмайтын көлеңке Аллаға жақын болу үшін осынша азап шексе, ақыл берілген адамдардың бұл турасындағы таласын бір хикаяға сәйкес салыстыру қажет. Пірлер, Алланың сүйген құлдары. Исмаил атаға сәйкес, пір өлік жуушы, мүрид болса өлік сияқты. Мүрид барлық жан-тәнімен піріне тәсілім болуы керек.

Қарапайымдылық тасаууфтың шарттарының бірі. Мәтінде автор, Хаққа ғашық жанның тауазы көрсетуі керектігін айтқан және осы мәселеде от пен қамыстың хикаясын түсіндіреді. Бір қамысқа от түседі және оны өртей бастайды. Қамыс, оттан қандай қылмысы бар екендігін, өзін не үшін жағып жатқандығын сұрайды. От болса: «Сен, мен қамыс-пын деп бойың мен шашағыңа мақтанасың, басқа шөптерге үстемдік етуге талпынасың» дейді. Бұл мысалдан аңдалғандай, ғашықтың басының алда, мойнының иіліңкі болғаны қажет. Жаһилдің басы болса, тәкаппарлықтың кесірінен аспандап кеткен. Топырақ кішіпейілділік көрсетіп қана адамның тәніне айналды, от болса, тәкаппарлықтың себебінен шайтан қалпына түсті. Оттың иісі, шайтанның жүзіндегі қара болып таңбаланған. Рия және кібірдің зиянын, тауазының да жоғарылығын көрсеткен бір хикая келтіріледі: Шамда Абдулла есімді алпыс жыл бір бақтың ішінде түндерін намаз және Құран оқумен, ал күндерін оразамен өткізген және ұзақ-ұзақ көз жасын төккен бір адам бар еді. Қиямет күні келіп, бай мен кедейдің әрқайсысынан есеп алынады. Кезек бұл кісіге келгенде, Алла оның амалдарын сұрайды. Соншама жыл құлшылық еткендігін айтқан адамға Алла оның бір күні намаз оқып тұрғандығын халықтың көргендігін, егер салих амал болса, басқа ешкімге көрсетпеуі керектігін айтып, басқа амалдарын сұрайды. Алпыс жыл Құран оқығандығын айтқан кезде Алла тағала оның бір күні аяғын Құранға қарай созып ұйықтағандығын айтып, және басқа бір амалын айтуын сұрайды. Алпыс жыл ораза тұтқандығын айтқан адамға Алла:

«Бір жерің ауырды төрт рет сүт іштің, бірақ саған халық шәрбат берген кезінде аузың берік екендігін айтып ішпедің, сен білмесең де мен сенің амалдарыңды, ниеттеріңді білемін» дейді. Амалдардың ниетке сәйкес жасалатындығын бұл хикаямен нақтыланады.

Ғашық өз мақшұғының құзырында имамға ұйыған кісі сияқты болуы қажет. Кейбір мақамдарға жету үшін талпыну керек. Алланың жамалына, дидарына қауышу үшін адам пайғамбар да болса, күш-қайратын сарп етуі тиіс. Автор бұл мәселеде Хз. Дәуіттің хикаясын сөз етеді. Хз. Дәуіт Алланың жамалын көргісі келетіндігін айтқан кезде Алла оның аз тамақ жеуі, аз ұйықтауы, денесін бойұсынуға үйретуі қажеттігін, тек осы халде ғана жамалына ұласа алатындығын айтады. Мұратына жету үшін салих амал етуі керек. Кешіру Аллаға тән. Тілегенін кешірет, тілегенін азапқа лайық көреді. Бір күні бір кішкентай бала таң намазынан кейін дұға жасалған кезде, «әмин» дейді. Ол кішкентай баланың әмин дегенінде барлық күнә кешірілді.

Қағб әл-Ахбардың Хз. Мұхаммедтен жеткізген хадисіне сәйкес, мүминді шайтаннан қорғайтын үш қамал бар. Алланы есіне алу, мешітке бару және Құран оқу. Бұл сөзден кейін автор дәруіштер мен байларды (тауангир) салыстырады. Дәруіш пен пақырларды, байлар ретінде саудагерлерді, яғни ауқатты адамдарды атайды. Алланың алдында пақырлардың ұйығаны, дәулет иесі байлардың намаз қылғанынан, дәруіштердің үнсіз отырғаны, тауангирлердің зікір етуінен; дәруіштердің ауыз ашқаны байлардың ораза тұтқанынан да барынша жақсы. Дәруіштерді азаптаған біреу Қағбаны жыққан сияқты болады және мың періштені өлтіргендей обал табады. Пақырлардың байларға үстем тұруы, пақырлардың байлардан жарым күн бұрын жәннатқа кіретіндігі және жарты күннің де бес жүз жыл болатындығын айғақтайтын бір киелі хадиспен көрсетіледі.

Түркі халықтарының мәдениетінде, тіпті тасавуфта түстердің белгілі бір мағынасы бар. Азалы адамдардың қара

жамылу әдетін шығармада көрсетілген мына оқиғадан аңғарамыз: Жүнейд Бағдадидың бір мүридi қара бір киім киіп, мешiтке кiредi. Шайх одан не үшiн қара киім кигендiгiн сұраған кезде, мүрид нәпсiсiн өлтiргенiн, оны өлiмге байлағанын, осы себептен де осылай киiнгендiгiн айтады. Шайх бұл мәселеде нәпсiнiң адам денесiндегi ең үлкен дұшпан екендiгiн және оны өлтiрмейiнше, құлшылықтың құзырының болмайтындығын жеткiзедi. Авторға сәйкес, нәпсiге құлақ салатын кiсiлер залымдар. Залымдар Хаман, Перғауын, Намрудтармен бiрге жаһаннамда бiр тайпа болады және зұлымдықтарының кесiрiнен қарғысқа ұшырайды. Шығарманың жазылған кезiнде жаз күндерiнде қара киім киiп жүру Түркiлердiң ескi бiр дәстүрi болғандығы айтылады. Зерттеушi ғалым Ахмет Талат Онай да «аза тұту киiмi» мәнiндегi Түркiлердiң ескiден аза күндерiнде кейде қара, кейде көк түстi киiмдердi киетiндiгiн жеткiзедi.

Исхақ қожа Қазығұртидың Исмаил атадан, оның Шайх Шарафуддин Самарқандидан риуаят еткен хадисiне сәйкес, ақыр заманда бiрқатар дәруiш кейпiндегi, бiрақ пiрлерiнiң iздерiнен жүрмеген адамдар тек қана риякерлер ғана болады. Бұлардың жерi жаһаннам. Ғалымдарға және шайхтарға қызмет ету және өмiрлерiн олардың әмiрлерi мен тыйымдарына сәйкес құру, сопылықта өте маңызды. Исхақ қожаның жеткiзген хадисiне сәйкес, Хз. Пайғамбар, Мираж түнi көкке көтерiледi. Сансыз перiштелер оттан жасалған шокпарлармен адамдарды ұрып жатқандығын көредi. Бұлардың не екендiгiн сұраған Хз. Пайғамбарға: «Ғалымдардың сөздерiн тыңдамағандар осылай жазаланады» деп жауап бередi.

Автор залымдық пен залымдар хақында мына көзқарасын бiлдiредi: Залымдардың тәубесi және намазы қабыл болмайды. Намаз және оразаның шарты түйiр нанының адал болуы керек. Залымдардың киген киiмдерi мен нандары да адал емес. Харам жеген бiреуi: «Алла» десе, Алла: «Арам менi тiлмен зiкiр етпе!» деп бұйырады. Жәннат, төрт топтағы адам

үшін таласар. Бұл төрт топ мыналар: Құран оқығандар, тілдерін ғайбаттан ұзақ ұстағандар, аш жолаушыны тойдырғандар, сахар уақытында ұйқысын қиғандар. Тәні жаһаннам отынан харам етілген бір топ бар. Күнәлары теңіздегі көбіктерден де артық болса, пайғамбар мен әулиелерге салауат айтқан құлдардың барлық күнәлары кешіріледі және тәндері де жаһаннам отына харам болып саналады. Алла күн сайын бір рет Ясин сүресін оқыған кісінің малына берекет береді және ол құлын қияметте есепке тартылған кезде кешірім етеді.

Исмаил атадан жеткен сөзге қарағанда, дүниеде күн, ай мен жұлдыз кейпінде үш нұр бар. Адамда да өнер, ілім және ақыл сипатында үш нұр бар. Өнер нұры күнге ұқсайды, аз ба, көп пе. Күн күндіз шығады, бірақ өнер нұры түнде де шығады. Күн жәннатта шықпайды, алайда өнер нұры жәннатта да шығады. Ақыл нұры айға ұқсайды. Ай кейде көмескіленер, кейде молаяды. Ілім нұры болса, жұлдызға ұқсайды. Жұлдыздардың кейбірі жымыңдап жарық болып тұрады, кейбіреулері көмескіленіп тұрады.

Адамдардың денесінде төр элемент (ұнсыр) бар. Бұл төрт ұнсырмен анасыр-и арбаға емес, ахлат-и арбаға белгіленеді. Ахлат-и арбаға немесе анасыр-и арбаға аттары айтылмайды, бірақ төрт ұнсыр келтіріледі. Өт, дем, махаббат, қақырық. Шығармада аттары аталған бұл есімдердің себебінен төрт ұнсырдың ахлат-и арбаға болғандығы түсіндіріледі. Мұның мысалы дүниеде де төрт маусым бар. Көктемде ағаштар жасарады, жазда болса, жемістер піседі, күзде жапырақтар төгіледі, қыс кезінде суларға мұз қатады.

Үшінші бөлім: Шайхылықтың баяны жайында өрбитін бұл бөлім де аятпен басталады және аяттан кейін бірден хадис келтіріледі. Алты аят пен жеті хадистен тұрады. Бұл бөлімде аттары аталған пайғамбарлар және басқа да діннің ұлықтары мыналар: Уайс-и Қарани, Шайх Саид Әбу-л Хайр, Ибраһим ата, Сүксүк ата, Зуннун Мысри, Шайх Шақиқ Балқи, Жұнайд Бағдади, Әбу Мұхаммед Жарири, Хз. Әбубәкір, Хз. Мұса,

Хз. Ибраһим. Бұл есімдерден бөлек, Жүніс хан, Қара Лашын, Хита мен Хатем атты кісілердің де басынан өткен хикаяларға орын беріледі. Айрықша «Хуласат-ул Хакайық» атты бір шығарма мен Қара Хасан есімді бір ауыл жайлы айтылады.

Исмаил ата өз дәуіріндегі шайхыларға алдыңғы дәуірлерде өмір сүрген ғұлама және шайхыларды сабақтастырған және мынадай ерекшеліктерін көрсетеді: Халифалар, бұрыннан ғалымдарға және кедейлерге сыяпат көрсетеді, бірақ олар сыйдан басын алып қашады. Автор өз кезеңіндегі ғалым мен пақырлардың дүние нығметтерін арттыру үшін халифалардың, зор мансап иелерінің есіктерінен сығалап жүргендігіне күйзеледі. Алайда әр күнді оразамен, әр түнді намазбен өткізгендердің Хз. Әбубәкір мен Хз. Пайғамбардың иманына ие болатындығы білдірілмейді. Шайх өзіне мүрид болған кісілердің әртүрлі істеріне жауап береді. Мүрид жаман бір амал істесе, қиямет күні ол амалдың есебі шайхтан сұралады. Шайхылар, мүридтерінің барлық қателік пен күнәларының кешірілуі үшін Аллаға күндіз-түні өтініш етеді.

Исхақ қожа Қазығұрти Исмаил атадан риуаят еткендігіне сәйкес, шайхылардың қызметінде және сұхбатында болудың маңызын мына хикаядан көрсетеді. Бір күні біреуді жаһаннамға әкетеді. Ұзақтан бір нұр көрінеді. Оның не екендігін сұрайды. Пәленше деген пірдің нұры деген кезде жаһаннамға кетіп бара жатқан кісі: «Мен ол пірді дүниеде жүрген кезде өзіме дос санаған едім» дейді. Алла бұл сөзді жел арқылы пірдің құлағына жеткізеді. Пір осы үшін Алланың құзырында шапағат етеді және Алла да бұл шапағаттың себебімен жаһаннамдық болған құлды жаннатқа жібереді. Пірдің шапағат етуі даулы мәселе сияқты көрінсе де бір хадисте: «Жамағатымның шайхы Мұхаммед үмбеттерінің арасындағы пайғамбар сияқты» деп айтылған. Шайх Әбу Саид Әбу әл-Хайрға сәйкес, хақиқатты көрсеткен пір ретінде мына үш топтағы адамдарды айтуға болады: Біріншісі, тура жолды іздеп, оны тапқан және мүридтеріне үйреткендер. Екіншісі, мүриді өзі-

нен әдеп үйренетіндей әдеп иесі болған адам. Үшіншісі болса, қылыштай өткір әділ болған кісі. Шайх мүридiнiң жақсы амалдарын өзiнен, мүрид те бұл амалдарды шайхтан аңғара білуі қажет. Керісінше болса, екеуі де сауаптан махрұм қалады. Барлық амалдарымыз Алладан және Алла үшін деп айтылуы қажет. Ибраһим ата біліп жасаған құлшылықтарға мың сауаптың берілетіндігін, ғафыл кейіпте жасаған құлшылықтардың желге ұшқан, босқа кеткен ғибадаттар болғандығын білдіреді. Қиямет күні ғазиздердің тобынан болуды қалаған кісі шайхылардың жолынан табанын аудармау керек, Хз. Пайғамбардың рұқсатын басшылыққа алуы тиіс. Әйтпесе «мен құлмын, үмметпін, мүридпін» және т.б. құрғақ сөз бен дауда мән болмайды.

«Хуласат-ул хақайық»та адамға бәле әкелетін бес нәрсе ретінде мыналар көрсетіледі: Тамақ (тоқшылық) жақсы көру, ұйқыға берілу, рахатқа сүйіспеншілік, малға махаббат, байлық қалауы. Жеп-ішу тілегі, жүрекке қара нүкте түсіреді. Ұйқы өмірді қысқартады және амалдардың азаюына себеп болады. Ұйқыға берілу, ықыластың жоғалуына ұрындырады. Малға махаббат есептің ұзақ болуына және қатаң азапқа жеткізеді. Байлық қалауында болу сауапты жоқ қылады, амалдарды босқа шығарады. Хакимге сәйкес, жүректі өлтіретін төрт нәрсе бар: бос әңгіме айту, ақымақтармен достық құру, көп күлу және шүбәлі тамақты татып алу.

Исхақ қожаның айтуынша, шайх дәрежесіне жету үшін жиырма төрт мақамды бастан өткеру керек. Бұлардың бірі кемшілігі бар адам шайхылыққа лайық емес. Бұл мақамдар мыналар: Ілім, итиқад, ақыл, шайх қалауы және ижазаты, жауапкершілік, мағрифат, химмет, шапағат, хилм, кешірім, хулуқ ул-азим (мәрт мінез), жомарттық, тәуекел, тәсілім, риза, опа, үнсіздік, баян, айбат. Шайхтық үшін бұл жерде жиырма төрт мақам айтылған, бірақ жиырмасының есімі ғана берілген. Басқа төрт мақам жайында ешқандай да мәлімет берілмеген. Шайх бұл жиырма төрт мақаммен қаруланса, шайтан оны да, мүридтерін де жолдан шығару үшін ешбір жол таба

алмайды, шыншыл мұминдер де шайхтың бұл айбатын пана тұтып, мұраттарына жетеді.

Ясауи тариқатында мүридтің шайхыға құрметі ұшан-теңіз болып қалыптасқан. Ясауилің жолындағы сопы Исхақ Ата, Ясауи дәстүріне сәйкес, Қожа Ахмет Ясауидің пікірлеріне мән береді және ұлық пірдің шайхылыққа қатысты көзқарастарын пайдаланған. Қожа Ахмет Ясауи: «Шайх Қызыр сияқты мүрид Мұса сияқты болуы керек» деген болатын. Мүрид шайхтың әр сөзіне, әр әміріне сабыр етіп, басын иеді. Үш күннен артық сабыр сақтамағандармен сұхбатты ұзу керек. Шайхтың сөздеріне құлақ асу керек. Құлақ аспай берген жауап мүридтікке лайық еместігін көрсететін бір айғақ. Зуннун Мысри: «Пірінің есігін күзеткен мүрид, Алланың дәрегейінен жай тапқандай» дейді. Бұл жердегі «есік күзетпек» сөзі шайхқа қызмет ету мағынасына келеді. Исхақ қожа шайхтардың қызметінен және сұхбатынан табылудың маңызын Исмаил атадан риуаят еткен бір хикаясымен көрсетеді: Жүніс хан атты бір кісі бар еді. Исмаил атаның бір кереметін көріп, оның қызметіне кіріскен-тұғын. Ата атына мінген кезде қатты терлейді. Жүніс хан одан неге терге малшынғандығын сұрайды. Сонда ата: «Ніл дариясында көп кісі суға кетті. Әрқайсысы өздерінің пірлерінен көмек сұрады. Араларында біздің де жаранымыз бар еді, бізден медет тіледі. Біз де қайрат қылып, барлық адамды қанды Нілден құтқарып алдық, осының себебінен терге малындық» деп жауап қатады. Жүніс хан үйіне қайтып, барлық бала-шағасын, бүкіл мал-мүлкін Алла жолына жұмсады да, мойнын иіп Атаның алдына келді. Ата оны қарсы алды, қарады және «Қабыл еттік, бірақ малың өзіңде қалсын, бізге өзінді (көңіліңді) бер» деді. Сосын Жүніс хан көп жылдар бойы шайхтың қызметінен табылды. Оған «Оттық Жүніс» деген ат берілді. Қашан шайхтың қасына жайғасып, Алланы зікір етсе болды, аузынан жалын ататын. Жолға түспеген, қызмет етпеген, қырық күн шілдеге кірмеген, риязат тартпаған адам басқаларға жол көрсете алмайды. Әйтпесе өзін де, мүридін де құртып тынады. Шайхтың табан тіреген

мақамы өте қатты назарды және қасиетті қажет етеді. Керісінше болса, өзін де мүридін де отқа жағады.

Автор нағыз дәруіш болуды қалаған кісінің өзін қалай ұстау керектігін мына хикаямен түсіндіреді: «Әбу Мұхаммед бір күні дәргейінің қақпасының алдынан аяқтары жіп-жіңішке, шаштары қырқылған бір жігітті жолықтырады. Ол жігіт дәретін алып, екі рекағат намаз оқиды, басын жағасының тұсымен бірдей етіп, жамағатпен намаз оқиды және қайтадан басын жағасына дейін иеді. Басын жағасына жеткізу мұтауазылық («мойынсұну») нышаны. Сол түні халифа сопыларды қонаққа шақырады. Жігіт: «Менің халифамен еш шаруам жоқ, маған ол керек емес» деп, шақырудан бас тартады. Жарири қонаққа барады. Ол жерде ішіп-жейді. Қайтқан кезінде сол жігітті бұрынғы орнында көреді. Бір сағат сол жерде отырғаннан кейін ұйқысы келіп, ұйықтайды. Хз. Пайғамбарды және оның қасында екі кісіні көреді. Ол екі кісі, Хз. Мұса мен Хз. Ибраһим еді. Хз. Пайғамбар Жаририден теріс айналады. Жарири қатты қорқып, оның себебін сұрайды. Хз. Пайғамбар Жариридің ол жігіт қалаған бір түйір нанды бермегендігін және қонаққа кеткендігін айтып сөгеді. Ұйқыдан оянып, бірден ол дәруішті көруге кетеді, бірақ ол жерде жоқ болып шығады. Артынан қуып жетеді: Бір сағат күт, тілегенінді әкелемін» дейді. Дәруіш Жаририға: «Хз. Пайғамбардың шапағатына ие болмайынша, ол дәруіштің арзуы расталмайды» дейді. Шынайы дәруіш болғысы келетін кісінің осындай күшпен және қызметпен тура жолға кіріп, мақамдарға кіруі қажет.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Құран Кәрим қазақша мағына және түсінігі. Ауд. Халифа Алтай. Медине, 1991.
2. Қайнар көз: Исхāк қожа ибн Исма’ил атā ал-Қазығурти ат-Туркистāни. «Хадикат ал-’арифин». Қолжазба №11838, ӨзР ҒА ШИ. Таш. №3 ф.

3. Исхāк қожа ибн Исма'ил атā ал-Қазығурти ат-Туркистāни. «Хадиқат ал-'āрифин». Қолжазба. ӨзР ҒА ШИ фонд №3, инв. №2851 және ф. №3, инв. № 252
4. Тайғарин С. Төл тарих, Ясауи ілімі, Абай мұралары – біздің ұлттық идеологиямызға айналуы керек // Ана тілі. 18 наурыз, 2011 жыл.
5. Кенжетай Д. Елбасы: Иасауи – біздің Конфуций. // Жас қазақ үні. 28 маусым, 2011 жыл.
6. Кенжетай Д. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008 жыл.
7. Мухаммад Фуад Абдулбақи, «Ал-муъжам ал-муфāх-рис лилалфаз ал-құран ал-карим» (Құран Кәрім сөздері мазмұнының сөздігі). Бейрут – Ливан. Дар ал-фикр 1995 м.
8. Х.К. Баранов, «Арабско-русский словарь». Москва, «Русский язык» 1985 г. ( I-том).
9. Х.К. Баранов, «Арабско-русский словарь». Москва, «Русский язык» 1985 г. (II-том).
10. Академия наук СССР институт востоковедения, «Персидско-русский словарь». Москва, «Советская энциклопедия» 1970 г. ( I-том).
11. Академия наук СССР институт востоковедения, «Персидско-русский словарь». Москва, «Советская энциклопедия» 1970 г. (II-том).
12. Әзірет Султан Қожа Ахмет Ясауи «Көңілдің айнасы» (Миратул Кулуб) дайын. Д. Кенжетай. Анкара, 2000.
13. «Иасауи жолы» Ясауитану ғылыми-зерттеу орталығының рухани-танымдық ғылыми журналы. №1 қазан-қараша. 2004.
14. Бабаджанов Б. Зикр джахр и сама'. Культ святых и суфизм в Средней Азии и на Кавказе/Сост. и отв. ред. Абашин С.Н., Бобровников В.О. – Москва: Восточная литература, 2003.

**Г.Ж.Примкулова**

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ*

*т.ғ.к., доцент*

## **ҚАЗАҚТЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРЛЕРДІ ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ САҚТАУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ**

Қазіргі ғылымда ұлт дәстүрін зерттеу негіздері этностың рухани мәдениетін күрделі жүйе ретінде тұтас қарастырумен байланысты. Этнос өмірінде дәстүр жүйелі түрде қызмет ету тұрғысынан адамзат тіршілігінің тәжірибелі үлгілерін сақтай отырып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, қоғамдық қатынастарды реттеп, мәдениеттің сабақтастығы мен әлеуметтік жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Дәстүрлі мәдениет өзінің аймақтық сипатымен, ерекшелігімен әлеуметтік жүйенің дамуының және қызмет етуінің алғышарты болып келеді. Тәжірибе көрсеткендей әртүрлі этноаймақтарда ұлттық дәстүрдің қайта жаңғыруы, дамуы өзіндік бағыттарда іске асады.

Ұлттық салт-дәстүрлер жүйесі – халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан тәлім-тәрбиесі, моральдық құндылықтар нәтижесі. Осы жүйе арқылы әр бір ұлт өзін, өзінің рухани мәдениетін, мінез-құлқын, психологиясын қадыптастырып, жаңғыртады. Салт-дәстүрлер жүйесінің заңдылықтарын зерттеу қазіргі қоғамның тұғырлы тенденцияларын және өмір салтын түсінуде, ғылыми тұрғыда оны дамытуда, жетілдіруде негіздеме болады. Ұлттық дәстүр біртұтас жүйе ретінде қарастырыла отырып, өзіндік аймақтық, діни, моральдық, отбасы-жанұялық т.б. ерекшеліктерімен сипатталады [6, с. 16].

Рухани мәдениетті қайта жаңғырту процесі салт-жораларды, ана тіл мен музыканы, әдебиетті, өміршең салттарды, эт-

никалық дәстүрлерді білу, түсіну, сақтау және қолдану арқылы ұлттық және рухани мәдениеттің этникалық бірегейлігін сақтауды, ұлттық сананы өзгертуді, ұлттық рухты қалыптастыруды көздейді.

Кез келген этностың рухани және материалдық мәдениетіне әсер ететін негізгі факторларға ұлттық ерекшеліктің сипаты, қоршаған орта – табиғи және географиялық жағдайы әсер ететіді, ұлттық тарих пен мәдениет – елдің әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени жағдайлардың синтезі болып келеді. Сондықтан, біз еліміздің, аймақтың, ауданның, ауылдың және айналадағы жерлердің барлық аймақтарында таралған салт-дәстүрімізді немесе орналасқан ұлттық рухани объектілері мен ескерткіштерді кешенді зерттеу мен зерделеу арқылы біліп, мақтана аламыз.

Қазақ халқының этникалық мәдениетін зерттеу белгілі табиғи аймақта, тарихта, мәдениетте, дәстүрлерге, өнердің діни нанымына, әдеби және басқа да ескерткіштерге әлемдік және ұлттық дамудың ерекше кезеңі болып табылатын және нормативтік құбылыстарға айналған ерекше көзқарас ретінде көрсететін әлеуметтік өлшемге негізделеді.

Ежелден еліміздің аумағында халықтың салт-дәстүрімен қатар, далалық, жазықтық, көшпелі, әскери-демократиялық, ауыл шаруашылық, қалалық өркениеттің түрлері болып бірегей қазақ өркениеті қалыптасқан. Ыңғайлы географиялық орналасуы, бай табиғи байлығы, сауда-керуен жолдары, бірегей дәстүрлі материалдық және рухани мәдениет ерекшелігі қазақ өркениетінің дамуына ықпал еткен. Қазақстан аумағының дала өркениетін зерттеу объектілеріне қазақ этносы тарихындағы, мәдениетіндегі, діни көзқарастарында рухани әлем мен жеке басын бейнелейтін ескерткіштер, символдық мәні бар салт-дәстүрлер мен жоралғылар, елеулі белгілер мен киелі, сакралды орындары жатады.

Дәстүр тұрақтылығы – мәдениетті сақтау әдістерінің бірі болып, оның қатарына бірге құралған бірнеше компоненттер

жиынтығы жатады. Сонымен қатар, қазіргі таңда дәстүрді сақтау және тарату механизмі ғылыми тұрғыда сауатты зерттеуді қажет етеді. Дәстүрдің әлеуметтік, көркемдік мәдени қабаттарын аймақтық, ұлттық, кәсіби-салалық формада өз қызметіне және жаратылысына қарай сәйкестендіру маңызды. Бұл бағытта дәстүрді сақтау үрдісі мәдениеттің ұлттық нақышта этникалық сипатын нығайту арқылы, тасымалдаушы ретінде болашақ ұрпақты дәстүрге бейімдеуге ықпал етеді. Бұл механизм дәстүрді зерттеу мен жаңғыртуды, оның дәстүрлі элементтеріне жаңа компоненттерді біріктіруді, күнделікті өмір салтында дәстүрдің кейбір өміршең бөліктерін қолдануды көздейді. Өкініштісі, дәстүрді зерттеу мен жаңғырту механизмі басым және жасанды түрде фольклор, көркемдік сипатта салт-дәстүрді көрсету, мұражай экспонаттары арқылы іске асады [8, с. 63].

Күнделікті өмір салтында дәстүрдің кейбір бөліктерін қолдану тұрмыс-тіршілік барлық салаларында жаңа компоненттермен ұштасып, әсіресе күнделікті ауызша сөйлеу, әдеттер арқылы көрініс табады. Дәстүрді өзгерменген, өзгеріске ұшырамаған түрде сақтап қалу қиын процес.

Қарастырып отырған мәселеге байланысты қазақтардың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, көптеген халықтарда сияқты, бірнеше жүйелі бөліктерден тұрады. Мысалы, ғасырлар сынынан өткен дәстүр үлгілері қазіргі жаңа тұрғын үй құрылысын жүргізуге мүмкіндік береді. Дәстүрдің жаңа компоненттермен толығып, ұштасу процесін анық байқауға болады. Қазақтар арасында үй құрылысын жүргізуде асарды жасау дәстүрі көрші елдерде сияқты, тамырымен терең тарихқа кетеді. Оған шартты түрде көмек ретінде жақын туыстары, руластары, көршілері мен бір ауылда тұратындарды шақырған. Ол күш сабан кірпішті құю, қабырға қалау, үй төбесін жабу кезінде, жалпы көп адамды қажет ететін жұмыстарды жүргізу кезінде пайдаланылады. Осындай дәстүр Орта Азия республикаларының халықтарында да кеңінен тараған [3, с. 156; 5, с. 111; 7, с. 47].

Асарды көп жағдайда үлкен күш пен көп қолды қажет ететін ауыр жұмыс атқарылғанда жақындарының немесе көрші-қолаңдардың, ал соңғы кезде көптеген жағдайда жора-жолдастарының көрсеткен көмектері арқылы жүргізеді. Мысалы, жол салу, арық қазу және арық тазалау. Мұндай дәстүрлі көмек өрт, су тасқыны, жер сілкінісі сияқты табиғи апаттар кезінде туыстары немесе ауылдастары үйінен, шаруашылық құрылыстарынан, малынан айырылғанда жиі қолданылған. Асар жасайтын жұмыс иелері бір күнді белгілеп, ақылдасып, алдын ала көмектесушілерді шақырады. Көмекке келген асаршыларға ақы төленбейді. Жұмыс иелері жұмысшыларға жақсылап дастарқан жайып, құрметпен қызмет көрсетеді. Асарға келген адамдарға қойды құрбандыққа шалып, дәмді тағамдар пісіріліп, құран оқылған. Бұндай асар бір-бірін сыйлауды, жанашырлықты, бірлікті, туысқандықты, достықты білдіреді. Әйелдер жағы асаршыларға ас дайындайды. Дастарқан басында әңгіме-думан құрып, жасалған істің нәтижесіне баға беріп, ән айтылады. Асарға жас балаларда қатысады. Үлкендер оларға жеңіл-желпі жұмыстарды тапсырады. “Жұмыла көтерген жүк жеңіл” демекші қазақ халқы, осындай асар туысқандар мен жора-жолдастар арасындағы қарым-қатынасты нығайтады.

Соңғы кезде асарлатып көмек көрсету дәстүрі әйелдер арасында да ұйымдастырылады. Көптеген жағдайда мұндай асар ұзатылған қыздың киімін және көрпе-төсегін жасауға арналады. Үйдің жақын абысындары мен келіндері, құдағилары, көрші әйелдері жиналып, көрпе мен көрпеше көктеп, жастық тігіп, қызға арнап алған ыдыстар мен киімдерін қарап, жасауын реттейді. Жұмыстың соңында шай, тамақ ұйымдастырылып, әйелдер қыздың жасауына өз ақыл-кеңестерін, пікірлерін айтып кетеді.

Дәстүр тұрақтылығы көп қырлы мәселе болып, өз құрамына жанұя мүшелерінің жыныс және жасаралық ерекшеліктеріне, жанұядағы жағдайына, әлеуметтік т.б. аспектілерге

байланысты салт-дәстүрлерді қамтиды. Бұл салт-дәстүрлер киім жүйесінде жалпы түрде ғана емес, сонымен қатар, оның жеке немесе құрамдас бөліктерін, әшекей бұйымдары мен қорғау қызметін атқаратын белгілер арқылы сипатталады. Қазіргі таңда халық арасында үкі қанаттары қадалған алуан түрлі тіл-көзден сақтайтын бойтұмарлар мен қара-ақ көзмоншақтар, Құран сүрелері жазылған тері қаптапаларға салынған тұмарлар кеңінен қолданылады. Сонымен бірге, аталған тіл-көзден қорғайтын заттарды, әсіресе тұмар мен көзмоншақтарды бесіктегі, кіші, мектеп жасындағы балалар ғана емес, ересек балалар да тағады, жұқа былғарыға қапталған тұмарларды мойынға, ал көзмоншақтарды жүзік, білезік түрінде тағады.

Күнделікті өмір салтында дәстүрдің кейбір өміршең бөліктерін қолдану үрдісін қайтыс болған адамның киімдерін тарату, тәбәрік тарату дәстүрі және оның құрметіне жыртқыс үйлестіруде байқауға болады. Оңтүстік аймақ мысалында алғанда, өлген адамның киімдерін жақындарына және сүйекке түскендерге үйлестіру кең орын алады – сырт киімдері, костюмдері, бас киімі, аяқ киімі т.б. Ежелгі салт-дәстүр бойынша жаназаға немесе жетісіне қатысқан туыстары мен басқа да ру өкілдеріне ата жолы салтын өткізеді [4, с. 74]. Ол бойынша көп жасаған қарт абыройлы адамның киімдерін, шапанын, мата жыртқысын жақын туыстары мен құда-жекжатқа, жаназасына келген көпшілікке таратады. Жасы ұлғайған, жүзге келіп немесе сол жасқа жақындап өлген қарттардың тірі кездерінде тұтынған заттарын да тәбәрік деп бөлісіп алады. Ол бізге де жұғысты болсын немесе бізде сондай жасқа жете берейік деген тілекті білдіреді. Тәбәрікке әжелердің жиған зергерлік бұйымдары, киген киімдері, аталардың қамшылары, ер тоқымы, бас киімдері және жеке тұтынған заттары жатады.

Қайтыс болған адамды қабірге, зиратқа жерлеген кезде, оның жасы мен жыныс ерекшелігіне қарамастан барлық қа-

тысқан адамдарға дәстүрлі жыртыс таратылады. Ол үшін бет орамалдар, қол орамалдар, сонымен қатар мата жыртысы (пүліш, барқыт) үлестіріледі. Бұл дәстүр өлген адам жағынан рахымдылық, құрбандық символын білдіреді [4, с. 79]. Мата жыртысын алдын-ала жыртып дайындап, жаназаға, жеті күндік асына, бейсенбілігіне келгендерге таратады.

Қазақтарда қазіргі уақытқа дейін біртұтас салт-дәстүрлер мен наным-сенімдердің кешеніне, оның ішінде ғұрыптық тағам түрлеріне ерекше көңіл бөлінеді. Оларды төрт категорияға бөліп көрсетуге болады: достық немесе туыстықты білдіру іс-әрекеттері; достық пен туыстық қарым-қатынастарды қалыптастыру іс-әрекеттері; ризашылық және тілектестік ниетін білдіру іс-әрекеттері; қорғаныс және сақтандыру іс-әрекеттері. Ас жеудің, тамақтанудың алдында немесе сол кезеңде арнайы әдет-ғұрыптар, халықтық дәстүр және шарифат шарттарына сай болады. Міндетті түрде “Бісмілләні” айтқаннан кейін тағамды жеуге кіріседі. Бұл қағида “айтылмай желінген ас адал емес, арам, ұшындырады деп есептелінеді” [1, 79 б.].

Дәстүр ретінде сақталып келген “соғымға” құдалар, туыстар, жақын достар, көршілер шақырылады. Соғымға шақыру кезінде адамдардың санына қарай ет асылады, сыйлы табак жасалады. Қазіргі кезде туыстарға, жолдастары мен жаңа қоңсыларына дәм татқызу дәстүріне айналып кеткен. Осы категорияға да қайтыс болған құда-жекжат пен ағайындардың туыстарын, жас жұбайлары мен олардың бауырларын қонаққа шақыру дәстүрі жатады.

Сыбаға беру халқымыздың бірін-бірі сыйлағанын білдіретін кәделердің бірі. Жиын тойға келмеген қадірлі қонақтарына, жақын туыстарына немесе соғым сойғанда арнайы жақындарына бөлінген мүшелерді сыбаға дейді. Оны не шикідей не піскен еттен, дәмді тағамдардан, тәттілерден береді. Қара шаңырақтағы жасы үлкен жақындарына мүшелі етті арнайы атап беріп жібереді. Берілген сыбаға оларды ескеріп,

сыйлағандықтарын білдіреді. Қазақтарда туған-туыстың бір-біріне сәлемдеме беріп жіберу сыйластықтың белгісі ретінде түсіндіріледі. Ұзақ уақыт бойы көріспеген алыстағы ағайындарға туыстары сәлемдеме ретінде сыйлықтармен қатар соғымнан сақталған етті, шайға тәттілер береді.

Сақталып келген дәстүрлер қатарына аруақтарға табынуға байланысты тағам жүйесіндегі тиымдар мен ырымдар жатады. Ауылды жерлерде әлі де келеңсіз жағдайларға ұшырамау үшін сойылған малдың белгілі бір мүшесін жеуге байланысты тиымдар сақталады. Мысалы, ата-аналары тірі жастар мен балаларға малдың бас сүйегін ұстауға болмайды. Қазақтар арасында әлі де аруақтардың қорғайтын және сақтайтын күшіне сеніп, оларға табынушылықпен байланысты сенімдер сақталуда. Аруақтарды еске алуға байланысты жыл бойы әр бейсенбі немесе жұма күндері, Құрбан, Рамазан айттар алдында құрбандық шелпектер мен бауырсақ пісіріліп, иіс шығарады. Бұл дәстүр ежелгілер қатарына жатпай, отқа май құюмен байланысып, мағыналары бір болып келеді: аруақтарға тие берсін деп, олардан қолдау тілейді [2, с. 33].

Этникалық мәдениет құндылықтарын зерттеудің әлеуметтік-мәдени қызметі мен мәні ерекше. Ол арқылы жеке адамның сана-сезіміне ықпал етуде, ұрпақтар сабақтастығын жалғастыруда тарихи дәуір, салт-дәстүр, мәдениет пен тұлғалар бейнесін көрсетуде маңызды.

### **Әдебиеттер:**

1.Абдуллина А.Т. Современные этнокультурные процессы в среде сельского населения Жетысу: Автореферат дисс. ... канд. ист. наук. – Алматы, 1997. – 25с.

2.Абрамзон С.М. Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи. – Л.: Наука, 1971. – 403 с.

3.Абрамзон С.М., Антипина К.И., Махова Е.Н., Сулейманов Д. Быт колхозников киргизских селений Дархан и Чичкан // Труды НЭ АНССР. – Т. 37. – М., 1958. – С. 3-272.

4. Ажигали С.Е. Религиозность и обрядность сельчан Казахстана в ближайшей ретроспективе: Жетысу, середина 80-х // Обычай и обряды казахов в прошлом и настоящем. Сборник статей. – Алматы, 2001. – С. 35-96.

5. Аттакуров С. Кыргыз этнографиясы. – Бишкек: Кыргыз ун-ти, 1998. – 200 с.

6. Брижатова С.Б. Формирование культурной среды средствами культурно-просветительных учреждений. Автореферат дисс. ... канд. пед. наук/. -Московский гос. ин-т культуры. 1991. -16 с.

7. Писарчик А.К. Жилище // Таджики Каратегина и Дарбаза. – Душанбе, 1970. – Вып.2. – С. 19-115.

8. Ромах О.В. Национальные традиции: механизмы сохранения и трансляции // Современные наукоемкие технологии. – 2007. – № 4. – С. 63-64.

**Түйін.** *Этникалық мәдениеттің дәстүрлі элементтері, жекелеген бөліктері ұзақ сақталады. Оларды этникалық көрініс қасиеттері арқылы зерттеу өте маңызды. Бұл заттар мен құбылыстар кәсіби мамандарға өзгермегендігімен ғана емес, тұрғындардың өзіне қатыстылығы мен пайдалылығымен де көкейтесті. Бұл тұрғыда, маңызды аспектілердің біріне этностың тарихи-этнографиялық аймақтар шеңберінде ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтау ғана емес, сонымен қатар олардың этникалық дәстүріне байланысты отбасылардың материалдық-қаржылық мүмкіндігіне, діни наным-сеніміне және әдет-ғұрыптарға т.б. факторларға тәуелділігін анықтау да жатады. Этникалық мәдениет бөліктерінің ерекшеліктері қазақ этносы шоғырланып орналасқан Оңтүстік Қазақстан, Жетісу, Батыс және Шығыс Қазақстанның көпшілік өңірлері мен аудандарында жақсы байқалады.*

## **ПРОБЛЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ И СОХРАНЕНИЯ НАЦИОНАЛЬНЫХ ТРАДИЦИИ В ЭТНИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЕ КАЗАХОВ**

Аннотация. Традиционные элементы этнической культуры, особенно некоторые из них, сохраняются долго. Их изучение важно через призму этнических свойств, которые имеют устойчивую тенденцию сохранения, как в целом, так и в отдельных ее компонентах. Эти предметы и явления интересны профессиональным исследователям не сами по себе, как нечто застывшее или неизменное, а в их отношении и полезности к самим индивидам. Одним из важных аспектов представляется на наш взгляд не только выяснение сходств и различий конкретно взятого этноса в рамках одной или нескольких историко-этнографических областей, но и их зависимость от этнических традиций, от материально-финансовых возможностей семьи, от религиозных верований и обрядов и т.д. В таких регионах, как Южный Казахстан, Жетысу, Западный и Восточный Казахстан в духовной, религиозной жизни, общественном быте, семейно-брачных отношениях и т.д в наибольшей степени сохранились этнические черты.

## **PROBLEMS OF STUDYING AND PRESERVING THE NATIONAL TRADITIONS IN THE ETHNIC CUL- TURE OF THE KAZAKHS**

Abstract. Traditional elements of ethnic culture, especially some of them, persist for a long time. Their study is important through the prism of ethnic properties, which have a steady tendency to preserve, both in general and in its individual components. These objects and phenomena are interesting to professional researchers not by themselves, as something frozen or unchanging, but in their attitude and usefulness to the individuals themselves. In our opinion, one of the important aspects is not only to clarify the similarities and differences of a particular ethnos within one or several historical and ethnographic areas, but also their dependence

on ethnic In such regions as South Kazakhstan, Zhetysu, Western and Eastern Kazakhstan in the spiritual, religious life, social life, family and marriage relations, etc., ethnic features are preserved to the greatest extent.

### **KAZAKLARIN ETNİK KÜLTÜRÜNDE ULUSAL GELENEKLERİ ÖĞRENME VE KORUMA SORUNLARI**

Özet. Etnik kültürün geleneksel unsurları, özellikle bazıları uzun süre devam ediyor. Çalışmaları, hem genel olarak hem de bireysel bileşenlerinde sürekli bir eğilim gösteren etnik özelliklerin prizması yoluyla önemlidir. Bu nesnelere ve fenomenlere, profesyonel araştırmacılara kendileri tarafından değil, donmuş veya değişmeyen bir şey olarak değil, bireylerin kendilerine karşı tutumları ve kullanışlılığı açısından ilginçtir. Bizce önemli yönlerinden biri, bir veya birkaç tarihi ve etnografik alanlar içinde, ama aynı zamanda manevi, dini hayat, sosyal hayat, aile ve evlilik ilişkileri, vb Güney Kazakistan, Zhetysu, Batı ve Doğu Kazakistan gibi bölgelerde etnik bağımlılığını belirli bir etnos arasındaki benzerlik ve farklılıkları açıklamak için değil sadece., etnik özellikler büyük ölçüde korunur.

**Құдасов Сейсенба,**

*SILKWAY халықаралық университеті*

*Түркология FЗО-ның жетекшісі*

## **ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ОҢТҮСТІК КАВКАЗДАҒЫ ІЗДЕРІ**

Қазақстанның тұңғыш Президенті Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің Қазақстанның әлемдік өркениеттегі орнын анықтауға арналған «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақаласында: «Тіпті, қазақтың кейбір ру-тайпаларының атаулары «қазақ» этнонимінен талай ғасыр бұрын белгілі болған. Осының өзі біздің ұлттық тарихымыздың көкжиегі бұған дейін айтылып жүрген кезеңнен тым әріде жатқанын айғақтайды. Еуропацентристік көзқарас сақтар мен ғұндар және басқа да бүгінгі түркі халықтарының арғы бабалары саналатын этностық топтар біздің ұлтымыздың тарихи этногенезінің ажырамас бөлшегі болғаны туралы бұлтартпас фактілерді көруге мүмкіндік берген жоқ» - деп, Қазақстан тарихшыларының алдына жаңа міндеттер қойған болатын.

Түркі халықтары мен Оңтүстік Кавказдың тарихи-мәдени байланыстарының тамыры тереңге тартады. Ол жерлерде көне дәуір сақтарынан бастап, ғұндардың, хазарлардың, оғыздар мен қыпшақтардың іздері тайға таңба басқандай сайрап жатыр.

Шығысында Ертістен бастап, батысында Дунайға дейінгі Ұлы дала ортағасырларда Дешт-и Қыпшақ аталып, оның тұрғындары айналасындағы алыс-жақын елдермен түрлі қарым-қатынастарда болғаны мәлім. Оңтүстік Кавказға, одан әрі Иран, Араб елдеріне түркі тайпалары Каспи теңізінің оңтүстігімен де, солтүстігімен де өтіп отырған. Стратегиялық

жағынан ыңғайлы Оңтүстік Кавказ аумағы ғасырлар бойы түрлі соғыстардың алаңы болып қана қоймай, мәдениеттердің де тоғысқан аумағы болды.

Қазақ ұлтын құраған ру-тайпалардың көне замандардан бастап кешегі орта ғасырларға дейін, ат тұяғы жеткен дүниенің төрт бұрышындағы елдермен түрлі қарым-қатынастарда болған, ол елдердің тарихында, тілінде іздерін қалдырған.

Қыпшақ әскерлерінің араласуымен Давид IV патша, оның ұрпақтары Грузияға ұзақ жылдар құзыретін жүргізеді, жау қолында кеткен жерлерін қайтарады. Қыпшақтар мемлекеттің ішкі-сыртқы билігіне араласады, пәрменді лауазым тұтқаларын ұстайды.

Давид патша 45 мың үйлі қыпшақты қазіргі Арменияның Дилижан өлкесінен бастау алып, Грузия және Әзербайжан жерімен өтетін Ағыстафа өзенінің аңғарына орналастырғаны мәлім. Өзеннің бұл аңғарында аталған үш ел де шектесіп жатқанымен, негізгі бөлігі Әзербайжанның Қазақ ауданына қарасты. Осы аумақта XV ғасырда Қазақ хандығы құрылған.

**Х.Ю. Миннегулов.**

*доктор филологических наук, профессор КФУ*

## **ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ ЛИТЕРАТУРЫ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ В ТАТАРСТАНЕ<sup>1</sup>**

### *Аннотация*

В статье (докладе) профессора Казанского федерального университета Хатипа Юсуповича Миннегулова освещается история изучения литературы Золотой Орды в Татарстане, рассматриваются ведущие авторы и их труды, высказываются мысли и соображения о характере тюрко-татарской письменной культуры XIII-XV вв., о ее традициях в последующей татарской духовной жизни.

### *Ключевые слова:*

Золотая Орда (Улус Джучи), XIII-XV вв., тюрко-татарское словесное искусство, межлитературные взаимосвязи, переводы, вопросы наследственности, традиции.

**H. Y. Minnegulov,**

*PhD, professor at KFU*

## **HISTORY IN LITERATURE STUDIES OF THE GOLDEN HORDE IN TATARSTAN**

### *Abstract*

The article (report) by Kazan Federal University professor Hatip Yusupovich Minnegulov highlights the history in literature studies of the Golden Horde in Tatarstan and reviews leading

<sup>1</sup> Доклад на Международной конференции, посвященной Золотой Орде (г. Туркестан, Международный казахско-турецкий университет им. Х.А.Ясави, 20 ноября 2019 г.)

authors and their works. The author reflects on the nature of the Turkic-Tatar written culture of the 13th – 15th centuries and its traditions in the subsequent Tatar spiritual life.

*Key words:*

Golden Horde (Ulug Ulus), the 13th – 15th centuries, Turkic-Tatar verbal art, inter-literary relationships, translations, questions of heredity, traditions.

Как известно, в некоторых источниках и трудах, особенно на картах, составленных средневековыми европейскими авторами, по отношению к восточноевропейским и азиатским народам (особенно Поволжья и Приуралья, Сибири и их территорий) употребляется слово «Тартария»<sup>1</sup> Но этот термин слишком общий. Поэтому название «Тартария» пока оставляем в стороне. Берем реальное, всем знакомое слово «Татарстан». Но при этом заранее оговариваемся, что и это название в нашей статье употребляется в некоторой степени условно. Почему? Потому что, во-первых, древние и средневековые государства, непосредственно относящиеся к истории и судьбе современных татар и их предков, в основном, носили другие названия (Хазарский каганат, Волжская Булгария, Дешти-Кыпчак, Золотая Орда, Большая Орда, Казанское, Астраханское, Сибирское, Касимовское, Крымское ханства, Нугайская Орда). Во-вторых, Татарская республика образована лишь в 1920 году. Как известно, исторической родиной татар являются огромные евразийские территории, в частности Поволжье и Урал (Идель-йорт), Западная Сибирь, т. е. основные территории Золотой Орды (Улуса Джучи) и средневековых татарских ханств. При образовании СССР подавляющее большинство народов и их исторические земли вошли в состав национальных республик. Но, к великому сожалению, на долю татар такое счастье на выпало. Проекты

<sup>1</sup> Президент России В.В. Путин по случаю 80-летия дня рождения первому президенту Татарстана М. Ш.Шаймиеву подарил карту «Tartaria».

«Штат Идель-Урал», «Татаро-Башкирская республика» и др. были отвергнуты Кремлем. По решению Москвы Татарская республика была создана лишь на клочке огромных исторических земель этого народа, где оказалась лишь менее одной четверти всех татар, не говоря уже об астраханских, оренбургских, челябинских, пермских, уральских, сибирских татарах, которые являются исконно коренными жителями этих краев (а не диаспорой!). Даже граничащие с ТАССР татарские населенные пункты Симбирской, Самарской, Оренбургской, Вятской, Уфимской губерний остались вне этой национальной республики. Следует напомнить, что почти треть населения (приблизительно 1,5 млн.) Башкортостана составляют татары. Более полумиллиона наших соплеменников проживает в Московском регионе. Все эти обстоятельства придают относительную условность в использовании названия «Татарстан». В данной статье мы, в первую очередь, подразумеваем авторов — татар, работающих в области исследования тематики Улуса Джучи.

\* \* \*

Основу словесного искусства Золотой Орды составляют древнетюркская литература, особенно сочинения Юсуфа Баласагуни, Ахмеда Ясави, Сулеймана Бақыргани, а также стихотворный роман Кул Гали «Кыйссаи Йусуф», фольклор. Это — с одной стороны. С другой — оно интенсивно и творчески использовало опыт и достижения богатой арабо-персидской письменной культуры.

Литература Улуса Джучи считается одним из важнейших периодов нашей многовековой словесности. Основные ее сочинения «Кыйссаи Рабгузи» (1310), «Нахдж — аль-фарadis» (1358) Махмуда Булгари, «Джумджума султан» (1369) Хисама Кятиба, «Кисекбаш» и другие памятники непрерывно читались нашим народом, многократно переписывались, позднее — печатались. Татарский письменный литературный

язык дотукаевского и даже дооктябрьского периода — это, в основном, язык Кул Гали, Кутба, Махмуда Булгари, Хисама Кятиба, Саифа Сарай. Традиции литературы Золотой Орды были успешно продолжены в творчестве Мухаммедьяра (1497—1549), Мавля Кулыя (XVII), Габдрахима Утыз Имяни (1754—1834), Шамсуддина Заки (1821—1865), Габдулжаббара Кандали (1797—1860), Акмуллы (1831—1895), Дэрденда (1859—1921). Габдуллы Тукая (1886—1913) и других последующих татарских авторов. В частности, Т. Ялчыгол в своей широко распространенной книге «Рисалаи Газиза» (1806) обильно использует материалы из сочинения Рабгузи. В наследии татарского ученого-энциклопедиста К. Насыри, особенно в его «Книге воспитания» («Тәрбия китабы»), много сюжетов, примеров из литературы Золотой Орды. Дэрденд написал свое известное рубаи «Рисунок» («Рәсем») на основе бейта из «Мухаббатнаме» (1353) Хорезми.

Творческие личности, просветители при соприкосновении с письменными памятниками Улуса Джучи, наверное, в той или иной степени размышляли и об их художественных особенностях, об их авторах. Например, некий поэт конца XIV в. в стихотворной форме высоко оценивает творчество С. Сарай, особенно его поэтический стиль. Но, к сожалению, такие факты пока почти неизвестны.

Со второй половины XVIII века, особенно в XIX столетии усиливается значительный интерес к истории и духовному наследию прошлого, в том числе и к золотоордынской тематике. В Казанских типографиях, немного позднее в татарских издательствах Оренбурга, Уфы и некоторых других городов печатаются многие татарские, тюркоязычные, арabo-персидские сочинения, в том числе и произведения золотоордынских авторов. Например, в издательстве Казанского университета в 1846, 1859, 1872 годах публикуются «Кисекбаш», «Кыйссасел-анбия», «Джумджума султан», которые впоследствии имели множество переизданий. Ш. Мард-

жани, К. Насыри, особенно Р. Фахруддин (1859—1936) в своих книгах в тесной связи с историей и культурой тюрко-татар, арабо-персидской цивилизацией освещают многие аспекты Улуса Джучи: приводят сведения о жизни и деятельности некоторых авторов, размышляют о духовной жизни прошедших эпох, предлагают читателям отдельные примеры из письменной литературы. Очерки Р. Фахруддина о ханах Золотой Орды вызывают интерес и в наши дни. Журнал «Шура», издававшийся в 1908—1918 в Оренбурге (главный редактор — Ризаэддин Фахруддин), является как бы уникальной, многопрофильной энциклопедией татарского и некоторых других народов.

В капитальных трудах по истории татарской литературы Г. Газиза, Г. Рахима, Г. Саади, изданных в Казани в 1920-е годы, имеются и сведения о некоторых сочинениях периода Улуса Джучи. Но, к сожалению, успешное начинание этих и некоторых других ученых испытывало притеснения со стороны официальных властей. Атеистическая пропаганда, борьба против «национализма» нанесли большой вред татарскому народу: были уничтожены или запрещены многие письменные памятники прошлого, ликвидировано большое число писателей, ученых, религиозных и общественных деятелей. Замена арабской графики (использованной нашим народом более тысячи лет), на латиницу и вскоре на кириллицу была страшным ударом на преемственности памяти народа, воспринималась как сжигание мостов между прошлым и настоящим. Как и в царское время, так и при советской власти официальное отношение к Золотой Орде было резко негативным. Она часто преподносилась как источник всех бедствий для русского и некоторых других народов. Искаженно освещались история и происхождение нашего народа, выпячивался лишь его болгарский компонент. Золотая Орда, ее история, словесное искусство (особенно — дастан «Идегей») стали запретной темой для татар. Но, несмотря на всякие

Қолжазбаның үшінші нұсқасы «Әзірет Сұлтан» мұражайының жазба ескерткіштер қорында сақталған. Бұл қолжазбаны мұражай қорына 2010 жылы шілде айында Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш ауданынан бір ақсақал әкеліп тапсырған. Мұражайдың берген тіркеу нөмірі КК 3704. Кітаптың аталуы «Бустан ул-мухиббин», авторы Шайх Худайдад ибн Таш-Мухаммад ал-Бухари. Алайда бұл үшінші қолжазбада кітаптың аты, авторы және мазмұны жазылған алғашқы үш-төрт беті мүлдем ашып оқуға келмейтіндей жабысып қалған. Қолжазбаны көшірушінің де аты белгісіз. Көшірілген жылы 1237/1821жж., бетінің ұзындығы мен ені: 17,5x11,5см., мәтіннің ұзындығы мен ені – 13x7см. Әр бетте 15 қатар жазу бар, жазу түрі «настағлик». Аталмыш қолжазба кітаптың мазмұнының жартысынан, яғни «5б» беттен басталып, «279б» беттен аяқталады.

Қазіргі таңда шайх Худайдадтың бұл шығармасына жоғарыда айтылған екі қолжазбаның негізінде дайындалған кітап пен үшінші қолжазба бойынша зерттеу жұмыстары жүріп жатыр. Бұл өз кезегінде аталмыш еңбекпен жұмыс жасауға өте көп пайдасын тигізуде. Алдымен үшінші қолжазбаның мүлдем жабысып қалған парақтары (2а-5b) мен су тиіп, оңып кеткен беттеріндегі жекелеген сөздер мен сөйлемдерді оқып, толықтырып (34а, 35b, 91а, 103b, 104а, т.б. бб.), үшінші қолжазбаның электрондық нұсқасын жазып бітірдік. Үшінші қолжазбаның алдыңғы екі қолжазбадан, яғни қолжазбаның негізінде баспадан шыққан кітаптан тұтастай мағыналық жағынан еш өзгешілігі жоқ. Әдеттегі көшіру барысында кеткен қателіктер, бірлі-екілі қалып қалған сөздер, өте сирек жағдайда қалып қойған сөйлемдер кездеседі.

Жалпы шағатайша, түркі жазылғанда мағынасы да, оқылуы да бірдей, бірақ екі түрлі жазылған сөздер өте көп. Бірінші, оқушы мәтіндегі кейбір сөздерді мағынасына қарай харе-

келерді өзіп қойып оқып отырса, келесі кітаптағы мәтіндегі дәл сол сөзді дайын тұрған (ا، ی، و) әріптерімен оқып кете береді. Мысалы:

تورور - تورور، بياننده - بياننده، المآغه - المآغه، ييار - ييار، قيب - قيب  
яғни: «труп – туруп», «бәйаннде – бәйанинде», «алмқға – алмақға», «ипар – иапар», «қилб – қилиб» деп жазылулары екі түрлі болғанымен оқылулары екінші жазылған түрдегідей бірдей. Мысалы осындай жазылуы екі түрлі болғанымен оқылуы бір «ң» әріпін беруде де бір кітапта дифтонг «нг»мен берсе, бір кітапта «нк»мен береді. Мысалы:

انينگ - انينگ، كونگل - كونگل، قيلمادينگ - قيلمادينگ  
«Унинг – уинк», кунгл – кункл», «қилмадинг – қилмадинк. Тағы осындай түркі, шағатайда «ғ» немесе «қ» әрпінің қайсысымен жазылса да мағынасы да, сөздің жазылуы да қате болмайтын сөздер қаф (ق) және ғайн (غ) әріптерімен екі кітапта екі түрлі беріліп отырады.

Мысалы:

توتغان - توتغان، قايىقان - قايىقان، اسمانده غى - اسمانده غى  
«Тутған – тутқан», «қайтқан – қайтған» «асмандақи – асмандеғи». Үшінші «асмандеғи» сөзін «асмандағи» деп те оқыса қате болмайды. «Барыс», «жатыс» септіктерінде келетін мәтіннің ішіндегі көптеген сөздер бірінде осылай «غ» «ه» деп «е» әріпімен келсе, бірінде «ا» «ا»، «كا»، «گا» деп «әліп» яғни «а» әрпімен келеді. Дәл осылай «тиб – диб», «тиган – диган» деп екі мәтінде екі түрлі жазылғанымен мағынасы өзгермейтін сөздер жетерлік. Сондай-ақ «дур – туруп», «бирле – бирлан» секілді мағынасы еш ауыспайтын, өзгермейтін сөздер екі мәтінде ауысып келіп отырады. Сондықтан да екі қол жазбаның негізінде басылып шыққан кітап пен қолжазбаны салыстыру барысында мұндай мағынасы өзгермейтін сөздерді бөліп көрсетпедік. Тек мағынасы екі түрлі болып келген, қате кеткен сөздерді ғана салыстырып бердік. Себебі онсызда екі қол жазбаны салыстыру барысында жақшаларға толған кітап үш қолжазбаны салыстырып кел-

тіргенде мүлдем жақшадан көз ашпайтындай жағдайға жеткізді. Кітаптың ішіндегі екі қолжазбаны салыстырулар бірі дөңгелек, бірі қиғаш жақшалармен берілгендіктен кітаптағы мәтінді кесінді жақшаға, қолжазбадағы мәтінді садақ жақжаларға алдық.

Шығарманың құрылымы: Мазмұны, кіріспе, негізгі бөлім және ауқымды түйіндемеден тұрады. Мазмұны – 2006 жылғы баспадан шыққан кітап бойынша [1, 37-43], үшінші қолжазба бойынша [2,8b]. Кіріспе – 2006 жылғы баспадан шыққан кітап бойынша [1, 43-45], үшінші қолжазба бойынша [2, 8b-10b]. Негізгі бөлім – 2006 жылғы баспадан шыққан кітап бойынша [1, 45-144], қолжазба бойынша [2, 10b-111b]. Түйіндеме – 2006 жылғы баспадан шыққан кітап бойынша [1, 144-327], қолжазба бойынша [2, 111b-279b] арасындағы беттерді қамтыған.

Негізгі бөлім екі бөлімнен тұрады: Біріншісі 10 фаслдан (бөлім), екіншісі 20 баптан тұрады. Бұл 10 фасл мен 20 бапта автор мүридтердің әдебтерін баяндадық деп көрсеткен [1, 144; 2, 111b]. Ол он фасл «Құдай мен құлдың арасындағы шымылдық», «Сопының ұстанымдары», «Махаббат пен кәуіптің пайдасы», «Аллаға жалғану», «Тариқат намазы», «Тариқат және хақиқат оразасы», «Тариқат зекеті», «Тариқат қажылығы», «Мүридтердің әдебі» және «Теріс ой тұжырымы» атты тақырыптардан тұрады. Ал онан кейінгі жиырма бап «тәубе», «зуһд», «тажрид», «әһлі сунна уа әл-жамағаттың ақидасы», «тақуалық», «сабыр», «мужаһида», «ерлік», «жомарттық және сараңдық», «шыншылдық», «пайдалы ғылым», «толық ақыл», «көркем мінез-құлық», «мүридтің шайхының еркіне мойынсұнуы», «Істерді Аллаға сеніп тапсыру» секілді басқа да сопылыққа тән жанрдағы тақырыптарды қамтыған.

Түйіндемесі бірнеше жеке тараудан тұрады: байанатлар (баяндаулар), фаслдар (бөлімдер), раддийалар (терістемелер). Автор байанаттарды (баяндаулар) екі бапқа бөледі: Бірінші бабын «Жаратушы және халықпен сұхбаттың әдебі,

этикеті» деп атаса, екінші бапты «Халықпен сұхбат әдебі» деп айтады. Және ол әдепті «ауам мен хас», яғни қарапайым момыннан айрықша, ерен момындарға дейінгі жалпы момындардың әдебі дейді. Жаратушымен сұхбаттың әдебін «әдабу фиғли» (амал жасау әдебі) және «әдабу қаули» (тілмен орындалатын әдеп) деп екіге бөледі. Және ол екеуінде тағы да «әдабу фиғли даими» (ұдайы амал жасайтын әдебі), «әдабу фиғли мууаққат» (арнайы, белгілі бір уақыттарда амал жасайтын әдептер), «әдабу қаули даими» (тілмен ұдайы орындалатын әдептер), «әдабу қаули мууаққат» (тілмен белгілі бір уақыттарда орындалатын әдептер) деп екіге бөлген [1, 144-154; 2, 111b-121b]. Байанаттың (баяндау) «Халықпен сұхбат әдебі» деген екінші бабында автор: «Біліндер, ей, достар! Екінші бап халайықпен сұхбаттасудың баянынан тұрады. Бұлар қырық тайпадан тұрады: 10-ы оның өзінен жоғары мәртебедегі жамағат, 10-ы өзінен төмендегілер, 10-ы өзімен парпарлар, 10-ы өзіне қарсы жыныстағы тайпалар. Бұл бап әр түрлі төрт топтан тұрады. Бұл төрт тайпаның әрқайсысымен жақсы қатынаста болу лазым», – дейді [2, 121b-122b]. Яғни мұнда адамзаттың ең ардақтысы Нәби ғаләйһи әс-сәламнан бастап төртінші өзіне қарсы келетін жамағатқа кіретін жәндіктердің өзімен де қатынасын түзеуді, дұрыстауды, әрқайсысына тән әдептілік көрсетуді баяндайды. [1, 154-183; 2, 121b-148a]

Түйіндемеде келетін фаслдар да бірнеше тақырыптан тұрады. Әуелгі бөлімде мешіттің әдептері, екінші бөлімде мешіттің мұстахабтары, үшінші бөлімде мешіттің ішінде тажуиз, яғни рұқсат етілген нәрселер, төртінші бөлімде мешітте мәкруһ болған нәрселер, бесінші мешітте харам болған нәрселер баяндалады [1, 183-201; 2, 148b-167a]. Бес уақыт намаз бен таһажжуд намазының әдептері де әр қайсысы жеке-жеке бөлім болып дайындалған [1, 201-221; 2, 148b-185a]. Бұл бес уақыт намаз бен таһажжуд намазының әдептерін баяндайтын бөлімнен кейін автор қылуәтке енушілердің әдептерін жіті

баяндаған. Онда «Қылуетке ену екі қысым: бірі заһир қылуеті, бірі батин қылуеті, яғни тариқат қылуеті» деп әрбірін жеке-жеке бөлім етіп қарастырады [1, 221-233; 2, 185а-196а]. Жоғарыда айтылған бөлімдерден кейінгі жеті бөлім зікір ғибадатына арналады. Ол бөлімдер «Заһир және батин зікірі», «Зікірдің түрлері», «Зікірдің сауабы мен дәрежесі», «Алқа зікірінің артықшылығы және ерекшелігі», «Хақиқи зікірдің нышаны», «Ара және һу зікірінің баяны», «Кұдайдың махаббаты мен ышығы – ара зікірінің жемісі» дейтін тақырыптардан тұрады [1, 233-263; 2, 196а-224б].

Түйіндеменің соңғы тарауында «Маса‘ил-и мутафаррика-и мухимма», яғни «Маңызды түрлі тартысты мәселелер» дейтін тақырыппен келетін раддийалар (терістемелер) баяндалады [1, 263-327; 2, 224б-279б]. Негізінен, мұнда сопылық ғұрыптардың сипаттамалары мен шарифаттық негіздемелеріне, сонымен қатар, автордың өмір сүрген кезіндегі пікірталастардың негізгі пәніне айналған әр түрлі даулы мәселелерді қозғайды. Шайх Худайдад осы шығармасында «Шарифат пен тариқат бабында бұл мәселелерді баяндау лазым және уәжіп...» деп [1, 40] [2, 5б], қырыққа жуық маңызды деп таныған мәселелерді дәлелдерімен қарастырған. Және ол дәлелдерінің барлығын дерлік шығарманың арапша блогында келтірген. Маңызды түрлі тартысты мәселелерінің ішінде қазіргі таңда да дау болып жатқан проблемаларды көре аламыз. Мысалы автор «маңызды түрлі мәселе деп қарастырған» бөлімдердің ішінде: «Дұға жасағанда қолын көкірегінің тұсына дейін көтеріп жайып тұру керек, содан соң жүзін сипау керек, дәлелі бар», – дейді [1, 277]. Және оның дәлелін мәтіннің арапша блогында «Жамиғ ул-фатауа», «Минһаж ул-ғамал», «Жамиғ ул-мутафарриқат», «Хашия-ту шаһан» секілді кітаптарға сілтеме жасау арқылы берген. Сондай-ақ «Әһлі салихтардың қабірлерін тәуәп қылу дұрыс. Бұл мәселелер мүжтаһидтердің «Әш-Шуғба» деген кітабында бар», «Фатауи суфияттың» алпыс екінші бабында:

«Мұсылманның қабіріне құрмет етсе қабыл болады және тәуап қылу ұлық әмірлердің бірінен екеніне шәк жоқ...», – деп келтіреді, [1, 287-288].

«Бустан ул-мухиббин» түркі және арап тілдерінде жазылған. Бұдан бөлек, кейбір арапша бөлімдерінде жалпы мағынасына нұқсан келтірмейтін парсы тіліндегі сөздер мен пікірлер кірітілген. Кейде, автор, кейбір сұрақтарды, түркі және арапшамен қатар парсы тілінде де келтіреді .

Мәтіннің арапша блогының қысқаша сараптамасына тоқталып өтелік. Олар, әдетте, түркіше блогынан кейін келтіріліп, негіздемесінің мына түрдегі қарапайым формуласымен басталады: *سندھ هذا*

Яғни автор қайсы бір негіздемелерінің заңға сәйкестігін дәлелдеу мақсатында Құран аяттары мен хадиске жиі сілтеме жасайды. Бабажанов пен Қадырова екі қолжазбаның электрондық нұсқасын жасау барысында мәтіннің ішінде келетін Құран аяттарының жанына, жақша ішінде, тиісті сүрелер мен аяттарға дәлме-дәл сілтемелер жасап отырған, мысалы: (2:257) .

Мәтіннің арапша бөлімдерінде автор, сонымен қатар, пайғамбарлар өмірінен келтірілген қиссаларға, тұтастай шығармалардан алынған басқа да тарихи тұлғалардың сөздеріне сілтемелер жасайды. Алайда түркіше блогында сілтеменің авторларының орнына мынадай қарапайым фразаларды өте көп қолданады: «Ұлылар айтады», «әһлу тариқат айтады», әһлу мағрифат айтады, «хукәмалар айтады», «ғұламалар айтады», «әһлу арифтер айтады», «әһлі азиздер айтады», «әһлу суфийелер айтады» т.с.с. Сондай-ақ сілтеменің авторының орнына «сахибу Фатауа әл-Хужжат айтурлар», сахибу Таузиhi әл-фиқһи уа әл-ирадат айтурлар», яғни «Фатауа әл-Хужжаттың авторы айтады», «Таузиhi әл-фиқһи уа әл-ирадаттың авторы айтады» деп өзінің қандай бағалы, құнды шығармаларға сүйенгенін де көрсетеді. Жалпы шайх Худайдад Ташмухаммад әл-Бухари осы еңбегінің барысында жетпіске

жуық түрлі жанрдағы кітапты келтіреді. Өзбекстандық зерттеуші бауырларымыз ол кітаптар мен авторлары турасында: «Правдо автор нередко заимствует свою информацию из других источников, которые следует изучить отдельно. Однако бросается в глаза то, что Шайх Худайдад почти не приводит каких-либо сведений о братстве, его знаменитых шайхах. Он редко ссылается на местных суфийских авторов и почти совершенно не ссылается на известную до него Йасавийскую литературу, вышедшую из под пера местных авторов. Ведь до него были написаны довольно известные в его время йасавийские сочинения, как «Ламахат мин нафахат эл-куде» Алим шайха «завершено 1626г.), или скажем, наиболее близкий ко времени жизни автора «Хужжат эз-закирин» Маулана Мухаммад-Шарифа (в 1699г.). И, напротив, ссылки на литературу (особенно на раннюю), написанную за пределами Маваранахра (и суфийскую и в области фикха) используются автором весьма часто. Такое мы можем наблюдать не только на примере БМ (Бустан ул-мухиббин), но в других дошедших до нас сочинениях Шайх Худайдада» [1,15] дейді. Шайх Худайдадтың өзі келтіретін дәлелдерді жергілікті шайхтардың шығармаларында бола тұра, ертеректегі, басқа аймақтардағы шайхтардың шығармаларынан іздестіруі бір жағынан сол замандағы талас-тартыстарды, яғни Ясауи мәдениетіндегі көптеген ритуалдар мен ғұрыптарды, шариғат және тариқат әдептеріндегі кейбір нормаларды теріске шығарушыларды тоқтату болса, бір жағынан исламның тұтас, мақсат-мүддесі бір екенін көрсету болып табылса керек. Өз кезегінде бұл шығарма автордың исламның алғашқы дәуірлеріндегі түркі ғұламаларымен қатар негізінен араб парсы ғұламаларының еңбектеріне сүйенуі қазіргі таңдағы қайсы бір мүдделі топтардың «сахих (сенімді) емес, зағиф (әлсіз)» деп танытып жатқан, әсіресе осы аталмыш еңбекте өте көп кездесетін Пайғамбар с.ғ.с-нің біршама

хадистерін де қайта қарауға, зерттеуге мүмкіндік береді. Жоғарыда Өзбекстандық зерттеуші бауырларымыз айтқандай Шайх Худайдад жергілікті авторларға сирек сілтеме жасады дегенімен Өзірет Сұлтан Қожа Ахмет Ясауи бабамызға айрықша құрмет, ерекше ілтипат көрсетеді. Мысалы, «тарикат және хақиқат оразасы» атты фаслда (бөлімде) басқа, кейбір авторларға сілтеме жасағандай емес «Султан ул-Ғарифин шайхымыз Ахмад Ясауи «Фатауа танбиһ» деген кітаптарында» [1, 58] деп өзін осы силсаланың өкілі екенін көрсеткісі де келгендей.

Арап және түркі блоктарын салыстыра отырып, біз, блоктардың кейбірінде, екі тілдің біріне жасалған аудармасында бар, қайсы бір ғибрат сөз, фраза, сілтеме т.с.с. қалып қойылуы мүмкін екендігін аңғардық. Алайда, мәтіннің арапша блогы көп жағдайда әлде қайда кеңірек. Әсіресе, түйіндемеде келетін радишаларда (терістеме) бөлімнің тақырыптары ғана түркі, шағатай тілінде келіп, «дәлелі бар» деп, дәлелдерін тек арапша блогында аят-хадистерге, ғұламалардың пәтуаларына сүйеніп негіздеп беріп отырған.

Қазіргі таңда бұл аталмыш еңбектің транскрипциясын жасауды бастадық. Бұл шығарма Ясауи жолының дәстүрлерін моральдық тұрғыдан пайдалануымыз үшін өте маңызды. Мәтіннің ішіндегі айтылған құнды пікірлер мен тұжырымдарды, пікірлерді бүгігі күннің қажеттілігіне тұтынудың жемісі мол болмақ. Қорытындылай келе Ясауи бабамыздың мұрасынан тұшымды, маңызды мағлұмат беретін еңбектерді ғылыми айналымға қосып, мұқият талдап зерттеп жарыққа шығарып халыққа таныстыру осы салада айналысып жүрген ғалымдарға тиесілі міндет деп білемін.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Бустан ул-мухиббин. Түркістан – 2006
2. Бустан ул-мухиббин. Қолжазба. Тіркеу нөмірі КК 3704. Өзірет Сұлтан қорық мұражайы.

**Кошенова Тоты Иманқызы**

*Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық*

*қазақ-түрік университеті,*

*Қазақ филологиясы кафедрасы*

*филол.ғыл.кандидаты, доцент*

*Малтабарова Нұрсәуле Әлайдарқызы*

*4-курс студенті*

## **ҰЛЫ ДАЛА ТАҒДЫРЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚЫ БОЛМЫСТЫҢ ДАҒДАРЫСЫ**

*Кілт сөздер:* жылқы, қазақ, ұрпақ, жауапкершілік, кие

Жазушы Қ.Жұмәділов қаймағы қою қазақтың ортасынан шыққандықтан ежелден жалғасқан әңгімешілдік дәстүрін әдебиетке алып келген бірден-бір қаламгер. Қазақтың әңгімешіл қара шалдарының алдында отырып таңды-таңға жалғап айтатын жер менен жеті қат көктің ортасындағы неше алуан таңғажайып хикаяларға бала күнінен құлағының құрышын қандырып өсті. Сол артық боямасыз, дәл, жанды жеткізетін сөздердің сиқыры бойына қуат болып құйылды. Қылқалам қолына тигенде де сол серттен жаңылмады. Ауқымы кең, құлашты қаншама романдардың ұзын ырғағында баяғы шабысынан жаңылмай, шапқан саяйын тұяғы қызып, кермені жұлқа тартып кіруінің бір сыры осында жатыр. Жазушының тілі жаттық, шұрайлы да бай. Қазақтың қара сөзін қызыл май етіп сапыра бермейді өз орнына дәл, жіксіз қояды. Осысымен шығарма күдіретті. Тәуелсіздіктен кейін эпикалы романдарға деген жорығын саябырлатып қысқа әңгімелер мен хикаяттарға шеру тартты. Бұның өзі саналы түрде қазіргі заманғы оқырманның ығына жығылып, райына қарай бет бұрып жазу. Қысқа ғана әр әңгімесінің өзегінде қорғасын құйған қамшыдай салмақ жатады. Айтары бар, естiде көрегендi дүниелер туғызды.

Ел мен жердің тағдырын Қабдештен бірге теліп, қабыстырып жазған жазушы кемде-кем. Ел болмысындағы кішкене бір детальмен қоғамының бар шындығын көрсететін қуат жатады әңгімелерінде. Қабдеш жылқы туралы көп жазған жазушы. «Дарабоз» романындағы Қабанбай батырдың Қубас аты неге тұрады! «Қарагер аттың хикаясы», «Сәйгүліктер» секілді шығармалары сенің жылқымен кіндіктес екеніңді көрсетіп, аңсарыңды аудырады. Жазушының «Сәйгүліктер» хикаятын оқи отырып жылқымен бірге күрсініп, жылқымен бірге жылайсыз. Қамбар ата түлігінің естілігіне, ардалығына сүйсінесіз. Талдыөзектің терең шатқалына иіріп қойып оқ жаудырғанда құлын дауысы құдайға жетіп шұрқыраған қалың жылқымен бірге сіздің де санаңызды қан, жүзіңізді жас жуары хақ. Сонда барып қазақ пен жылқының тел ұғым екенін, «жылқысыз қазақ қазақ емес» екен деген ойға бекінесіз. Жылқының қазақ өмірінен алатын орны соншалық ерен, қылқұйрықсыз көшпенділердің өмірі - тұл жетім. Бұл хикаятта сауырына қорғасын қадалғанда екі көзіне қан толып, көкке шапшып шұрқыраған жылқының тағдырынан біз өткен ғасырдағы ұлтымыздың тәлкек тағдырын көреміз. Бұл шығарманың 1982 жылы кеңестік дәуірде жазылғанын ескерсек, бұл нағыз халқы үшін жаны шырқыраған, оның тағдырын сәйгүліктердің тағдырымен шендестіріп, ұлт туралы тіс жаруға болмайтын заманда басын бәйгеге тіккен асыл перзенттің жанайқайы.

Ата-бабаларымызбен айнымас серігі болып көшпенділер өркениетін бірге жасасқан жылқы түлігі десек асылық емес, дәл бағам. Мыңжылдықтарға созылған тарихымыз да жылқының ролі ұшан-теңіз. Қайтадан түлеп, жаңғырған бүгінгі Түркі әлемі жылқының алар еншісін бәрінен биік қойып отыр. Оған дәлел Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы болмақ.

Ұлы даланың бірінші қыры «Атқа міну мәдениеті». «Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы

даладан тарағаны тарихтан белгілі. Еліміздің солтүстік өңіріндегі энеолит дәуіріне тиесілі «Ботай» қонысында жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін дәлелдеді. Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды. Ал жаһандық ауқымда алсақ, шаруашылық пен әскери саладағы теңдессіз революцияға жол ашты...» - дейді. [1, 1] Содан бері сынаптай сусып қаншама ғасырлар өтті. Біз жылқының жалында жүріп өз мәдениетімізді жасай алдық. Әлем көшінің алға ілгерлеуіне, адамзаттың дамуына айтарлықтай үлес қосып, тың күш-қуат сыйладық. Осылайша жылқымен тамырымыз тең соғып, мінез-құлқымыз ұқсай бастады. Желден жаралған түліктің адам нанғысыз текті қасиеттері халқымыздың бойына тарады. Қанына сіңді.

«Мыңдаған жылдардан бері қарай жылқы малы адаммен бірге жасасып келеді. Сондықтан да жылқы малының тарихы адам баласының тарихымен тығыз байланысты. Біздің бүгінгі шыққан биігіміздің біразын, біздер, қазақтар ат үстінде өткіздік»[1, 260],- дейді зерттеуші Қуанышбай Орманов. Атқа мінген адамға желік пайда болады. Ол жай желік емес, ерлікке, атой салып шапқысы келген қанқызбалыққа бастайды. Үзеңгіге аяғы тиген адам аруақтанып, әлеуеті асып кетеді. Жөңкілген түмен-түмен атты әскердің жолына ештеңенің бөгет бола алмайтыны да осыдан. Арғы тегіміз сақ-ғұндардың ежелгі грек аңыздарында «Кентавр» атанып, шығыс халқының үрейін ұшыратыны да осы ерлігінен болса керек.

«...Тарпаң тұлғалы, кісі бейнелі,

Бабалар бүгін түсіме енбейді.

Солардан қалған жүрек қой мынау –

Жүрегім неге кісінемейді?...»[2, 32],- деп «Кентавр» атты өлеңінде ақын Маралтай Райымбектің оқыс үн қатуы тегін емес.

Қ.Жұмаділовтың «Академиктің көз жасы» атты хикаятын-дағы қанішер Голощекиннің сыбайлас баскесерлеріне былай дейді: «Қазақтың астында сәйгүлік аттар тұрғанда, олар біздің саясатымызға пысқырып та қарамайды. Оларды толық бағындыру үшін, ең алдымен жылқыны құртып, қазақты жаяу қалдыру керек»[3, 17]. Осы сұрқия саясаттың салдары қазақты аттан түсірді. Қазақтың аттан түсуі тақтан түсумен бірдей еді. Мойына бұғау түскен тұлпардай басынан азат күннің шуағы тайып, құлдықтың ноқтасы түскен. Жылқысы адам қолынан қырылса осы қастандықтың ізінше өздерін де аштық баудай түсірді. Дәл осы өзекті өртейтін ащы шындықты, ауыр қиянатты жазушы «Сәйгүліктер» атты хикаятында жеріне жеткізіп суреттеп берген. Енді атаулы хикаяттың қысқаша фабуласына ендеп үңілсек.

Алатаудың бір пұшпағында көшпенділердің құрығын ұстап қалған адамдардың бірі болып, алақандай жерге сәйгүліктерін қайырмақтап жүрген қарт жылқышы – Ағыбай - шығарманың бас кейіпкері. Жылқы десе ішкен асын жерге қоятын, жылқыдан өзге өмір кешуді білмейтін, Қамбар ата түлігімен егіз де етене болып кеткен жан. «Қарт жылқышының оқ тиіп кетер осал жері – жылқы еді. Өмірінде көрген бейнеті де, рахаты да осы түліктің төңірегінде»[4, 180]. Ағыбай үшін жылқы малынан асыл да асқар ешнәрсе жоқ. Өмірінің бар мән-мағынасын, қуаныш-жұбанышын құйрық-жалы төгілген көкмойнақтармен өлшейді. Жылқының қымызын ішіп, етін жемесе, үстіне төгілтіп құлынжарғақ тон кимесе ол үшін тірліктің кетеуі кетеді. Басқалай гүлзәр өмір бар дегенге иланбақ емес.

Уатт Джеймстің бу машинасын ойлап табуы ХІХ ғасырдың басында өнеркәсіп төңкерісін тудыруға түрткі болса, ХХ ғасырдағы қозғаушы энергия мұнай, көмір өндірісінің дамып, ірі тұрпаттағы қатынас көліктерінің барлыққа келуі көптеген дәстүрлі өмірді өзгертті. Қазақ даласына түтіні бу-дақтап поездың келуі, жоғарғы жылдамдықты автокөліктің

жетуі болат тұяқты малдың ролін барынша төмендетті. Сахараның салтанаты тарқап, базары қайта бастады. Кеңес үкіметі қанды шеңгелін енді жылқыға салды. Қырды, жойды, көзін барынша құртудың айласын жасады. Дала төсінде шұрқыратып мыңды айдаған байлардың дәурені озды. Қалған қаба жал, құшақ құйрық қазақы жылқыны будандастыра бастады. Тапаң шатыс, төзімді, абжыл түліктің қанына дондақтардың, ақалтеке мен ағылшын қанды жылқылардың нәсілі қосылды. Енді олар қанжайлаудың белін қайыстырып кісінемейді, қалаларда адамдардың күнделікті ермегі, көңілашары үшін пайдаланады.

Ағыбай жылқы малының өрісінің мұншалықты тарылғанына, қадірінің кеміп бара жатқанына налиды. «Қазір қарттыққа мойын ұсынған зауал шағында да жатса-тұрса тәңірден тілейтіні – қашан бұл өмірден көшкенше ат арқасынан түспеу. Осы жылқының маңынан ұзамау үшін, ол қандай қорлыққа болсын шыдауға әзір еді»[4, 181]. Ат мойнына ер кетсе қазақ өмірінің де алтын күнінің батқаны. Тағдырдан татар дәмі қалғанша ат арқасынан ерін алғызбауды тәңірден тілеуі бабадан мирас тіршіліктің шырағын сөндірмеуге деген перзенттік борыш. Көнеден жеткен сүрлеуден адасу - ұрпақ мойнындағы қарыз, жалғау - парыз. Ата жолын аяқасты ету - ар көтермес қылмыс. Сондықтан Ағыбай қандай қорлыққа болса да белін бекем бууы ерлікке барабар ұлы іс. Ұлт алдындағы міндетін, ұрпақ алдындағы жауапкершілігін адал өтеу. Жылқы малының көзден бұр-бұр ұшуына қарсы шарасыз пенденің жасаған жүрек байламы. Жылқымен бірге біздің қаншама құндылықтарымыздың селге кететінін терең сезінген сезім күйзелісі.

Ағыбайдың жиен немересі Ержанның аузынан айтылатын сөз бар: «Еленбей қалған ерлердің бірісіз... Жылқысыз жерде тұра алмайсыз. Даланың ең соңғы серісі, көшпенділердің құрып бара жатқан сарқытысыз»[4, 213-214]. Кейіпкердің тілімен жеткізген осы сөздің өзі көп жәйдің басын ашып береді.

Әр ұрпақтың сыбағасына тиген несібеден сарқыт қана қалды. Сан ғасырлар бойында қалыптасып, дамып, кемелденіп, өзінің шырқау шыңына шығып толысқан көшпенділер мәдениеті аттан түспек пе?! Қарт жылқышының ғана емес, тегіне тартқан есті ұрпақтың көкірегінде тұрар сауал осы. Ғафу Қайырбековтың «Тұлпар туралы аңыз» атты мақаласында «Жылқы - қазақ даласының екінші есімі ғой»[5, 259],- деген сөзі ақиқат болмақ. Жылқының аты өшсе онда «қазақ» атының да сақталып тұруы неғайбыл.

Жылқышылардың жылқы бақты деген аты ғана болмаса, болмысы түгелдей өзгерген. Малды отарлатып айдап, мұз құрсанып, қар жастанып жататын ешкім жоқ. Ондай жәбір-жападан кім болса да ат бойын ала қашады. Жылқы баққан ауыл болса да көкжайлауға шыққанда бие байлап, қымыз ішудің өзін азап көреді. Үй жанынан желі тартылып, бие байланбаса, сабадан сары қымыз сапырылмаса көңілі көншімейтін жалғыз адам – Ағыбай. Басына машақат тауып, басшыларға жалынып-жалпайып жүріп осы бір үйір жылқының басын анадан-мынадан әрең құрап байлап еді. Бұл ісінде жастар жағы қарттың ескішілдігіне балайды. Биебаудың қарсысына иықсүйеп қатар қонған дүкенші Әбікейдің қосы. Саптаяққа мөлтектетіп құйылған бал қымыздан дүкеншінің шөлмектері өтімді болып кеткелі қашан! Бұрынғыдай сәскеден түс ауғанша әңгіменің қазанын қайнатып қымыз ішетін жұрт жоқ. Ағыбайдың үйіне аңсаған адам болмаса, көп соға бермейді. Жұрттың бәрі араққа үйір, дүкеншіге жалпақтағыш. «Арақ іздеп сандалған жұрт-ақ маза беруді қойды. Кейде сол ащы судан ауыз тимесе үзіліп кетердей, бүкіл ауылдың итін дүрліктеріп, түн ортасында келетінін қайтесің. Бейне әл үстінде жатқан зәрурет науқасқа дәрі іздеп шақырған адамдар тәрізді»[4, 186-187]. Қазақ баласы атасусынынан жеріп, өзгенің ащы суына таңсық болды. Ұлттың ұзақ ғасырлар бойы қалыптасқан менталитетінің өзгеруінің бұл бір қыры. Автордың биебау мен арақ дүкенін қатар қоюы осыдан хабар берсе

керек. Ағыбайдың арақтың соңынан түсіп кеткен жастарға деген ішкі қыжылы жалпы ұлтқа деген өкпе болмақ.

Отарқұл бас болған жас жылқышылардың алдына салып баққан малына құйтымдай болса да мейірбан, махаббаты жоқ қаражүрек болып кеткенін де автор шебер кірістірген. Мал болмайды деп пышақтарын жалаңдатқан жылқышылардың бетін қайтарып, аяғы ұмытылып кеткен қасқа құлынның аяғына кебіс қатырып, ота жасайды. Өлім аузында жатқан сол құлынның беті бері қарап, жүні жылтырап оңалып алғанын көрген жылқышылар бірі бастап, бірі хоштап ауыл ағасы Отарқұлға сойып алайық деп қолқа сап, көздерімен етін өлшеп тұрған бассыздығына Ағыбай морт сынып, терісіне сиямай ашу шақырады. «Осы сендер малшысыңдар ма, әлде ет комбинатында жүрген қасапшысыңдар ма? Ірігеннің аузынан шіріген сөз шығады... О заманда бұ заман, қазақ баласы тірі малдың қасында тұрып, ет туралы сөз қылатын ба еді?! Сендерді де жылқышы дейді-ау!»[4, 193]. Жылқышылар «қараңғы, надандыққа» жорып, миықтарынан күліседі. Осы жердің өзінде көп сырдың беті ашылады. Қазақтар тамырынан ажырай бастағаны қылаң береді. Обал, сауап деген өмір философиясы. Оны дала жұртына ана табиғаттың өзі үйреткен. Енді сол ақ жолдан аттап, көзі жәудірген кінәсіз малды қоршап сойып алу туралы әңгіме айтып тұрған адамдарды кім деп ойлайсыз?! Жылқыны қадір тұттық, кие ретінде оған сиындық. Жылқы малына байланысты сенім-наным, әдет-ғұрыптар пайда болды. Ол қазір қолданыстан шығып, мифологиялық ұғымға айналды.

Осы жерде Ағыбайдың әкесі Жұмақан жылқысын баққан Тұрар бай туралы айта кеткен жөн. Мың жарым жылқы біткен бай болса да қаннан қорқады. Тіршілік иесінің жазықсыз қанын мойнына жүктегісі келмейді. Қан көрсе сиыр біткен өкіріп, биенің желінінен сүт шықпай шошынып қалатыны түсінікті. Сойыс малын қан маңына жуытпайтыны да сол үшін. Тұрар байдың өзі де артық маңайламайды. «Соғым-

ға бата жасағанда, сақалынан алты тарам жас ағып, жылап отырар еді. Қолын жайып көкке қараған қалпында: «Сен де жазық жоқ, бізде азық жоқ... Қара қазан, сары баланың қамы үшін қара пышақты қайрамасқа амалымыз тағы жоқ. О, мал иесі, Қамбар ата, осы қатігездігіміз үшін бізден сырт айналып, безініп кете көрме!» деп мал бауыздар алдында кәдімгідей кешірім сұрар еді...»[4, 219]. Бұған біреулер надандық деп жыртақтаса да ескі замандардан бері құнын жоймаған ғадет болмақ.

Табиғатты аялау, көзінің қарашығындай қорғау - бүгінгі дәуірдің де маңдай алды мәселесі. Ежелден келе жатқан көзқарасты надандыққа балаудың зардабын осы күнде әр есті пенде анық бағамдады. Экологиялық апаттардың адам ойламаған ауыр жағдайларды тудыруы - әне сол «адам – табиғаттың қожасы» деген жалған ұранның ссалдары еді.

Әр аңның иесі бар дейміз. Ол адамзат баласына ортақ түсінік еді. Әсіресе Түркі халықтары аңшылықпен шұғылданса да жазықсыз аңның обалына қала бермеген. Аңның иесіне тәу етіп, кешірім сұрап алып, садағын бірақ кезенген. Және де аң аулаудың өз мезгілі болады. Олар төл ерткен шақта мылтық кеземеген. Ғалым Едіге Тұрсыновтың зерттеулеріне жүгінсек: «...Хақастардың айтуы бойынша, ертегі айтпас бұрын аңшылар тау, орман иесіне арнап: «Сен (ием) тыңдап, аңды бізге мольынан бер, біз саған ертегілерді көбірек айтамыз,» – деп ашықтан-ашық айтатын» дейді. Немесе «...Тувалар бұрын аң аулау кезінде чадағанда немесе икилиде (жетіген мен домбыра) күй тартатын. Орман иесі күйлерді құмартып тыңдап, ыразылық білдіріп, аңшыларға аң жібереді деп сенген»[7, 41-42]. Тұрар байдың малға бата жасарда жүзін жас жууы енді айтпаса да түсінікті. Ол аялы табиғат заңдылығының қаймағын бұзбай сақтаған дала данышпандарының қасиетінің бір ұшқыны. Бұл жердеде автор ұлттың өз ділінен жаңылмауын нұсқап отыр.

Жер – Ана. Ол адамзаттың жалғыз отаны. Оны қорғау -

жұмыр басты пенденің атқаруға тиісті бұлжымас борышы. Қазақ дүниетанымы ұрпағына табиғатты қорғауды жастайынан құлағына құяды. «Обал болады», «жаман болады» деп көк шөпті жұлдырмайды, жас бұтаны кестірмейді. Суға түкіртпейді. Бастаудың көзін ашуға тәрбиелейді. Сол қара жер, туған топырағы үшін сан ғасырлар бойы жауымен қидаласып, ақ найзаның ұшы, ақ білектің күшімен қорғады. Ал кенес үкіметі кезіндегі шолақ белсенділердің «тың игереміз» деп географиялық жағдайларға қарамай жердің бәріне дән тастасаң егін болып шығатындай соқасын көрінген жерге салуы табиғаттың ажарын қашырды. Көк майсасы көк теңіздей толқып аттың омырауын соққан, жер төресі Құлынсаз жайлауының трактормен жыртылып, қорыс-қопасының шығуына Ағыбайдың жүрегі сыздайды. Құлынсаз кеше ғана самаладай үй тігіп, мамыражай ел қонған желекті жайлау еді. Осы күнде баябан шөл, тышқан ғана жорғалар жерге айналаған. Көз алдындағы сұрқы қашқан табиғатқа қарап Ағыбайдың өткен қимас өмірі есіне оралады. «Төңкеріліп жатқан көк шым жер бетіне ғана емес, ел бетіне де түскен таңба болып қала берді» дейді[4, 203].

Осы бір сөз қисынында ғұндардың көсемі Мөде қағанның Сарыжайлауды сұрай келген ойқырлардың елшісіне берген аңызға айналған жауабын келтіргіміз келеді. Арғымақ аты мен сұлу тоқалын сұрағанда ойланбай берген тәңірқұт «жерді берейік» деген кеңесшілеріне ақырады. «Өздерің не оттап отырсыңдар? Бұл қысас емес, қорлық. Алдыңғы екі жолы дәстүр-салтымызда жоқ, екі қолқасына көнгенім – әке де, әкенің аты да, әйел де менің жеке өзімдікі еді. Сондықтан, қорлансам, мен қорландым. Өзіме тиселі еншімді бердім. Халқымның тыныштығы үшін оған көндім. Ал мына жерді сұрағаны – бүгіл халықты қорлау. Жер менікі емес, елдікі. Елді ырысынан айыра алмаймын. Жер – отанның меншігі. Бітіспеске бет алған екен. Әскерге атой салыңдар. Соғысамыз. Тұрысатын жерін айтсын!»[8, 253]- депті.

Туған жердің бір шымшым топырағын бөгденің аяғына бастырмайтын ерлік бабадан мирас болып жеткен еді. Оны мұрагер ұрпақ аманат етіп әлінше орындады. Сол құйқалы мекенді айдың күннің аманында трактормен қопарып, ілікке алғысыз медиен жасап кетуі ел бетіне түскен таңба болып қала бермек. Ағыбайдың Құлынсаз жайлауына қарап көз жасын сығымдауының астарында осындай ұлы ерлік тарихы, ел дәстүрі жатқан еді.

Ақселеу Сейдімбеков «Сәйгүліктер» атты мақаласында мынандай деректер келтіреді. «1950 жылы дүние жүзінде 79 миллион жылқы болған екен... 1972 жылы Парижде өткен жылқы көрмесінде 300 салт атты «Автомобиль өлтіреді, автомобиль улайды. Жасасын жылқы!» деген ұранмен келген»[9, 250]. Бұл жалпы жылқы түлігінің жанайқайы болмақ. Заман өткен сайын қоғамдағы алар орны кеміп, шетке сырыла берді. Белдеуіне оқтаудай жаратып тұлпар байлама-са ішкен асы бойына сіңбейтін қазақ баласы енді заманның ығына жығылды. Тобан аяқ ат мініп тепектеп жүрген жанды көрсе «есек» мініп алғансың ба?- деп қыжыртатын жұрт енді арланбай-ақ салпаң құлақ жануарды тақымдайтын болды. Көненің көзі болған, аппақ сақалы өңірін жапқан абыз қарттар да есекке мініп, бiшкекпен сабаланып жүргенін көргенде Ағыбайдың қаны басына тебуші еді. Бұл жәйлі шын сырды ат және есекке мінген қос жолаушы Ағыбай және Тұрар байддың ұлы Асылбектің ортасындағы диалогтардан аңғарамыз. Ағыбайдың атпенен ойқастап жүргенін жайлаудың қызығы, қымыздың қызуы деп ойлайды. Қанша айтқанмен Асылбек көл болып сапырылған көк қымыздың ортасында өскен ұрпақ қой, сол шіркінді аңсап ернін қайзайды. «Қымыз керек болса, күші адал, сүті арам есекке мініп емінгенше, бір бие ұстап, сауып ішіп отырмайсың ба?»[4, 206]- дейді Ағыбай. Ал оған Асылбектің жауабы даяр еді. Ол мінейін деп, көк есекке көпшік салып жүрген жоқ. Осы жердегі қағытпа сөз талайдан бергі сыздап жүрген жараның аузын тырнағандай

болды. «Оны қайда апарып бағам? Шөп орнына сақалымды күзеп берем бе?» [4, 207] - дейді. Ендігі шындық айпарадай. Құлынсаз жайлауының сиқы анау. Ауылдың маңында алақандай жайылым жоқ.

Бұл заманның запыраны еді. Қазақтың өрісі мен қонысы ғана емес, пейілі мен берекесі де тарылған, елу жылда қазан жаңарған дәуір келген. Екі дәуірдің ғана емес, қос өркениеттің өларасында тұрған қазақ баласының хал-күйі осындай болатын. Қолдағы барынан, алдындағы малынан, кең байтақ жерінен, асқаралы белінен айырылып, көрінгенге жалпақтаған, көзтүрткі тірлікке айтқан нала еді. Өйткені «сақалды кесу» қазақ ұғымында өліммен тең. Ал торғайдың ұясындай жерге тығылып отыру - байтақ далада өскен қазақ баласы үшін өліммен тең еді. «Бір кезде Қамбар атаның құрығы шаншылған жер еді, бұл өлке. Көкала жылқының орнын көк есек басып кетпесін дегенім де!»[30, 207]- дейді Ағыбай қамығып. Өзіміздің салт-дәстүр, ұстанған жолымыздан ажырасақ, ертеңіміз бұлдыр. Ағыбайдың бұл сөзі де көп нәрсенің ұшығын шығарады. Ұлтымыздың тегінен ажырап, қамаукөз болып қалмауын көксейді.

70 жыл бойы бодандықта болып, ұлттық сананың мейілінше құрсауланып, рухы тұманданған халық ел болудың алғашқы баспалдағын неден бастауы керек?! Әрине, өліп кеткен клеткалардан Ұлтжандылық сезімді тірілту, ояту керек. Осы бағытта Қ.Жұмаділов көптеген шығармалар жазды, терең ізденістерге барды. Біздің де тереңдеп танығымыз келгені осы бағыт еді. Жазушының шығармашылығының ерекшелігі – кешегі мен бүгінгіні, жаңа мен көненің арасындағы қайшылықтарды салыстыра зерделеп, уақыттың адам санасына салған қысымымен өзгерістерін тамыршыдай дәл басуы. Жазушы өзінің айтқысы келген концептуальды ойларын адамдардың ішкі толғанысымен, диалог, монологтармен не ишаралап жеткізіп кетеді. Оның шығармаларын оқыған саһын арғы жан дүниеңе сәулелі күннің шуағы түсіп, бір ұлан-

ғайыр сахараның есігінен кіріп, тынысың кеңігендей өзінді соншалықты еркін сезінесің. Ол нұр – ұлттық рухтың нұры еді. Жазушының әр шығармасында қазақ халқына, туған еліне деген еміренген махаббаты жатады. Шығармаларының қамтитын кеңістігі өте бай. Онда қаймағын бұзбай сақтаған қазақы ауылдарға көптеп ат басын бұрасыз. Өткеніңе деген аңсарлы, шырын сағынышты оятады. Бұл өткеніңді жадыңнан өшірмей, қасиетіңді сақтауға жетелейтын тағылымы мол құнарлы топырақ.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Назарбаев Н. Ұлы даланың жеті қыры. //Егемен Қазақстан. 21.11.2019. №223. – 12 б.
2. Райымбек М. Тарпаң. Алматы: «Хантәңірі». 2014. – 285 б.
3. Әсемқұлов Т. 5 том.шығ.жин. 4-т. Алматы: «Қазақ энциколопедиясы». 2016. – 412 б.
4. Жұмаділов Қ. Он екі том.шығ.жин. 2-т. Алматы: «Қазығұрт». 2004. –488 б.
- 5.Орманов Қ. Ат жалындағы өркениет. Алматы: «Асыл сөз». 2012. – 328 б.
6. Қондыбай С. Толық шығ.жин. 12-т. Арғықазақ мифологиясы. Алматы: «Арыс». 2008. – 536 б.
7. Тұрсынов Е. Қазақ әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. Алматы: «Ғылым». 1976. – 200 б.
8. Жұртбаев Т. Дулыға. 1-том. Алматы: «Жалын». 1994. – 368 б.
9. Сейдімбек А. Алты том.шығ.жин. 2-т. Астана: «Фолиант». 2010. – 816 б.

**Кошенова Тоты Иманқызы**

*Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық  
қазақ-түрік университеті,  
Қазақ филологиясы кафедрасы  
филол.ғыл.кандидаты, доцент  
Есенқараева Жанар Рабайқызы  
4-курс студенті*

## **«АҚЫН ПРОЗАСЫ» ЖӘНЕ АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІ**

Фольклор мен әдебиеттің тектік байланысы, ескі әдебиеттің жаңа кезең әдебиетіне әсері мен әдебиеттегі жаңашылдықтың дәстүрден бастау алар негізі жайлы проблема көтерген М.Әуезов тұжырымы бүгінгі әдебиеттану ғылымы үшін де өзектілігін жойған жоқ. Ғалым қазақ әдебиетінің бұрынғы өткен жолын, оның дара табиғатын ескере келіп, жазба әдебиеттің «өрнекті, түрі, тарауы көп кестелі» ескі әдебиетінен үлгі ала отырып, жаңа өрнекті дәуірге аяқ басуын заңды құбылыс деп табады. [1, 307-308]. «Біздің ескі әдебиеттен қалған көп сарын, кең ауданның бәрі де жазба әдебиетке келіп, тарылып, азайып отыр. Жазба әдебиет бір беткейліктен арылса, жаңа арылайын деп, жаңа ғана қайтадан тарауланып, ауданын кеңейтейін деп отыр» [1, 308] деген жазушы пікірінен ескі әдебиеттің жаңа әдебиетке негіз ғана емес, жазба әдебиеттің жаңа ізденістеріне жол ашатын қайнар екендігін аңғарамыз. Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуіріне арналған мақаласын М.Әуезов былай тұжырымдайды: «...Ескі әдебиеттің түрлерін білу, бетін ұғу, ағымына түсіну-біздің өзіміз үшін керек. Бүгінгі әдебиетке белгілі жол салып, дұрыс бағыт береміз дегенде, жалпы қазақ әдебиетінің өткен күнін, бүгінгі қалпын һәм келешегін де түгел түсіну керек». Жазушының әдебиеттегі жаңашылдықты дәстүрмен байланыстан, өзара

ықпалдастықтан туатын құбылыс деп шегелеуі мен ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық көркем танымның жүйесін бұзбай тұтас зерттеуді мақсат етуі бүгінгі әдебиеттану үшін де маңызды шарт болып отыр. Жазушының «...Ауызша әдебиет тәртіпті жазба әдебиеттің қызметін атқарғандығы білініп отыр» [1, 298] деуінде ескі әдебиеттің кейінгі әдебиетке тигізген мол әсерін нұсқауы жатыр.

Соңғы жылдары қазақ ғалымдары тарапынан проза теориясына қатысты жаңа бағыттағы ізденістерге жол ашыла бастады. Г.Пірәлиева қазақ прозасының алғашқы жылдарында-ақ үлкен шеберлікпен игерілген психологизмнің ауыз әдебиетіндегі көркем қолданысына талдау жасай келіп, оның ұлттық прозада жетекші тәсілге айналу процесін саралауды зерттеулерінің негізгі нысанына айналдырды. А.Ісімақова қазақ романындағы сюжеттілік (оқиғалық) пен лирикалық элементті ауыз әдебиеті әсерінен туған құбылыс дей келіп, оқиғалық сипаттың көрінісін шығыстық қисса, дастандардың, ал лиризмді лиро-эпикалық поэма мен толғау жанрының тікелей ықпалынан жаңғырған құбылыс деп қорытады. Роман жанрында лирикалық және эпикалық негіздің көркем үйлесімі басқа прозалық жанрларға қарағанда айқын байқалды дейді ғалым. Толғау жанрының лиро-эпикалық сипаты қазақ прозасындағы баяндау тәсілдерінің жетілуіне әсер еткенін, толғаудың жанрлық негізінде автор мен тыңдаушы арасындағы диалог пен полилогтың маңызды категория саналатындығын ескертеді. Лирикалық проза мен прозадағы лиризм категорияларының негізінде жатқан жан толқынысы, жүрек күйі, ішкі өмірдің сыры секілді негізгі белгілер өз бастауын жыраудың көркем құралына айналған толғаудан алуының әдеби-тарихи негізі бар еді. Ұлт мүддесі мен болашағы сынға түсіп, өмірі жорықпен өткен жырау толғауында объективтілікпен қатар автордың жүректен қайнап шыққан жан сыры, ішкі өмірінің толғанысы бар болатын. Заманы алмағайып болып тұрғанда елінің болашағы үшін қам жеген жы-

раудың толғауға салмауы мүмкін де емес еді. Жиырмасыншы жылдар прозасындағы лиризмнің де жетекші категорияға айналуының сырын заман талабынан, ұлт мүддесін ойлаудан туған табиғи құбылыс деп қабылдаймыз. А.Байтұрсынов та лириканы толғау деп бергенде әдеби қолданыста жүрген толғау жанрының ішкі мүмкіндігі мен жанрлық табиғатын ескеруімен бірге, «жан толқынысы», «толғаныс» деген ұғымдардың толғаудың (лирика) тектік ерекшелігін танытатын негізгі белгілер болғандығынан жасалған байлам деп қабылдаймыз. «Толғау, қысқасынан айтқанда, іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүректің лебі, көңіл құсының сайрауы, жанның тартатын күйі. Ақындық жалғыз өз көңілінің күйін толғай білуде емес, басқалардың халін танып, күйіне салып толғай алуында» [2, 407] дейді А.Байтұрсынов. Ғалым пікірінен жырау толғауы мен ғалым қолданысындағы «толғау» терминінің тектік байланысының қаншалықты заңды екендігін және «іш қазандай қайнаған уақытта шығатын жүрек лебінің» күйін шертетін лирикалық сипаттың жиырмасыншы жылдар прозасында да жетекші мәнге ие болуының сырын ұғамыз. Мағжанның лирикасын айтпағанда, «Батыр Баян», «Қорқыт», поэмалары мен «Шолпанның күнәсіндегі» автордың бас кейіпкер күйіне еніп, өз көңілінің күйінен де хабар берер толғанысқа жиі салуы, Ж.Аймауытов прозасындағы реализмнің субъективті сипаты мен эмоционалды-экспрессивті көркем тіл, Әуезовтің әңгіме-повестеріндегі ерекше жағдай мен мінез психологиясына орай ашылатын автор образы мен поэтикалық тіл, Бейімбет прозасындағы нәзік лиризм мен детальды психологизм элементтері лиризмнің жиырмасыншы жылдар прозасында қаншалықты басым позицияда көрінгендігін дәлелдесе керек.

А.Ісімақова қазақ прозасының қалыптасуына Ш.Уәлихановтың ғылыми-публицистикалық прозасы, А.Құнанбаевтың «қара сөздері», Ы.Алтынсариннің «Қырғыз хрестоматиясы» мен Ш.Құдайбердиевтің философиялық прозасының, соны-

мен қатар орыс, әлем әдебиетінің әсері болғандығын атап көрсетеді [3, 160].

Ұлт әдебиетінің өзінің ішкі табиғатына сай даму ерекшелігімен бірге тарихи- қоғамдық жағдайлар салдарынан әдебиет процесінен көрініс беріп отыратын түрлі ағым-бағыттардың жетекшілік рөлге ие болып, әдебиетке жаңашыл, тың сипат дарытатын себептері жиі кездеседі. Әдеби құбылыстар мен көркем ізденістердің негізгі себебін көркем ойлау, дүниені көркем қабылдау, ақындық болмыстың даралығы, поэзия мен прозаға ортақ поэтикалық тіл тұтастығынан іздеу әдеби ұғым-түсініктерге өзге қырдан қарап, жаңаша байламдар жасауға негіз болмақ. Дүниетаныммен байланысты көркемдік ойлау поэзия мен прозаның тектік бірлігін, шығармашылық процестің жанрлар арасындағы шартты айырымдар аясына сыймайтын еркіндігін, көп жағдайда ақынның проза, драма саласындағы ізденістері әдеби заңдылықтар жайындағы тұжырымдарымызды қайта-қайта саралап отыруға итермелейді.

Абай секілді ұлы ақынның прозасы, мұқият зер салсақ, лирикалық-эмоционалдық сипаты басым «қара сөзбен жазылған өлең» жанрының өзгереді бір үлгісі болып шығатынын байқаймыз. Лирикалық прозалық миниатюралар мен «қара сөзбен жазылған өлең» жанрының әлем әдебиетінде де, орыс әдебиетінде де үздік үлгілері жетерлік. Аталмыш жанрдағы туындыларды ақын жанының қалауынан туған, көңілінің күйінен толқып шыққан сырының көркем көрінісі деп қабылдағанымыз жөн секілді. А. П. Чехов бірде теңізде жүрген адам құрғаққа шығуды арман қылатынын, ғұмыр бойы прозамен айналысқан адамның поэзияны аңсайтынын айтқан екен. Тағы бірде А.П. Чехов Я. Полонскийге былай деп жазыпты: «...Орыстың барлық үлкен өлеңшілерінің прозасы керемет. Мүмкін, мен қателесетін шығармын, алайда, Лермонтовтың «Таманы» мен Пушкиннің «Капитан қызы», басқа ақындардың прозасын айтпағанда, сөлі мол орыс өлеңінің оның көр-

кем прозасымен түбі бір екендігіне дәлел». Чеховтың ұлы әңгімелер тудырған прозаик екендігін ескерсек, жазушының жоғарыдағы пікірі поэзия мен прозаның бір шығармашылықтың бойында ғана емес, бір көркем туындының табиғатында жымдаса қолданылып, жаңа бір поэтикалық жанрлардың тууына себепші болатындығына көз жеткіземіз.

Н. В. Гогольдің «жан сырынды ақтаруға деген күшті құштарлықтың да сәті тақап келеді» деген сөзі прозалық үлгідегі шағын лирикалық, философиялық сипаты бар туындылардың еліктеуден гөрі, жанның қалауынан туатын жанр екендігіне көзімізді жеткізе түседі. Гоголь айтып отырған «сыр ашу» мен ішкі монологтың біріне бірі балама емес екендігінде айта кеткен артық болмас. Абайдың қара сөздерде бірде өзіне, бірде қазақ баласына жиі-жиі сұрау тастап, көңіліндегі күйді жасырмай ақтарып, ашық сұхбат құруы ақынның өмірден түйгенін ғана емес, оның қабатында жан сырын да көпшіліктің талқысына салуы деп ойлаймыз. «...Енді жер ортасы жасқа келдік: қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің бәрінің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал, енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын» дейді Абай. «Ел бағу, мал бағу, ғылым бағу, софылық қылып, дін бағу мен бала бағуды» ермек ете алмадым деп шешкен ақын «ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ» [4, 127-128] деп қорытады бірінші сөзін. Абайдың қазақ баласына ұсынып отырған кіріспе ретіндегі бірінші сөзі мен орыстың талантты жазушысы И. С. Тургеневтің «Стихотворение в прозе» деген атпен белгілі шығармасының шағын ғана арнауында мақсаттас жақындық бар. Тургенев былай дейді: «Добрый мой читатель, не пробегай этих стихотворений сподряд: тебе, вероятно, скучно станет- и книга вывалится у тебя из рук. Но читай их враздробь:

сегодня одно, завтра другое,- и которое-нибудь из них, может быть, заронит тебе что-нибудь в душу» [5, 5]. Екі ұлы тұлғаның артында қалдырған мұрасының жанрында ерекшелік болуы мүмкін, алайда аталмыш сипатты туындының ерте ме, кеш пе ақынның жан қайнарынан шықпай қоймайтын табиғи құбылыс екендігіне күмән келтірмейміз.

Абай қара сөздері - ақын лирикасының идеялық-көркем жалғасы ғана емес, қазақ әдебиетіндегі «ақын прозасының» алғашқы көркем үлгісі. «Ақын прозасы» поэзия мен прозаны жіктеуден гөрі жымдастыруға жақын әдеби құбылыс. Қазақы болмысқа тән рух пен сүйекке сіңген ақындық өнерден бастау алатын лиризм мен ақынның прозадағы ізденістерінің алғашқы, әрі жарқын үлгісі ретінде Абайдың қара сөздерін атаймыз. «Абайдың өнері һәм қызметі» атты мақаладағы «Өзге сипаттарының ішіндегі ақындық сезімінің артық жетіктігі, дүниенің сыры мен жүрегінің жалғасып, жымдасып кететіндігі... Ақынның жүрегі не нәрсенің болсын жарастығын, келісімін, сұлудың сұлуын іздейді. Оның суретшіл көңіліне, жүрек қиялына басқаның мөлшері өлшеу емес» [6, 123-124] деген Абай шығармашылығына берілген баға ақынның прозадағы жетістіктерін тексеруде де жіті назарда болғаны жөн деп ойлаймыз. Абайдың қара сөздері жайлы қазақ әдебиеттану ғылымында сан түрлі көзқарас бар. «Сөздерді» философиялық, публицистикалық туынды деп қарауды жөн санайтын пікірлермен қатар, ұлы ақынның прозалық мұрасын көркем дүние деп танып, дәлелдеген ірі ғалымдар шоғыры болғандығын да білеміз.

М.Әуезов «Абай Құнанбаев» монографиясында Абайдың қара сөздерінің ақын үшін де, қазақ үшін де маңызды болуының сырын және жаңа жанрға ден қоюының себептерін ортаға салады. Ғалымның пікіріне ден қойсақ, ақынның өмірінің соңғы 10-15 жылы жаңа жанрдағы ізденістерге арналғандығы, оған «кейде өлеңнен де көп уақыт бөліп», ел оқушылары «қара сөздерді» өлеңнен кем көрмейтін болып,

Абай сөздерін молдаларға ақша бергізіп жазғызып, қара сөзді қалап, соған көп ынтыққанын айтады [7, 75]. Әуезов Абай қара сөздерінің жанрлық табиғатына қатысты бірнеше маңызды тұжырым ұсынады. Жазушы Абай қара сөздерін «көркем прозаның өзіне бөлек, бір алуаны болып қалыпта-нады... Абайдың өзі тапқан, бір алуан көркем сөздің түрі» [7, 210] дейді. Яғни, Әуезов Абайдың қара сөздерінің көркем туынды екендігіне еш шүбә келтірмейді. Мұнан соң Әуезов ақын сөздеріне талдау жасай келіп, төмендегі ерекшеліктерді атап көрсетеді. Біріншіден, «...Абай өзінің оқушыларымен әңгімелесіп, жүзбе-жүз кездесудегі мәслихат, кеңес құрып отырған ойшыл ұстаз тәрізденеді... Кейде өзінің көз алдында отырғандай, тыңдаушысына сұрақтар береді» [7, 210-211] деген пікірден Абай қолданған тәсілдің автор мен оқырман арасындағы көркем қатынастың қалыптасып, оқушы көңіліне қонуын мақсат тұтқан ақын позициясын мезгегені болар деп ойлаймыз. Екіншіден, Әуезов Абайдың қара сөздерін «...көбінесе барлық жайлардан өзі сөз бастап, өзі әңгіме-дүкен құрып отырған болады» [7, 211] деп сипаттайды. Ақынның өзіндік негізге көбірек сүйенуі қара сөздердің лирикалық сипатын тануға мүмкіндік береді. Өз жайынан толғанудың астарында ақын сыры жатқанын ескеруіміз қажет. Олай болса, ұлы лирик ақынның қара сөздеріндегі лиризмнің көрінісі де алдағы уақыттарда тың зерттеулерге нысан болары даусыз. Абай қара сөздеріндегі жоғарыда Әуезов атап көрсеткен автордың оқушысымен диалог құру тәсілі жиырмасыншы жылдар прозасында да сәтті қолданылған тәсілге айналғанын айтқымыз келеді.

Мағжанның «Шолпанның күнәсі» әңгімесіндегі кейбір сұраудың Шолпан ырқынан шығып, автор мен оқырман арасындағы ортақ сұрауға айналғанына куә боламыз. «Мұндай мінезі болмаса, бұйрығымды бұздың деп, атамыз Адамды жұмақтан тырдай жалаңаш айдап шығар ма еді? Топырағыма табынбадың деп, әзәзілді ібіліске айналдырар ма еді? Кім

біледі, Тәңірі ежелгі осы белгілі белдігіне салды ма?.. Бала... бала екеуінің де жоғы емес пе? Екеуіне бірдей керек байлам емес пе? Сәрсенбай сол ортақ жоқты неге бірге іздеспейді? Баласыз өмірдің бос екенін неге сезбейді ол? Ол неге сол іздеу отына Шолпанмен бірге түспейді, бірге жанбайды? Еркек атаулы бала дегенде, ішкен асын жерге қойғанда Сәрсенбай неге бала деп аузына алмайды?» деп толғанады автор. Оқырманын да өзіне тарта сөйлеп, Шолпан жанын ұғуға, сан сұраққа бірлесе жауап іздеуге шақырады. Аталмыш тәсіл Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романында да, «Күнікейдің жазығы» повесінде де шеберлікпен игерілгенін байқаймыз. «Қарлығаш екеш қарлығаш бір-біріне қайрылғыш, бірін-бірі сыйлағыш. Адамзатқа не болды? Баласы қайда Күнікейдің «апалап бір уақ келетін? Жұбайы қайда Күнікейдің, қияметтік жолдасы? Күнікей бүйтіп жатқанда, жастық қойып басына, қолынан сусын беретін? Аулы қайда Күнікейдің, келіп кетіп жүретін?», «... бәрі бірдей безетіндей Күнікей сонша не жазды?» деп, жазушы оқырманды алдағы Күнікей оқиғасына дайындайды. Оқырманға сұрау тастай отырып оқиға дамыту тәсілі шығарма авторының образын тануға, оның шығармаға негіз болған жағдайға эмоциялық қатысын байқап саралауға мүмкіндік бермек. «Жетім» әңгімесінде «Жүрегің қорқыныш басып, жалғыздық жеп келе жатқан баланы не бастап келеді? Жеті түнде айдап шыққан айдаушы кім?» деп келетін сұрақтың жауабын Әуезов «тағдыр» десе, «Қорғансыздың күні» әңгімесіндегі «Кедейлігінен, қорғансыздығынан басқа міні жоқ, салмақты, таза тәрбиелі бала- бұл күнде сол не көріп отыр? Әкесі өлгеннен бергі: «ә, құдай, біреудің зорлығын, қорлығын көрсетпе!» - деп тілеген уыз тілегі қайда кетті? Бұрынғы бейнет, бейшаралық былай тұрсын, мынау көрген мазақ не? Осынша қорлау, рәсуалау не? Әуелден бергі қазаны көруіне осы қаршадай жас баланың не жазығы болып еді? Бүгінгі өмір бойында құлағы естімеген зорлық, зұлымдықты көруге не жазық қылып еді? Қандай арамдық, не бұзық құл-

қы болып еді?» деген сұраулардың жауабын оқырманының еншісіне қалдырады. Мұнда автор мен Ғазиза ойы тұтасып, Ғазиза монологы автор монологына айналған.

Бір сөзбен айтқанда, шығарма авторының оқырманымен кеңесе, сұхбаттасқандай күйде қатынасқа түсуі Абай қара сөздерінен бастау алып, жиырмасыншы жылдар прозасындағы лиризм көрінісіне негіз болған көркем тәсілдің бірі деп қорытуымызға толық негіз бар.

Үшіншіден, Әуезов Абайдың қара сөздерінің тілін әдебиет үшін қымбат қазына деп санайды. «...Өлең сөзінде өзінің барлық шеберлігі, жаңалығы, көркемдік таланты бойынша қазақ тілінің сапасын әдебиет тілінің дәрежесіне көтерген ұлы тарихтық еңбегі қандай болса, қара сөздерінің тілімен де Абай осындай еңбекті біздің мәдениет тарихымызға мол сіңірді» деп қорытады. Әуезов атап көрсеткен көркемдік ерекшеліктер соңғы жылдары әрі тілдік, әрі әдебиеттанушылық зерттеулерде тереңірек талданып, Абай прозасына қатысты жаңаша тұжырымдардың тууына себепші болды.

Б.Кенжебаев 1955 жылы жазған «Кемеңгерлік кепілі» атты мақаласында Абайдың қара сөздерін асыл әдеби мұраларының көлемді, аса мәнді саласы дейді. Білгір ғалым Абай сөздерінің жанрын «сюжетсіз жазылған көркем әңгіме, басқаша айтқанда, көркем проза, көркем публицистика. Эссе-жазба» [8, 156] деп белгілейді. Мұнымен қоса, Б.Кенжебаев қара сөз табиғатына қатысты Әуезов пікірін кеңейте түсетін маңызды тұжырымдар жасайды. «Сондай-ақ, Абай қара сөздерінде сөз кестесін де (сөз образын), өмір кескінін де жасаған. Ой-пікірін, айтайын деген идеясын суретпен, кестемен, сырлы сөзбен, келісті теңеулермен айтқан... Мұның үстіне, Абайдың қара сөздерінің қай-қайсысы болсын екпінді, жігерлі, өткір болып келеді» [8, 158-159] дейді ғалым. Сонымен қатар қара сөздердегі көтерілген мәселелерді «өз ойы, өзінің қатынасы формасында сөз еткен. Өзінің дүниеге, қоғамға, қазақ өміріне, әлеумет өмірінің түйінді мәселелеріне көзқарасын айт-

қан» деп, Абай сөздеріндегі субъективизмнің басымдығын тілге тиек етеді. Б.Кенжебаев Абай сөздеріне қатысты талдауын саралай келіп, мынадай қорытынды ұсынады: «Сонымен, Абайдың қара сөздері – көркем проза. Абай- қазақтың көркем прозасының негізін салушы. Бірақ Абай бұл жөнде жалғыз емес, оның серігі, құрдасы бар. Ол Абайдың замандасы Ыбырай Алынсарин» [8, 159]. Ғалымның Абайды қазақ көркем прозасының негізін салушы деген пікірінің қаншалықты дәлелді екендігін жиырмамыншы жыл прозасындағы жетістіктер мысалынан айқын көріп отырмыз.

Көркем дүниенің құндылығы кеудеден қайнап шыққан жүрек сөзінің оқырманды әсерлендірер қуатымен бағаланса, Абайдың қазақтың ұлт болу жайынан толғаған әрбір сөзінен автордың жаны, жүрегінің лүпілі, эмоциялық халі толық көрініс береді. Сөздерде объективтілік пен субъективизм жымдаса, әдемі үйлесіммен өрілген. Абай қазақ дегенде, оның болашағы жайына келгенде жанын салады. Жүректен шыққан ақын сөзінің қазағының жүрегіне жылдам жол табуының себебі де осында болса керек.

Абай қара сөздерін көркем проза үлгісі ретінде таныған ғалымдар пікірін саралай келіп, ақынның поэзия жанрында ғана емес, ұлттық прозаның қалыптасуы мен дамуында да тікелей әсері болғандығына көз жеткіздік. Біріншіден, Абай сөздерінің субъективті сипатының басымдығы автор образын, ақынның жан толқынысын жете тануға мүмкіндік береді. Екіншіден, қара сөздердің сұхбат тәсіліне орайластырылған формасы автор мен оқырман арасындағы эмоциялық байланыстың орнауына себепші болған. Үшіншіден, қара сөздердегі модальдылық сипат, сұраулы сөйлемдердің мол қолданысы, монолог үлгісіндегі автор толғанысы, ойды тұжырып, түйіндеп жеткізу тәсілі мен поэтикалық тілі ХХ ғасыр басында ғана қалыптасып, аз уақытта классикалық проза үлгілерін беріп үлгерген ұлттық прозаның аяқтануына зор ықпал етті деп сеніммен айта аламыз.

**Пайдаланған әдебиеттер:**

1. Нұрғали Р. Жеті томдық шығармалар жинағы. Әдебиет теориясы. Нұсқалық. Астана: Фолиант. 2005, Т.5., -536 б.
2. Байтұрсынов А. Ақ жол. Алматы: Жалын. 1991. -464б.
3. Ісімақова А. Асыл сөздің теориясы. Алматы: Таңбалы, 2009
4. Құнанбаев Абай (Ибраһим). Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Алматы, 1977. 2-том.
5. Тургенев. И. С. Литературные и житейские воспоминания/Прим. Л. Сарбаш, Л. Лотман. – Москва: Правда, 1987. -384 с
6. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. 5-т. Алматы: Ғылым, 1999. -304б.
7. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Монография. Алматы: Санат, 1995
8. Кенжебаев Б. Түрік қағанатынан бүгінге дейін. Алматы: Ана тілі, 2004. -344.

**Ж.Е.АЙТЖАНОВА,**

*Марат Оспанов атындағы*

*Батыс Қазақстан медицина университеті,*

*аға оқытушы, гуманитарлық ғылымдар магистрі*

**Г.Е.БАЗАРБАЙ**

*2 курс, жалпы медицина*

## **ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ БІРІНШІ ҚЫРЫ: АТҚА МІНУ. ЖЫЛҚЫ ЖӘНЕ ҚЫМЫЗ ТЕРАПИЯСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ**

*Түйіндеме*

Ұлы даланың бірінші қыры: атқа міну. Жылқы және қымыз терапиясының маңызы

*Кілт сөздер:* жылқы терапиясы, қымыз терапиясы, Ұлы даланың жеті қыры

Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы даладан тарағандығы туралы елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің жариялаған «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында атап көрсеткен болатын. Мақсатым тұңғыш президентіміздің осы мақаласын негізге ала отырып, атқа міну және оның пайдасы, жылқы малының қасиеті, жылқы сүтінің пайдасы туралы зерттеу, оның медициналық маңызына тоқталып, кеңінен түсіндіру.

Келелі кеңестер мен тындырымды істерді атқару - заман талабы, ал осы жылқы және қымыз терапиясын қолдану нәтижесінде атқа міну өнері мен қасиетті жылқының қымызын ұлттық мақтанышымызға айналдырып, оның емдік қасиеттерін қолдану арқылы халықтың денсаулығын жақсартуды жақсы жолға қоюға болады.

ОДНА ИЗ ГРАНЕЙ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ: ЕЗДА ВЕРХОМ  
НА ЛОШАДИ. ВАЖНОСТЬ ТЕРАПИИ ЛОШАДИ И КУ-  
МЫСА

**Ж.Е.АЙТЖАНОВА,**

*старший преподаватель, магистр гуманитарных наук*

**Г.Е.БАЗАРБАЙ**

*2 курс, общая медицина*

*Резюме*

Одна из граней великой степи: езда верхом на лошади.  
Важность терапии лошади и кумыса

*Ключевые слова:* Терапия лошади, терапия кумыса, Семь  
граней великой степи

В своей статье «Семь граней Великой степи» глава госу-  
дарства Нурсултан Абишулы Назарбаев отметил о том , что  
культура верховой езды и коневодство во всей планете берет  
начало из Великой степи.

Цель заключается в изучении этой статьи первого прези-  
дента, о качествах конного скота, о пользе конного молока, о  
его медицинском значении.

Полезные советы и проведение успешных дел-это тре-  
бование времени.И путем использование терапии лошади и  
терапии кумыса , мы можем преобразовать езду и терапию  
кумыса в национальной гордости.Благодаря использованию  
его лечебных свойств можно улучшить состояние здоровья  
населения

**THE FIRST ASPECT OF THE GREAT STEPPE:  
READING A HORSE.IMPORTANCE OF THERAPY OF  
HORSES AND KUMYS**

**ZH.E.AITZHANOVA,**

*West Kazakhstan Marat Ospanov Medical University  
senior lecturer, master degree of human sciences*

**G.E.BAZARBAY**

*2 course, general medicine*

*Resume*

The first aspect of the great steppe: reading a horse.Importance of therapy of horses and kumys

*Keywords:* horse therapy, kumys therapy, seven faces of the great steppes

The culture of riding and horse breeding in all planet originates from the Great steppe. About it had noted in his article «Seven Sides of the Great Steppe» the president of Kazakhstan Nursultan Abishuly Nazarbayev.

The aim is to give knowledge about horse riding and its benefits, properties, horses, use horse milk to make a contribution to the development of ipoterapii and canisterapie to stay on the medical value and widely disseminate it.

Useful tips and carrying out successful cases is a requirement of the time.And by using horse therapy and kumis therapy , we can transform the riding and kumis therapy in national pride.Through the use of its medicinal properties can improve the health of the population

## ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ БІРІНШІ ҚЫРЫ: АТҚА МІНУ. ЖЫЛҚЫ ЖӘНЕ ҚЫМЫЗ ТЕРАПИЯСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Адамзат әуеліде жаяу еді, жаяу болған соң дамуы да баяу еді. Қаншалықты баяу дамығанына бір дәлел: адам атты қолға үйреткенге дейін 2 млн. 600 мың жыл бойы тас ғасырында өмір сүрді. Бұл дегенің тас ғасыры адамзат өмірінің 99 пайызын жалмап қойды деген сөз ғой. Сол миллиондаған жылында аса бір өзгеріс жоқ еді. Атқа қалай мінді, адам солай тас ғасырын тастап шықты. Атқа мінгеннен бастап адамзаттың өмірі тарих деп атала бастады. Адамзатты дамудың даңғылына алып шыққан ат ең алғаш Қазақ жерінде Ботай қонысында қолға үйретіліп еді. Осыдан 5,5 мың жыл бұрын дәл осы мекенде тарпаңға ауыздық салынды. Ол кездегі атты үйрету – бүгінгі ғарышты меңгергеніміз, компьютер арқылы ғаламды басқарғанымыз сияқты инновация болатын. Көшпенділер үйретілген атты көрші мемлекеттерге сатып, көп пайда тауып отырған.

Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы даладан тарағандығы туралы елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің осы жылы жариялаған «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында да атап көрсеткен болатын. Жылқының шаруашылықта, адам өмірінде маңызы зор. Ол ет және қымыз өндіру, салт міну, арбаға не шанаға жегу, спорттық бағыттарда өсіріледі. Дүние жүзінде жылқының 300-ден астам түрі болса, соның он төрті Қазақстанда өсіріледі екен. Ерте замандарда халқымыз жылқы малын қатты қадірлеген. Қазақ халқының дүниетанымында, ділі мен тілінде жылқыға қатысты өзгеше философиялық және мәдени жүйе қалыптасқан. «Адам – жылқы мінезді», «Жылқы-малдың патшасы», «Ат-ердің қанаты», «Жігіттің сорлысын, аттың жолдысы теңейді» тағы басқа жүздеген мақал-мәтелдерді қоссақ халқымыздың адам мен оның жан серігі аты-

на біртұтас әлем ретінде қарағанына көз жеткізуге болады. Жылқы өсіру және бие сауу қазақ халқының ата кәсібі болып табылады.

Қаны да, жаны да жылқыдан ажырамас қазақ үшін осы бір қылқұйрықтың пайдасы шаш етектен екенін ешкім де жоққа шығармасы анық. «Тебінгісі терге шіріп, терлігі майдай еріп» өткен кешегі бабаларымыздың тұсында жылқының емдік қасиетін саралай талдап, сараптай көрсеткен. Безгек болған адамды жаңа сойылған жылқының терісіне орау, босана алмай жатқан әйелдің үстінен жылқы секірту тағы басқа толып жатқан жылқының емдік қасиетінен өзге жылқының майының өзі талай ауруға ем, талай дертке шипа.

Ал жылқының дене қызуы арқылы, жүрісі арқылы, энергиясы арқылы емдеу жайына келер болсақ, бұның өзі тұнып жатқан бір ғылым. Мұны медицинада «иппотерапия» деп атайды. Қазіргі таңда иппотерапияны қабылдаушылар саны жылдан-жылға көбейіп келеді. Өкініштісі сол, елімізде осы қолда бар мүмкіндікті тиімді пайдалана алмай келеміз. Олай дейтініміз елімізде саусақпен санарлық қана иппотерапия орталықтары ғана бар. Алматыда, Өскемен мен Қостанайда және Шымкент қалаларында.

Мінсе – көлік, шапса – желік, ішсе – қымыз, жесе – ет болған жылқы жарықтықтың қаншама қасиетін пайымдағанымызбен парқын білмеген тұстарымыз да бар екен. Парқын білмегеніміз, парықсыздығымыз емес.. Иппотерапия – қазақтың қанына сіңіп, ұлттың дәстүрімен қабысып кеткен ежелгі ем болуы да кәдік. Айтар сөзіміздің арқауы – иппотерапия, яғни жылқымен емдейтін медицина саласы және барлығымызға пайдасы аян қымыз терапиясы.

Иппотерапия – жүйке жүйесі зақымданған науқасты, сал ауруларын емдеуге арналған медицина ғылымының бір тармағы. Яғни, науқастың жүйкесін оңалтуға әсер ететін әдіс-тәсілдерге жылқы жануарын қолданады. Атқа отыру – адамға биохимиялық тұрғыда ықпал жасап, ағзаны нығайта түседі.

Иппотерапия дәрігерлерінің айтуынша, жылқы бұлшық еттерінің қозғалысы массаж жасауға қабілетті көптеген элементтен тұрады және адам ағзасын ақырындап қыздырады. Өйткені, жылқы температурасы адамның дене қызуынан бір жарым градусқа жоғары болады. Атқа отырғанда тақымға берілетін жылу қан айналымын жақсартады. Тіпті, тақым арқылы тараған қан айналымы саусақтың ұшына дейін жүретін көрінеді. Ат ақырындап желгеннің өзінде 110 түрлі тербеліс тудырады екен. Желген кезде жануар бұлшық етінің қозғалысы мінген адамға беріледі. Салт жүргенде құлап қалмай, дұрыс отыра білу үшін қимыл-қозғалысты бақылап, тепе-теңдікті сақтау қажет. Міне, осындай кезде тірек-қимыл жүйесінің қызметі бұзылған науқастың күнделікті өмірде қимылсыз қалған бұлшық еттері іске қосылады. Сондай-ақ, бұл жүйке ауруының ауыр түрлерімен ауырған науқастарға қоршаған органы өз үйлесімімен қабылдауға, жаратылысқа ынталы болуына көмектесіп, жүректің қызметін жеделдетеді.

Иппотерапия – жұлынға зақым келгенде, миға қан құйылғанда, бас сүйек-ми жарақатын алғанда, мінез-құлық өзгеріске ұшырағанда, көңіл-күй төмендегенде, ұмытшақтық пайда болғанда, шорбуынға және тірек-қимыл аппараты қызметі бұзылғанда, бір сөзбен айтқанда, адамның жүйке жүйесіне қатысты ауруларды емдеуге қолданылады. Тіпті есту қабілеті мен көздің көруі нашарлағанда да иппотерапияға сүйеніп, ем қабылдауға болады деседі. Атқа мінуге дағдылану адамның сымбатты болуына да оң әсер етеді.

Әлемдік медицинада иппотерапияның алғашқы тұжырымдамасы Гиппократтың еңбектерінде кездеседі. XVIII ғасырдың ортасында энциклопедияшы Дени Дидро «Атпен жүрудің денсаулықты сақтаудағы маңызы» атты трактатында жаттығулардың ішінде алғашқы кезекте атқа мінуді атап, оның көмегімен көптеген ауруларды емдеуге мүмкіндік бар екендігін жазды. Иппотерапияның адам ағзасына өте пай-

далы екендігі ХІХ ғасырдың соңында ғылыми түрде зерттеле бастады. Соңғы жылдары елімізде де иппотерапиялық емдеу бағдарламасына жүгінушілер қатары көбейіп келеді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқына арнаған жолдауында «Мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Бізде аз емес ондай адамдарға қамқорлық көрсетілуге тиіс. Бұл қоғам алдындағы біздің парызымыз», деп атап көрсеткен болатын.

Мемлекет басшысының тапсырмасын жүзеге асыру Шығыс Қазақстан облысының Винное ауылында иппотерапия орталығы ашылып, еліміздегі ең алғашқы емдеу курстарын жүзеге асыра бастады. Осы ауылдағы «Титан» ат спорты кешенінде денсаулығында кемістігі бар балаларға арнайы үйретілген аттар арқылы емдеу шаралары қолданылады. 2009 жылы басталған игілікті іс жылдан-жылға өріс алып келеді. Мемлекет жеке меншік әріптестігі негізіндегі келісімге сәйкес, төбесі жабылған манеж құрылысы жүргізілді. Соның арқасында иппотерапия орталығының есігі бұл емді пайдаланушыларға қысы-жазы ашық деуге болады. Орталық қызметкерлері шетелден келген мамандармен тәжірибе алмасып тұрады. Мәскеу қаласынан келген осы саланың шеберлері семинар өткізді. Ресейлік иппотерапевттер біліктілігі артқан мамандарға арнайы сертификаттар табыстады. Иппотерапия – балаға психоэмоционалдық және биомеханикалық тұрғыдан екіжақты әсер етеді. Атқа міну, жылқы жануарын бағындыру жарымжан бала үшін үлкен жетістік. Сал ауруымен ауыратын бала өздігінен аяғын баса алмайды, ол өзін салт атты адам сезінгенде өз аяғымен жүргендей, психоэмоционалдық тұрғыдан әсер алады. Жылқы жүрісінің тербелісі және артқа, алға шайқалу арқылы баланың тірек-қозғалыс жүйесіне әсер етуге болады. Қазақстанда иппотерапия мамандарын әзірлейтін оқу орталығы осыған дейін болмаған. Олқылықтың орнын тұңғыш рет Шығыс Қазақстан облысы толықтырып

отыр. Бұл кешеннің алдағы уақытта еліміздегі иппотерапия орталығы болуға толық мүмкіндігі бар. Қазақстан бойынша иппотерапия мамандарын дайындайтын оқу орны жоқ. Мұндай мамандарды Париж, Тбилиси және Мәскеу қалаларында ғана даярлайды.

«Титан» ат спорты кешенінде емдеуден өткен балалардың 90 пайызына иппотерапиялық курстар оң әсер еткен. Негізі, қатаң іріктеуден өткен жануарлар әкелініп, әбден үйретілетіндіктен мұндағы жылқылар өте жуас болып келеді. Себебі, түрлі сырқат балалар атқа отырғанда оны ұрып, тістеп, басқа да оқыс әрекеттер жасауы мүмкін. Мұндай жағдайларға жылқыны алдын ала үйретеді. Яғни дайындық кезеңінде жылқыны ұрып, соңыра қант беріп отыру арқылы шыдамын, төзімділігін арттырады. Жылқы малы мұның қажеттілік екенін өте жақсы түсінеді.

Мамандар ем-домға қажетті жылқыларды әр жерден іздеп, тауып әкеледі.

Және де Қазақстан бойынша үлкен ипподром Алматыда ғана бар. Кішкентай Швецияда – 23, Францияда 254 ипподром бар екен. Жылқының жалын тартып мінсе, қазақта ешқандай ауру болмас еді. Простатит, протрузия, сал (ДЦП)... қысқасы, аурудың түрі көбейді. Қаланың қазақша сөйлейтін қазақтары ат-әбзелдерінің атауын білмейді. Мәдени тұрғыда көп нәрсені ұмытып барамыз.

Отанымыздың шалғай шығысында, Алтайдың атан асқарында мыңжылдықтар бойы Берел бауырына басып жатқан көне тас қорғандардың астынан қасиетіңнен айналайын бабаларымызбен бірге жылқы жарықтық та табылғаны белгілі. Археолог азаматтарымыз жерленген адамның қасындағы жылқы саны оның әлеуметтік дәрежесін көрсететінін айтқан. Патшалар жазығын жылқымен бірге жастанып жатқан жаужүрек бабалар қорғанының қасында ойдан ой туындады: ер қанатын ертеде көрге де бірге ала кетіпті. Бұл жылқы жануарына деген ұлы махаббат, кіршіксіз сенім, риясыз достық

қой! Шығыстың тағы бір таңғажайып мүйісі Ақбауырды алайық. Қола дәуірінен бері қарай салынған тастағы таңбалар мен петроглифтерде жылқылар бейнеленген. Және жай жайылып жүрген жуас жылқы емес. Қасқыр мен бұғы қуып жүрген жылқылар қашалған. Ғылыми түсініктеме жазғысы келген әлдекімдер, оны «жыртқыш жылқылар» депті. Құдай-ау, бұлар тарпаңдар ғой. Бүгін бүкіл әлем бұршақ салып мойындап отырған «Жылқының отаны – Қазақ елі» деген сөздің тасқа басылған мөрі ғой! Тұяғын тарпып, кең даланың апшысын қуырған жабайы жылқылар Шығыстан тарағанының көрінісі емес пе! Ендеше, иппотерапияның осы өлкеден бастау алуында да белгілі заңдылық бар сияқты.

Ал қымызға келер болсақ, халық арасында қымызды адамның денсаулығын сақтайтын және жасын ұзартатын сусын деп атайды. Халықтық медицинада оны ежелден бері өкпе ауруына қарсы ем ретінде және созылмалы аурулардан арықтағанда әлдендіретін сусын ретінде қолданып келді. Қазақ халқы қымызды қарапайым пеште қыздыру арқылы, ерте кезде одан спирт алған. Сөйтіп, қымыз спиртін қызба ауруына және жөтелге қарсы ем ретінде қолданған. Сондай-ақ оны қол-аяқтың ауырған жеріне қолданған.

Қолда барда алтынның қадірі жоқ демекші, халқымыз бие сүті мен жылқы терапиясының қадір-қасиетіне толық жете алмай келе жатыр. Бұрын өзіміздің Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Темір кеңшары техникумында биені аппаратпен сауу жолға қойылған еді және Қарағанды облысында қымызды шыны ыдысқа құйып шығарылғаны туралы бұқаралық ақпарат құралдарында айтылып жүрді. Басқасы былай тұрғанда, тіпті ауылдық жерде бие байлап, қымыз дайындайтындар сирек кездеседі. Ал қазіргі таңда біздің мақтанышымыз болып Қарағанды қаласындағы «SAUMAL» сауда белгісімен шығарылып жатқан өнім болып отыр. Бұл өнім қазіргі таңда әлемге экспортталуда алайда, бір өкініштісі тағы да өз халқымыз үшін бағасы қымбаттау, одан қалды жарнамасы күшті шетел

тауарларын тұтынудың жоғарылығы қынжылтады.

Негізінен саумал сауылғаннан кейін 2 сағаттан соң өзінің құнарын жойып, жай ғана сусын болып қалады. Ал Қарағандыдағы Осакаровка ауданындағы заманауи зауыт күніне мың жарым биені сауып, жаңа сауылған сүтті құрғату әдісімен ұнтаққа айналдырады. Құрғатылған саумал сүті бойындағы құнарлылығын осылайша сақтайды. Бұл зауытта барлығы Германиядан әкелінген. Осы зауыттың ашылуына көмектескен Ганс Цольман деген кісі жылқының қандай шөп жегенінен бастап, сауыншының қолындағы қолғабына дейін тексерген. Себебі-мүдделі өзі. Ал Ганс деген кім десеңіз, ол Рудольф Шторх дегеннің күйеубаласы. Рудольф болса, Қазақстанға әскери тұтқын болып келіп, туберкулезбен өлім аузында жатқанда саумалмен жазылған. Сол Рудольф еліне қайтқанда, өмірін саумалды зерттеуге арнап, өндірісін салған. Кейін істі күйеубаласына тапсырған. Бұндай зауыт біздің елде жалғыз, технологиясы-тың.

Қорыта айтқанда, тарихи бастауын бізден алған жылқының қадір қасиетінің, оның өнімдерінің, жылқы терапиясының пайдасын өзіміз емес, өзге елдер бізден бұрын дамытып жатқандығы қынжылтады, кіндігі бізде, кілті өзгеде деген осы шығар.

Ойымды қорытындылай келе мына ұсыныстарды ұсыным келеді:

1. Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының негізінде жылқы терапиясын елімізде дамыту. Сал ауруына шалдыққан балаларды және басқа да ауруларды емдеуге арналған иппотерапия орталықтары мен арнайы иппотерапия мамандарын даярлайтын факультет ашу;

2. Қымыз ашытуда ұлттық үрдістерімізді ескере отырып, өндірістік негізде ұйымдастыру қажет, яғни ол үшін әр облыстарда қымыз зауыттарын ашып, емдеу орындарын қымызбен қамтамасыз ету;

3. Әрбір отбасына кемінде 1-2 жылқы өсіру міндеттелген жағдай болса ғана халқымыз жылқы өнімдерін тұтынар ма еді? Әрі ол жылқының саны жылдан-жылға көбейеді, сонымен қатар халықтың әлеуметтік жағдайы да жыл өткен сайын жақсарары анық;

4. Ең бастысы-жарнаманы күшейту.Қымыздың емдік қасиеті мен иппотерапияның пайдасын барлық бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау;

Қорыта айтқанда, келелі кеңестер мен тындырымды істерді атқару - заман талабы, ал осы жылқы және қымыз терапиясын қолдану нәтижесінде атқа міну өнері мен қасиетті жылқының қымызын ұлттық мақтанышымызға айналдырып, оның емдік қасиеттерін қолдану арқылы халықтың денсаулығын жақсартуды жақсы жолға қоюға болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. «Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясы» 4-том. Жоғарғы Көкше.

2. «Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясы» 6-том. Қожа Назар.

3. «Денсаулық» журналы №8. 2007 ж.

4. «Денсаулық журналы» №4. 2007 ж.

5. «Шаруа анықтамалығы» газеті. №8 2010 ж.

6. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2010 жылғы «Жаңа онжылдық-жаңа экономикалық өрлеу-Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауы.

7.«Егемен Қазақстан» газеті, 30.01.2010 ж.

8. «Егемен Қазақстан» газеті.Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы, 21.11.2018 ж.

**Б.И.Шәмші.**

*гуманитарлық ғылымдар магистрі, аға оқытушы,*

**Г.А.Бердешева,**

*медицина ғылымдарының кандидаты,*

*доцент,*

**А.М.Баспақова,**

*медицина ғылымдарының кандидаты,*

*ғылыми қызметкер*

## **АТҚА МІНУ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ КӨШПЕНДІЛЕР ГИГИЕНАСЫ**

Еліміздің қазіргі заман тарихындағы жарқын парақтардың бірі – «Рухани жаңғыру» Бағдарламасы мен оның заңдылықты жалғасы болып табылатын «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы. Егеменді даму тарихымызда біз тек экономика мен саясатқа қаттығана көңіл бөліп қоймай, тарихи, рухани сананың қалыптасуын да, оны жаңғыртуды да естен шығармадық. Бұның дәлелі «Тарихи сананы қалыптастыру» тұжырымдамасы, ҚР тұңғыш Президентінің «Халық - тарих толқынында» еңбегі, ауқымды «Мәдени мұра» бағдарламасы және басқа да іс-шаралар мен құжаттардың қабылдануы.

Солардың заңдылықты жалғасы ретінде «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы осы тарихи сананы жаңғыртып қана қоймай, оны жаңа деңгейге көтеріп, насихаттаудың қажеттілігін аша түседі. Н.Ә.Назарбаев аталмыш мақалада: «Көп қырлы әрі ауқымды тарихымызды дұрыс түсініп, қабылдай білуіміз керек. Біз басқа халықтардың рөлін төмендетіп, өзіміздің ұлылығымызды көрсетейін деп отырғанымыз жоқ. Ең бастысы, біз нақты ғылыми деректерге сүйене отырып, жанандық тарихтағы өз рөлімізді байыппен әрі дұрыс пайымдауға тиіспіз» [1], - дейді.

Шын мәнінде де біз өз жетістігімізді мақтан тұта алдық па, оны биік деңгейлерге көтере алдық па? Оның іздері біздің күнделікті өмірімізде қаншалықты көрініс табуда? Лувр, Прадо, Эрмитажды аралап жүріп, шынымен олардағы қойылған жәдігерлердің басым бөлігінен көшпенділер мәдениетінің белгілерін көргенде, оның неліктен осылай екендігіне зерделеп көрдік пе?

Мақалада: «Біздің жеріміз материалдық мәдениеттің көптеген дүниелерінің пайда болған орны, бастау бұлағы десек, асыра айтқандық емес. Қазіргі қоғам өмірінің ажырамас бөлшегіне айналған көптеген бұйымдар кезінде біздің өлкемізде ойлап табылған. Ұлы даланы мекен еткен ежелгі адамдар талай техникалық жаңалықтар ойлап тауып, бұрын-соңды қолданылмаған жаңа құралдар жасаған. Бұларды адамзат баласы жер жүзінің әр түкпірінде әлі күнге дейін пайдаланып келеді. Көне жылнамалар бүгінгі қазақтардың арғы бабалары ұланғайыр Еуразия құрлығындағы саяси және экономикалық тарихтың беталысын талай рет түбегейлі өзгерткені туралы сыр шертеді» [2] делінген. Шынында да, бұл ерекше көңіл бөлетін және жаңаша зерттеуді қажет ететін мәселелердің тек біреуі ғана. Ал олардың саны аз емес.

Солардың бірі мақалада ең алдымен қарастырылатын «АТҚА МІНУ МӘДЕНИЕТІ». Расында да жылқыны қолға үйрету – әлемдегі Ұлы жаңалықтардың бірі болды. Онымен бірге әскери өнер де, шаруашылық прогресі де, өмір салты да, киім-кешек пен қарудың жаңа түрі де дамыды. Ұлы дала халқының өмірі түбегейлі өзгеріске ұшырады. Солардың ішінде ерекше тоқталуды қажет ететіні – көшпенділердің мүлдем жаңа гигиенасының қалыптасуы. Сондықтан медицина саласының мамандары болғандықтан біз, өз зерттеуіміздің арқауы ретінде көшпенділер гигиенасын ала отырып, оны тарихи және медициналық-биологиялық жағынан қарастыруды жөн көрдік.

Алдымен гигиена жөнінде жалпы түсінік қалыптастыратын болсақ: Гигиена – (грек. *hygieinos* – дені сау) денсау-

лықты сақтау, аурулардан алдын ала сақтану туралы ғылым; медицинаның бір саласы. Қоршаған ортаның адам организміне (денсаулығына, оның еңбек ету қабілеті мен өмірінің ұзақтығына) тигізетін әсерін зерттейді; елді мекендерді таза ұстау, мұндағы адамдардың тұрмысы мен қызмет жағдайын жақсарту жөнінде түрлі нормативтер мен ғылыми талаптар, санитарлық шаралар жүйесін жасайды. Аталмыш ғылымның негізгі зерттеу объектісі болып – қоршаған орта факторлары мен оған ағзаның реакциясы табылады [3]. Қоршаған орта туралы айта келіп, жылқыны қолға үйретуге негіз болған алғышарттың бірі Қазақстан аумағындағы аридті, шұғыл континентті климаттың қалыптасуы екенін ұмытпау қажет. Ол адам ағзасына айтарлықтай әсер етіп, моңғол тектес белгілердің қалыптасуына әкелді, адамды жаңа өмір сүру ортасын іздеп, мекенін ауыстыруына мәжбүрледі. Ал жаңа климаттық орта – жаңа гигиеналық талаптар қойды. Жаңа жердің ауасы да, суы да, топырағы да, өсімдік және жануарлар әлемі де өз ықпалын тигізбей қоймады. Аридтік ауа-райында жазда ыстық, құрғақ ауа, дауылдарға, ал қыста қатты аязға, борандарға бейімделу де ағзаға өз әсерін тигізбей қоймады. Сол себепті мүлдем жаңа өмір салты жаңа гигиеналық талаптарды қойды. Жалпы гигиена ғылымының бүгінгі таңда еңбек гигиенасы, тамақтану гигиенасы, коммуналды гигиена, жеке бас гигиенасы секілді бағыттары бар.

Осы тұрғыдан ең алдымен еңбек мәселесіне тоқталайық. Еңбек гигиенасы - еңбектің және айналадағы өндірістік ортаның адам организміне тигізетін әсерін зерттейтін, еңбек етуге қолайлы жағдай туғызу, кәсіби ауруларға жол бермеу шараларын қарастыратын гигиена саласы [4]. Жоғарыда айтқан құрғақ, континенталды климат өз кезегінде жаңа еңбек шарттарын алға тартты. Жылқыны қолға үйрету – атқа мінуге ыңғайлы бұйымдар мен киімнің жаңа түрлерін ойлап табуға әкелді. Бұл туралы мақалада «Ат үстінде жүргенде ыңғайлы болуы үшін бабаларымыз алғаш рет киімді үстіңгі

және астыңғы деп екіге бөлді. Осылайша кәдімгі шалбардың алғашқы нұсқасы пайда болды. Бұл салт атты адамдардың ат құлағында ойнауына, ұрыс кезінде еркін қимылдауына мүмкіндік берді. Дала тұрғындары теріден, киізден, кендір мен жүннен, кенептен шалбар тікті. Содан бері мыңдаған жыл өтсе де, киімнің осы түрі өзгере қоймады. Қазба жұмыстары кезінде табылған көне шалбарлардың қазіргі шалбардан еш айырмасы жоқ. Сонымен қатар бүгінгі етіктердің барлық түрі көшпенділер атқа мінгенде киген жұмсақ өкшелі саптама етіктің «мұрагерлері» екені белгілі. Ат үстінде жүрген көшпенділер тақымына басқан сәйгүлігіне неғұрлым еркін мініп жүруі үшін биік ер-тұрман мен үзеңгіні ойлап тапты. Бұл жаңалық салт атты адамның ат үстінде қаққан қазықтай мығым отыруына, сонымен бірге шауып бара жатып, қолындағы қаруын еш қиындықсыз және неғұрлым тиімді қолдануына мүмкіндік берді» [5] деп атап көрсетіледі. Шынында да шалбар тек ыңғайлылық емес, тақымды қажымау үшін де қолданылады. Шоңқайма етік болса, үзеңгіге тіреу, тобықты жарақаттамау, үзеңгіден аяқты тез шығарып, тебіну арқылы атты басқаруға қолайлылықты тудырды. Бір ескеретін жайт, көшпенділер арасында қуық асты безі ауруы (простатит) мүлдем кездеспейді екен.

Еңбек гигиенасы туралы айта келіп, көшпелі шаруашылық Ұлы дала тұрғындарына мүлдем жаңа уақыт режимін әкелгенін ескермеуге болмайды. Өмірін отырықшылар секілді көктем мен күзге арнап, жаздай егіс баптаудан, біздің бабаларымыз басты қиындықты қыстан малды аман шығару, оны көктемгі төлдету, жазда еркін жаю секілді бағытқа бұрып, маусымдық өзгерістерге бейімделді. Осыған орай, жыл басы осы мал төлдетуден Жаңа күнді, Жаңа жылды – Наурызды кей халықтар секілді бір күн емес, бірнеше күн – 14 наурыздан айдың аяғына дейін тойлауы, уақыт мезгілдерінің өзінің атауларын қалыптастыруы пайда болды. Мәселен, өзге Шығыс елдеріндегідей Әтеш, Бұқа, Қошқар жылы емес, аналық

бастаудың негізі – Тауық, Сиыр, Қой деп, ал күздің бастауы – аталық малдың күйекке түсуінен – қыркүйек аталуы, барлық мереке-тойларын жазғы мезгілге ауыстырып, қалғанын табиғаттың тосын сыйларына қарсы тұруға арнауы - осының айғағы.

Ұлы дала тұрғыны осы табиғаттан, кең даладан өзіне керектің барлығын ала білді. Солардың ішінде еңбек етуге қажетті шарттар ғана емес, мал өнімдерінен алған еңбек құралдары, қару-жарақ түрлерін де ескермеуге болмайды. Теріден жасалған ат әбзелдері, киім элементтері, ал қару ретінде қамшы түрлері мүлдем жаңа еңбек жағдайларын тудырды.

Мал өнімдерін басым пайдалану мүлдем жаңа тағам гигиенасын қалыптастырды. Көшпелі өмір салты жаңа тамақ түрлерін, негізінен мал өнімдерінен алынған тағам түрлерін өмірге әкелді. Рационда негізінен көшпелі өмір салтына бейімделген жылқы, қой, түйе еттері көбейіп, сиыр еті азайды. Өсімдік тағамдарының мөлшері азайып, сүт өнімдерінің түрлері артты. Дала тұрғындары ет өнімдерін қақтап та, кептіріп те, пісіріп те, қуырып та пайдаланса, сүт өнімдерін алудың әрқилы жолдарын ойлап тапты. Құрт, ірімшік, сарысу кептіріліп алынса, шұбат алудың, айран ұйытудың, қымыз ашытудың технологиялары дүниеге келді. Қазіргі европоцентризмдегі насихатталып жүрген «ет – холестеринді көбейтеді» деген стереотип – көшпенді үшін мүлдем жат нәрсе екенін естен шығармау қажет. Атқа міну мәдениеті біріншіден, холестеринді ол үнемі қозғалыс, ат үстінде жүру арқылы, ал екіншіден, оны сорпамен және көшпенділердің ең ерекше сусыны – қымыздың көмегімен ыдырату технологиясын меңгерді. Бұл ретте халқымыз жыл мезгілдеріне байланысты өзіндік тамақтану тәртібін, рационын қалыптастырды, шілденің ыстық күндері калориясы жоғары шұбат, айран сусындарын емес, аталған сусындарға су қосып шалап етіп ішкен, одан басқа күріш, бидайдың суын «көженің суы» етіп ішкен. Көктем мезгілінде иммунитеттің төмендейтінін біліп жаңа

төлдеген малдың сүтінен, яғни уызына тары-талқан қосып тұтынған. Жер жаңа көктеп, сол жаңа шыққан көкке малы жайылып, одан сол макро- және микронутриенттерге бай сүттен сары май жасап күбіге сақтап, құрт-ірімшік жасап табиғи технологиямен сақтай білген және оның құндылығы жоғары екенін ертеден ақ білген.

Алыс қашықтықтар мен түрлі климаттық ерекшеліктер тағамды әзірлеу ғана емес, оларды сақтау түрлерін және техникаларын дүниеге әкелді. Дала тұрғындары мес, күбі, торсық, саба және өзге де ыдыс түрлерін негізінен тері, сүйек, ағаш және өзге де табиғи материалдан әзірледі. Бұл да табиғи өнімді табиғи күйде әзірлеу мен табиғи күйде сақтау қажеттілігінен туындады. Ал металл ыдыстар негізінен күмістен әзірленді, мысал ретінде атақты «Алтын адамның» бұйымдары ішінде тек тостағанның ғана күмістен жасалуы, оның тазарту қасиетін ежелден ақ адамдардың білгенінің айғағы

Басқаша айтсақ, дала тұрғындары мүлдем жаңа өркениеттің мүлдем жаңа тамақтану гигиенасын қалыптастырып, ұрпағына ұзақ жылдарға мұра ете білді.

Қазақ халқы жеке бас гигиенасына да ерекше мән берген, себебі, оның адамның денсаулығын сақтауда және нығайтуда алар орны бөлек. Жеке бас гигиенасын сақтаудың маңыздылығын балаларына, немерелеріне насихаттап отырған. Мысалы шашты жуу, сақал өсіру, уақытында тырнақ алу және тағы басқалары. Әйел адамдар шашын бұрым қылып өріп, сүйектен, күмістен жасалған жеке тарақтары болғандығы жөнінде тарих беттері куә, одан басқа күмістен шолпы таққаны да мәлім. Сақал өсіргенде де арнайы ұстаралары болып оны жауып-тазартуына да өте қатты мән берген.

Гигиенаның тағы бір түрі – коммуналды гигиена – негізінен тұрмыс жағдайларын, оның ішінде қоныстану орындарының тазалығын, қолайлылығын зерттейді. Көшпелі өмір салты алдымен арба үстіндегі үйлерді, кейін ежелгі қола дәуірінің тайпаларының ойлап тапқан құрастырмалы үйінің

негізінде дәуір жаңалығы – киіз үйді ойлап тапты. Оның қолайлылығы, көші-қонға бейімделгіштігі өз алдына, туырлығын түру мен түсіру арқылы қоңыр салқын температураны ұстап тұрып, жылу балансын, түндікті ашып-жабу арқылы күн энергиясының радиациялық мөлшерін реттеуге қолайлы жағдай жасалды. Ал оның қой жүнінен басылған киізбен жабылуы – тек жылу ғана емес, қарақұрт, бүйі секілді жәндіктерден қорғау мүмкіндігін де тудырды. Дөңгелене тігілген үйдің ортасындағы ошақ түтіні шаңырақтан тік шығуға, ал ағаш төсек, кебеже, сандық, аяққап және басқа да бұйымдар киім мен тағамды таза ұстауға жағдай жасады.

Коммуналды гигиена ішінде ерекше орынды тазалыққа, ұқыптылыққа, көшпелі өмір салтына лайықтанған киім үлгілері алады. Кең балақ шалбар, кең пішілген бешпеттер мен шапандар, шекпендер, аң және мал терілерінен тігілген тұмақ, малақай, бөрік секілді бас киімдер, күпі, тон, ішік секілді сырт киімдер аязды қыста көшпендінің жанын талай аман алып қалды. Ал әйелдердің орамалы тазалықтың символына айналғалы қашан. Бала емізетін әйелдер болса, орамалдарын жаулыққа ауыстырып, оның ұшымен баланы және төсін көлегейлеп, жат көзден, жел-тозаңнан қорғап отырды.

Гигиенаның тағы бір түрі – жеке бас гигиенасы. Бұл ретте ерекше орынды тазалық мәселесі алады. Көп уақыта дейін сақталып келген европоцентристік теория – «көшпенділер жуынбаған» деген стереотипті ұсынып келді және ол ұзақ уақыттар бойына сақталды. Әрине, далалықтар көп ретте стационарлы моншаны қолданбауы да мүмкін, моншалар көбінесе шаһарларда орналасты. Дегенмен, үлкен легендердің, астаулардың үй тұрмысы бұйымдарының қатарына жатқандығы, итсигек пен ащы алаботадан алынған сақар қосылған, сүйек майынан әзірленген сабын қайнату техникасы олардың ежелден әзірлеген гигиеналық бұйымы. Баланы қырқынан шығару кезінде күміс теңгелер салған суға түсіру, жоғарыда айтылған «Алтын адамның» жанынан табылған күміс табак

туралы айта кету де артық болмас. Дала құдықтарының, табиғи су қоймаларының жанында кірпіштен салынған арнайы жуыну орындарының қалдықтары әлі де кездеседі. Шаштарын алып, сақал-мұрттарын басу, ауыз шаю, тіс тазалауға арнайы аршадан жасалған тіс шұқығыштар – мисуәктер, сүйек тарақтар күнделікті өмірдің тиісті бөлігіне айналған. Бұл далаға ислам діні енгеннен кейін күшейе түсті.

Халқымыз гигиенаның қай түріне болмасын ерекше мән берген және оның ережелерін сақтай отырып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізе білген. Әрине қазіргі таңда технологиялардың дамуы өз әсерін тигізуде, дегенмен ертедегі гигиена мәдениетімен ұштыстыра отырып кейбір тұстарын сақтай білуіміз және оны келешек ұрпаққа жеткізу, үлкен міндет. Жалпы алғанда Ұлы дала тұрғындарының өмір салтын бүгінгі ғылым тұрғысынан негіздей отырып зерттеулер жүргізу әлі де тиісті деңгейде жүргізілмей отыр. Біздің қарастырғанымыз осы проблемалардың бір пұшпағы ғана.

«Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында еліміздің тұңғыш Президенті айтқандай: «Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту – еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы» [6].

### Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. Ұлы даланың жеті қыры. Астана. 2018
2. Бұл да сонда.
3. О.Д.Дайырбеков, Б.Е.Алтынбеков, Б.К.Торғауытов, У.И.Кенесариев, Т.С.Хайдарова Аурудың алдын алу және сақтандыру бойынша орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Шымкент. “Ғасыр-III”, 2005 жыл
4. Алексеев С.В., Усенко В.Р. Гигиена труда. 1999 г. Руководство к практическим занятиям по гигиене труда.
5. Назарбаев Н.Ә. Ұлы даланың жеті қыры. Астана., 2018
6. Бұл да сонда.

ТҮЙІНДЕМЕ

*Атқа міну мәдениеті және көшпенділер гигиенасы*

Мақалада ҚР тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласындағы көрсетілген басымдықтың бірі ретіндегі «Атқа міну мәдениеті» тақырыбы негізінде атқа міну мен көшпелі өркениеттің Ұлы дала көшпенділерінің өздеріне ғана гигиенасын қалыптастыруға әсері, оның нәтижесінде, тұтас өмір салты мен болмысының қалыптасуы туралы жан-жақты талдау жасалады және оны алдағы уақытта зерттеу қажеттігі айтылады.

*Тірек сөздер:* Атқа міну, жалпы гигиена, еңбек, тамақтану, жеке бас, коммуналды гигиена

ÖZET

Binicilik kültürü ve göçebelerin hijyeni

Makale, süvari kültürünün ve göçebe medeniyetinin, Büyük Bozkır sakinlerinin oluşumu üzerindeki bir çeşit hijyen oluşumu üzerindeki etkilerini, Kazakistan Cumhuriyeti'nin ilk Cumhurbaşkanı N. Nazarbayev'in «Büyük Bozkır'ın Yedi Yüzü» nün önceliği temelinde ve ayrıca ihtiyaç üzerine gelecekte çalışıyorum.

Anahtar kelimeler: süvari, genel hijyen, gıda hijyeni, işçi hijyeni, ortak hijyen

АННОТАЦИЯ

Всадническая культура и гигиена кочевников

В статье рассматриваются вопросы влияния всаднической культуры и кочевой цивилизации на формирование своеобразной гигиены населения Великой степи, на формирование их бытия, на основе приоритета «Всадническая культура» статьи Первого Президента РК Н.А.Назарбаева «Семь граней Великой степи» а также на на необходимость изучения ее в будущем.

*Ключевые слова:* всадничество, общая гигиена, гигиены питания, труда, коммунальная гигиена

*ABSTRACT*

The equestrian culture and hygiene of nomads

The article deals with the influence of equestrian culture and nomadic civilization on the formation of a kind of hygiene of the inhabitants of the great steppe, on the formation of their being, on the basis of the priority «Equestrian culture» of the article of the First President of Kazakhstan N. A. Nazarbayev «Seven facets of the Great Steppe» and on the need to study it in the future.

*Keywords:* horsemanship, General hygiene, food hygiene, labor hygiene, municipal hygiene

Мазмұны

<i>Ж.О.Артыкбаев</i> , Ұлы дала және ежелгі заманның көші-қондары .....	3
<i>Әліпхан Мақсат</i> , Абайдың адамгершілік ілімінің өзегі .....	12
З.Муминова Түркі – ислам сопылық дереккөзі ретінде «хадикат ал-арифин» .....	23
Г.Ж.Примкулова Қазақтың этникалық мәдениетіндегі ұлттық дәстүрлерді зерттеу және сақтау проблемалары .....	42
Kazaklarin etnik kültüründe ulusal gelenekleri öğrenme ve koruma sorunları .....	51
Құдасов Сейсенба, Ұлы даланың Оңтүстік Кавказдағы іздері .....	52
<i>Х.Ю. Миннегулов</i> , История изучения литературы Золотой Орды в Татарстане .....	54
<i>Гатин Марат Салаватович</i> , Золотая орда в трудах бертольда шпулера .....	70
Prof. Dr. Cengiz Tomar, Büyük bozkirin yedi unsuru ve bozkir kültürü .....	77
<i>Насриддин Назаров</i> , Шимолий афғонистондаги этник жараёнлар ва Қипчоқ даласи .....	80
<i>Мусаев Сыртбай Жолдошович</i> , Академик В.К. Шоттун «Чыныгы кыргыздар жөнүндө» (1865) деген эмгегиндеги кыргыздардын тарыхы, тили тууралуу маалыматтар .....	85
<i>Оразбек Нұсқабаев</i> , Еуропадағы хұн қағанаты. Аттила. ....	99
<i>Жүнісбаев Ұлықбек</i> , Бустан ул-мухиббин - Ясауи мәдениетіндегі құнды, маңызды шығармалардың бірі .....	111
<i>Кошенова Тоты</i> , Малтабарова Нұрсәуле, Ұлы дала тағдыры және қазақы болмыстың дағдарысы .....	123
<i>Кошенова Тоты</i> , <i>Есенқараева Жанар</i> , «Ақын прозасы» және Абайдың кара сөздері .....	135
<i>Ж.Е.Айтжанова</i> , <i>Г.Е.Базарбай</i> , Ұлы даланың бірінші қыры: Атқа міну. Жылқы және қымыз терапиясының маңызы .....	146
<i>Б.И.Шәмші</i> , <i>Г.А.Бердешева</i> , <i>А.М.Баспақова</i> , Атқа міну мәдениеті және көшпенділер гигиенасы .....	157

**«ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ:  
ҰЛТТЫҚ ТАРИХ УАҚЫТЫ  
(ҰЛЫ ДАЛА ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ)»  
АТТЫ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯ  
ЖИНАҒЫ**

**«СЕМЬ ГРАНЕЙ ВЕЛИКОЙ  
СТЕПИ: ВРЕМЯ НАЦИОНАЛЬНОЙ  
ИСТОРИИ»  
(«ЦЕННОСТИ НАРОДОВ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ»)**

**THE SCIENTIFIC AND PRACTICAL  
CONFERENCE DEVOTED TO THE  
«SEVEN FACETS OF THE GREAT  
STEPPE: NATIONAL HISTORY TIME  
(THE VALUES OF THE GREAT STEPPE PEOPLES)»**

Теруге 27.11.2019 жылы жіберілді.  
Басуға 07.12.2019 жылы қол қойылды.  
Пішімі 60x90  $\frac{1}{16}$  Шартты баспа табағы 17,5.  
Таралымы 500 дана.